

А 2008

5459

Жолдасбек Смаилов



ҚАРАКЕСЕК  
ШАНШАР АБЫЗ  
ӘУЛЕТІ














**Жолдасбек Смаилов**



**ҚАРАКЕСЕК  
ШАНШАР АБЫЗ  
ӘУЛЕТІ**

**Алматы – 2008**



**Смаилов Ж.**

**С 52 Қаракесек Шаншар (абыз) әулетінің шежіресі. – Алматы: 2007. – 424 б.**

**ISBN 9965-702-65-9**

Жолдасбек Бекмағамбетұлының «Қаракесек Шаншар (абыз) әулетінің шежіресі» атты еңбегі – соңғы отыз жылдық ізденістің жемісі.

Бұл шығарманың негізгі өзегі болған (жіберілген кемшіліктеріне карамастан) Иемберген Омаровтың «Арғын руының қысқаша шежіресі» атты кітапшасы.

Ұсынып отырған еңбекте Шаншар абыздың Қызданбике, Айбике, Нұрбикеден өрбіген ұрпақтарының осыдан бұрын баспасөз бетінде жарияланбаған көптеген есімдері аталып, мәліметтер берілген. Арғын тайпасының қысқаша шежіресі де қамтылған.

Шығармада әлі де болса кемшіліктер, жорамалдар, кейбір қате жазылған есімдер мен сілтемелер болуы мүмкін. Сондықтан, автор мұнда жоқ қосымша толықтырулар болса оқырман қауым өз пікірлерін айтып, арғын Қаракесек Шаншар әулетінің шежіресін толықтыра түсер деген ниетте.

**ББК 63.2**

**ISBN 9965-702-65-9**

**© Смаилов Ж., 2008**



Осы еңбегімді ардақты әкем Бекма-  
гамбет Смайылұлы мен аяулы анам Жұ-  
мабике Әбділдәқызының аруақтарына  
бағыштаймын.

*Автор.*

Ұрпақ пен ұрпақ жалғасын тізіп жеткізген  
Шежіре, шіркін, ізісің біздің халықтың.  
Үзіліп белің, «көсемдер» күшпен жүргізген  
Саясат жаншып, зынданға түсіп зарықтың.

Атаның салтын, әженің нәзік ақылын  
Ұға алмадық, шығарып естен болдық ез.  
Әулетті айтсаң ұрпағы байдың саналдың,  
Күрмеліп ой, тіл, айта алмадық артық сөз.

Атаның атын құрметпен айтар күн келіп,  
Еркіндік тиіп, бостандық алды ой-өріс.  
Егемен болған еліңе тағзым-тәу етіп,  
Дәстүрін елдің ардақтап қолдау кәделі іс.

Басыңды иіп, жүреkte сақта тегінді,  
Ұрпаққа үйрет дәстүрін елдің сен-дағы.  
Заманға сай боп, босатпа, ұста тізгінді.  
Өнер мен білім бақыттың кәусар бұлағы.



## АЛҒЫ СӨЗ

Алтайдан Атырауға, Оралдан Алатауға дейінгі жазық та қырқалы, орманды-нулы, бұлақты да көлді осыншама ұлан байтақ аймақ қазақ жері, қазақ елі деп аталады. Қазақ халқы көптеген рулардан, тайпалардан біріксе де, «атамыз алыс болған мен, жамиғи қазақ бір туған» деп ақын айтпақшы, тілі бір, діні бір халық.

Бір анадан туған, бір емшектің сүтімен қоректенген балалардың да арасында кейбір кезде кикілжің, араздық болып тұрмай ма... Сол сияқты ру мен ру, ата мен атаның араларында да түсінбестік, мал мен жерге таласу, бәсекелестік болған ғой. Бірақ, қазақ – әділ сөзді құрметтеген, сөзге тоқтаған халық, билердің кескен билігін екі етпеген, орындаған халық. Ал, жау келе қалса жұдырық болып жұмылып, елін, жерін қорғаған. Бұл іске ұлдарымыз түгіл, қыздарымыз да қолдарына қару алып, атқа қонып араласқан – тегі батыр халық.

Денсаулықтың зор болуына, адамның қайратты, күшті болуына қанның тазалығы тікелей әсер ететінін қазіргі заманның ғылымы дәлелдеп отыр.

Осы тұрғыдан алғанда қанның тазалығын сақтау мақсатында ағайынды адамдар жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеген. Сондықтан да әрбір қазақ азаматы руын, жеті атасын білуі тиіс. «Руды білу керек, бірақ рушыл болмау керек» деген бабаларымыздың қасиетті сөзі бар.

Шыққан тегімізден хабардар болу халқымызды туысқандыққа, бауырмалдыққа, ағайын арасында сыпайылыққа тәрбиелеуі тиіс. Ата тегімізді тарату, жұртымызды рушылдыққа, жікшілдікке бағыттамауы керек. Қайта, жеті атаға дейінгі өзінің шыққан тегін біліп, осы тұстағы қандастарының арасында неке қиылып, шаңырақ құруына тыйым салыну – қазақ халқына ғана тән дәстүр. Бұл қанның тазалығынан ұрпақтың денінің сау, ар-ұжданының таза болуын қамтамасыз етудің бірден-бір шарты. Шежіре таратуды қазақ халқы әу бастан осы ниетпен өрбіткен деп білеміз.



Кеңес заманында, әсіресе жиырмамыншы ғасырдың отызыншы жылдарындағы ауыр нәубет кезінде, елін, жерін тастап ауа көшкен ағайын шет ауып, туған-туыстан қол үзіп қалған жоқ па. Шежіре білетін көне қариялар о дүниелік болып, жастар бұл мәселеге көп көңіл аудара қоймады. Осы себептермен туысқан екенін білмеген азаматтар жақын қандастарына үйленген жағдайлар кездесті ғой ... Біздердің 18-19 ғасырлардағы ата-тегіміз ұмытыла бастады. Кейінгі жастар арасында тек атасы мен әкесін білетіндер баршылық.

Белгілі басылымдарда кейінгі ұрпақтар жайында мәлімет кемде-кем болды. Мысалы, 1991 жылы Қарағанды қаласының «Дом печати» деп аталатын баспасынан шыққан И. Омаровтың «Арғынның қысқаша шежіресі» (1) атты кітапшасында біздің төртінші-бесінші аталарымыздың аты аталмайды. Ал 1995 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген М. Сәрсекеевтің «Таракты және Қаракесек шежіресі» (2) атты кітабының 87-бетінде «Шитен Бектемірұлының ұрпағын тарата алмадық делінген». Мен Шитеннің 5-ұрпағымын, жасым 70-тен асты. Уақытында көне қариялардан алған бар деректерді «Қазақ батырлары» атты газеттің 2004 жылғы 8 және 9-сандарында жарияладық. Осы мақалаларда оқырман қауымға арнап төмендегідей ой тастаған едік:

«Осыдан біраз уақыт бұрын Шитеннің ұрпағын өз білгенімше таратқан қолжазбамды қарап шыққан қариялар Бертістің басқа ұрпағынан да қолда бар мәліметтерді енгізуді ұсынды. Олар жастары сексеннен асқан Барнауылда тұратын Баелов Дүйсенбекұлы Кәріпбай, Аягөз қаласының ардагерлер алқасының төрағасы Рысбергенов Молбосынұлы Боранбай және Алматы қаласының тұрғындары: Ибраев Ахмадиұлы Ғаббас, Қайшыбаев Қайшыбайұлы Смағұл, Жақыпова Әбілқызы Мәрияш, Насреддин Иманғаземеддинұлы, олардың әрқайсысы осы өз әулетінен мағлұмат берді. Еспенбет Бертісұлы жайында мәлімет берген оның тікелей ұрпағы Нығыметолла Төкішұлының 1996 жылғы түсірген



қолжазбасын пайдаландық. Қадірменді оқырман бұл шежіренің катесін түзейік, кемшілігін білгенімізше толтырайық».

Қолымыздағы мағлұматтарды газет бетіне жариялаудағы мақсатымыз – олармен ел-жұртты таныстырып, жіберілген кателіктер мен кемшіліктерді түзетіп, толықтыру еді. Осы ойымыз орындалып біраз азаматтардан көлемді деректер алдық. Мысалы, Семей қаласынан Қабден Арынұлы Битен әулетін, Қабдолла Өмірханұлы Боранқұл ұрпағын таратып берді. Қолға түскен деректер сарапталып, «Қазақ батырлары» басылымының 2006 жылғы бесінші санында жарияланды.

Осы басылыммен танысқан біраз азаматтар өздеріндегі қолжазбаларын ұсынды. Бектемірдің Мөшекесінің ұрпағын таратқан Жүсіпбек Дәукейұлының қолжазбасын немересі Даниярдан алдық.

Бертіс ұрпақтарын таратуда елеулі мағлұматтар берген Егіндібұлақ ауданынан Хамит Зейноллаұлы. Семейлік Әбілғазы Жұмабайұлы мен Слямбек Хамзаұлы Нұрбике әулетіне, Қарағандылық Кәрім Әлбазарұлы Айбике әулетіне арналған мәліметтер берді.

Тұрлыбек ұрпағы Рымбек Ильяш ұлының өз әулетін жазған бір бет қағазын ұсынған Жанпейісов Құсайын, Жоламанның Қойсоймасының тегін таратқан әкесінің қолжазбасын Сәуле Айдаратқызы ұсынды.

Бұл туындының жарық көруіне Әбілпан Қабдолла, Сәрсенбеков Жайлаубай, Сәуле Хамитқызы, Махмет Бекшин, тағы басқа азаматтар көмек көрсетті. Барлығына шын ықыласымызды білдіріп, рахметімізді айтамыз. Сонымен көп жылдар бойы жиналған мәліметтер сұрыпталып, «Шаншар абыз әулетінің шежіресі» деген атпен ұсынылып отыр.



## Ізденіс

Біздің отбасымыз Өскемен қаласынан жұмыс бабымен Алматыға 1974 жылы көшкен еді. Үй алып жайланған соң, бір демалысымда өзім өсіп-ержеткен Аягөз қаласына бардым. Әкем Бекмағамбеттің апасы Рабиғаның (кәрі апа деп атаушы едім) төртінші ұлы Сыздықтың үйіне түстім. Сыздекең әкемді де, мені де «нағашы» деп атаушы еді, ылғи да күліп сөйлейтін.

Қырық жыл оқу-ағарту саласында абройлы еңбек етіп, зейнетке шыққан соң, дін жолына түскен, шешендік сөздің майталманы, ескі әңгімеге қанық, өткір тілді Даирбай ақсақалды бәйбішесімен Сыздықтың үйіне қонаққа шақырдық. Екі ақсақал өткен-кеткенді, елдегі әңгімелерді еске түсіріп, мәз болысып отырды. Мен әңгімеге араласпай отырмын. Әлден уақыттан кейін, Даирбай ақсақал қолына алған қойдың басын мүжігенін тоқтатып, маған бұрылды да: «Сең, бала, бізді бұл үйге қонақ болуға неге шақырып отырсың?» – дегені бар емес пе. Мен бұл сұраққа жауабым бар екенін білгізіп: «Аға, мен үйленгенде Аягөзден келініңіз Қамарияның әке-шешесі Гаппар Рахымжанұлы, Қадиша Әшетқызы тұратын Жалғызтөбе станциясына құда түсуге барған топты сіз басқарып едіңіз. Ол кезде мен студент едім, сізге сый-құрмет көрсете алмадым. Арада біраз уақыт өтсе де, сол кемшілігімді жөндеп, сізге рахметімді айтайын деген ойым ғой», – дедім. «Бәсе, текті жерден шыққаныңды білемін ғой», – деп, езу тартып жан-жағына күлімсіреп қарады Дәкең. Осы сәтті пайдаланып мен: «Аға, рұқсат етсеңіз енді бір өтінішім бар еді» дедім. Дәм үстінде ырза болып отырған Дәкең: «Айта ғой, шырағым », – деп езу тартты: «Сізде біздің бабаларымыздың шежіресі бар деп естідім, маған соны оқуға беріңізші», – дедім.

«Жоқ, бермеймін». Аспаннан жай түскендей болды.

Дастархан басында отырған Сыздекең де, ол кісінің зайыбы Дина жеңгеміз де, қызы Күлкен де, мен де үнсіз қалдық.

Сәлден соң Дәкең: «Осыдан біраз уақыт бұрын бір журналист келіп, жазушымын, жарыққа шығарамын деп шежірені алды да, үшті-килы жоқ болды. Алдап кетті ол», – деді қабағын түйіп.

Біз де әлі үнсізбіз. Біруақытта Даирбай ақсақал: «Қарағым, біраздан кейін соғып кетші, өз жағыңды жазып берейін», – деді. Көңіліміз жадырап, әңгіме-дүкен қайта басталып кетті. Шама-сы үш-төрт айдан соң Аягөз қаласына барсам, Даирбай ақсақал бақиға аттанып кетіпті, иманды болғыр.

Әкем Смайылұлы Бекмағамбеттен де, шешем Жұмабике Әбділдәқызынан да, әкемнің ағасы Айтмағамбеттің бәйбішесі Ағын Байуақ қызынан да (ол кісіні мен «әже» деуші едім) аталарымыз кім, нағашыларымыз кім деп сұрамаппыз ғой. Жас келген соң қайдан шыққаныңды, тегінді білгің келеді екен. Сондықтан сол жылдардан бастап іздене бастадым. Ағаларымыз Сембай мен Кәріпбай Дүйсенбекұлдарынан біраз дерек алдым. Одан соң 1991 жылы И.Омаровтың «Арғынның қысқаша шежіресі» қолға тиді. Жіберілген кемшіліктеріне қарамастан осы еңбек өмірден озған бабаларымыздың ұрпақтарына көңіл бөлуге әсер етті.

Там-тұмдап жиналып қолға түскен деректерді 2004 жылы «Қазақ батырлары» газетінде жариялағанымды жоғарыда айттым. Кемшілігі болса толықтырайық дедім. Біраз өңделген деректерді 2006 жылы тағы сол газет бетінде жарияладым. Танитын адамдар арқылы әр әулеттің азаматтарымен хабарласып, сұхбаттастым. Қолыма біраз деректер жиналды. Енді міне, қадірменді оқырман қауым, сіздерге жеткізу мақсатымен осы еңбекті жариялауға ниет еттім. Әлі де болса кемшіліктерін толықтырып, қате жерлері болса түзетулеріңізді сұраймыз. Сонымен жоғарыда айтылған екі басылымда да (1,2) біздің бесінші, алтыншы аталарымыздың аты ғана берілген, ұрпақтарының есімдері жоқ.

Кәріпбай мен Сембай ағалардың мәліметтері аздық етті. Баяғыдай атамекенде отырған ел жоқтың қасы. Көпшілік сонау өткен ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдарындағы аштықтан қашып, әртарапқа кеткен, әулеттің тоз-тозы шыққан. Өкінішке орай, осы нәубет Голощекиннің «арсыз» саясатының арқасында болған көрінеді.



Біздің елде кедей қазақ болмаған, ең кемінде 5-6 жылқы, ондаған ірі кара мал, жүздеген ешкі мен қой болған сияқты. Кезінде, он-онбес мың жылқы біткен ірі байлар да болыпты. Коллективтендіру саясатымен елдің малын тартып алып, тікенек сыммен қоршалған алаңда жемсіз, сусыз ұстап, қырған. Ал адамдар малдан айырылып, аштыққа ұшыраған. Сондықтан шығыс жаққа, Семей қаласына қаша бастаған, одан әрі Сібір, Кузбас, Оңтүстік аймақтарға, шет елдерге бет бұрған. Сол жерлерде тұрақтап, күн көру қамын жасаған. Заман тынышталған соң біраз жұрт еліне қайтты, барған жерлерінде тұрып қалғандар да бар.

Кәріппай ағамыздың отбасы әлі күнге дейін Ресейдің Барнауыл қаласында тұрады. Ағай 2005 жылы 81 жасында Алматыда болып қайтты. Сол жолы әңгіме арасында:

«Елден қай жылы, қандай жағдайда кеттіңіз» деген сұрағыма төмендегідей жауап берді:

«Мен бес жаста едім. Біздің ауыл Шалқар тауының етегінде еді. Айналасы өскен тал, аққан бұлақ, ауылдың солтүстік жағында көл. Жаз айында көк майса қалың шөл, неше түрлі хош иісті гүлдер. Өкімет малды түгел тартып алды, алтын іздеген болып, қой қораға дейін тінтті. Малды алған соң әкем марқұм Семейге бізден бұрынырақ кетті. Қалай қалып қойғанын мен білмеймін, біздің үйде құлынды бие мен мәстек бар екен. Әкемнің інісі Жексенбек ағам ауру еді, «мен қала тұрайын, сендер мәстекпен түнде кетіп қалыңдар» деді. Содан Жексенбекті көрген емеспіз. Кәрімбай және Сейітқали атты балалары да бар еді, олардың да қайда екенін білмедік. Молдабай ағамыз Қырғызға ма, Түркіменге ме жер аударылып кетіп, Алейскіге келіп, сонда қайтыс болғанға ұқсайды.

Біздер Семейден Кемер қаласына, одан Тайга, Юрго станцияларына, леспромхозға бардық, әйтеуір, күн көрістің қамы.

Сәлімжан ағамыз 1936 жылы Новосібірге көшіріп әкелді. Ойыңда ма, Жолдасбек, Сембай екеуміз сені тербетуші едік қой» – деп Кәріпбай аға езу тартып жымиды да, әрі қарай: «Осылай біздің әулет тоз-тозы шықты ғой» – деп күрсініп қойды.

Менің әке-шешем 1939 жылы елге Аягөз қаласына келіп орналасты. Осы жерде сүйікті ата-анама арнап жазған «Өмір жолы» атты өлеңімді келтіргім келеді.

## Өмір жолы

Халқымыздың әдетінше бізге жеткен баяғы –  
Төрімде тұр ілулі әкемнің аса таяғы.  
Қолға алсам, ойға батам, түсіп еске әрбір жай –  
Тіршілігі, өмір жолы, салт-санасы, тұрағы.

Ата-ана болса-дағы белгілі өз елінде,  
Бұйырмады шаттық өмір, құйын соқты төрінде.  
Қысым көріп айырылды мал-мүлкінен бір сәтте,  
Ауа көшті тұра алмай атамекен жерінде.

Қырылыпты халқым менің табылмай еш дауасы,  
Осы кезде тұрақ бопты Новосібір қаласы.  
Мың тоғыз жүз отыз бестің қаңтарында аязды  
Туған екен Бегім қарттың соңғы кенже баласы.

Терін төгіп, еңбек етіп, отырмапты көсіле,  
Елу бірде әке жасы, шеше отыз жетіде.  
Өзге бала шейіт болып кеткеннен соң бел асып,  
Аймалапты, өсіріпті жолатпай жел өтіне.

Кәдімгідей желе жортып жылдар өтіп барады,  
Қалың тұман ішінен ол сығырайып қарады –  
Көрінбейді, алыста ғой туған-өскен даласы,  
Құйқылжиды көңіл шіркін, қалай, қайтін барады.

Маяжоны, Майлықара, Шалқар менен Дегелең,  
Сай-саласы нуға толы, қалың тал мен жас емен.



Сылдыр қаққан мөлдір бұлақ, шалқып жатқан көл суы,  
Аң, құстары үн қосады ескен самал желменен.

Шаншар, Бертіс, Бектемір мен Қаздауысты Қазыбек,  
Сыйынатын аруағына бабаларым осы деп.  
Әрбір кезде ойына алса желеп-жебеп жүргендей,  
Көтеріліп көңіл шіркін самал есер, салқын леп.

Мың тоғыз жүз отыз тоғыз жылының жаз айында  
Қайтып елге, орналасты темір жолдың бойына.  
Туған-туыс, құда-жекжат шоғырланып жиналған  
Аяғез бір темірқазық Битен таудың ойында.

Елге аман жеткізген соң жас баласын өрімдей,  
Еңбек етті, қайраттанып күні-түні ерінбей.  
Абайсызда қызған темір бетіне дақ түсірді,  
Пәле-жала келеді екен алдын ала көрінбей.

Тұтқиылдан жау тиісіп, басына ауыр іс түскен,  
Қиын-қыстау заман еді фашистермен күрескен.  
Бір үзім нан тәулігіне карточкамен берілсе,  
Оның өзін алатынбыз өшіретпен тірескен.

Осындай бір қиын заман елімізге келгенде,  
Қайғы-қасірет, қиыншылық басымызға төнгенде  
Үлкен-кіші қатуланып жұдырықтай жұмылып,  
Бүкіл әлем ырза болды біздер жауды жеңгенде.

Осыдан соң он үш жылдай өтіпті ғой арқырап,  
Енді рахат көремін деп жүргенінде аяңдап.  
Бекмағамбет әкем менен Жұмабике анамның  
Тіршілігі, денсаулығы төмендепті баяулап.

Еңбек ет деп бізді тартты шығыс жақтың тау-кені,  
Қуантады ата-ананың бұл өңірге келгені.  
Бірақта ұзақ көре алмады еңбек жолын ұлының,  
Өкінішті ұзамай-ақ бұл жалғаннан өткені.

Бұл әлемнің жарығын балаға нұр ғып сыйлаған,  
Ата-анаға қарызын өтей алмас ешбір жан.  
Қиындықты көп көріп оздыңдар бұл жалғаннан,  
Кәміл болсын иманың аға-жан-ау, апа-жан!..

Қастерленді біздің елде жеті ата жұрнағы,  
Бақыты мен бар байлығы артындағы ұрпағы.  
Ойда болсын осы жайлар, үзілмесін ешқашан,  
Бабалардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі баяғы.

Міне, біздің әулет осылай Голощекиннің геноциттік саясатына байланысты елден де, жерден де айырылған түрі бар. Кейінгі ұрпақ бағасын бере жатар. Оның үстіне 1949 жылы басталған атом қару-жарағын сынау алаңына айналған жерге ел қайтып бара алмады. Сондықтан да біздің әулеттің шежіресін жинап жазу оңайға түспеді.



## Шежіре жайында

Ерте заманда Шыңғыс ханның ата-бабасының, туыстары мен ұрпақтарының туған және қайтқан жылдары, атқарған жақсы істері мен өмірінде жіберген қателіктерін баяндайтын шығармалар жазып қалдыру әдетке айналған екен.

Осы ұрпақтан өрбіген, 1603 жылы туған Әбілғазы Араб Мұхаммедхан отбасында дүниеге келген.

Әбілғазы 1663 жылы «Түрік шежіресі» (3) атты кітап жаза бастайды. Бұл еңбектің қолжазбасы «XVIII»-ғасырдың басында Тобыл қаласында тұтқында болған швед офицерлерінің қолына түсіп, орысшаға аударылады. Одан швед Шенстрем неміс тіліне аударады, 1780 жылы жарық көреді. Ал француз тілінде 1726 жылы кітап болып басылып шықты деген дерек бар. Сонымен Әбілғазының түрік шежіресі XVIII ғасырда дүниежүзіне танымал болды.

Қазақ халқында ауызекі шежіре көне заманнан келе жатыр десек артық болмас. Алайда кітап болып басылып шығу 1911 жылдан басталған тәрізді. Сол жылы Орынбор және Қазан қалаларында Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (4,5) атты еңбегі жарық көрді. Осыдан кейін М.Тынышпаевтың «Материалы к истории киргиз-казахского народа» (6) атты лекциялары Ташкент қаласында 1923 жылы басылып шықты. Ескі заманның білгірі Мәшһүр Жүсіп атамыз қазақ халқының шежіресін әжептәуір қамтыған (7).

Кеңес заманында шежіре жазып, кітап шығаруға тыйым салынғандай болды. Тек егемендік алған соң, өткен ғасырдың 90 жылдарында ғана жоғарыда айтылған еңбектер (1,2) қолға тиді. Әр рудың зиялы азаматтары ізденіс жасап, ата-бабаларының шежіресін жаза бастады. «Ана тілі» газеті 1992 жылы қазақ руларының шежіресінің бірсыпыра кестелерін берді. Газет-журналдарда бұл тақырыпты қамтитын мақалалар басыла бастады, түрлі еңбектер кітап болып жарық көрді.

3. Сәдібековтың «Қазақ шежіресі» (8) атты еңбегі 1994 жылы Ташкент қаласында басылып шықты. Ахметбек Әрінұлының «Атақоныс-Арқадағы, Шежірелі Қарқаралы» (9) деп аталатын шығармасы 2003 жылы Алматы қаласында «Дәуір» баспасынан шықты. «Арғын Мейрам шежіресі» (10) – деп аталған Өкпенің Кәрімтайының кітабы 2001 жылы Павлодар қаласында, Арапбек Шәкеновтың «Аманат немесе Арғын Қаракесек шежіресі» (11) 2006 жылы Новосібір қаласында басылды (соңғы кітап жайында жеке сөз болмақ).

Өкінішке орай, жарық көрген еңбектерде қарама-қайшы пікірлер кездеседі. Сондықтан біз М. Көпейевтің жазғандарын құптағымыз келеді. Себебі, ол атамыз шежірені 1927-1928 жылдары халқымыздың тарихынан, шежіресінен хабардар ақсақалдар бар кезде жазған. «Есігіңнің алдында төбе болса, ертеулі атпен тең, ауылыңда ақылды қарт болса, жазылған хатпен тең» деген ғой бабаларымыз.

Атамыздың «Қазақ шежіресі» (7) атты кітабынан бірнеше мақаланы сол күйінде осы кітапқа кіргізуді жөн көрдік.

### *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы*

#### *Қазақ шежіресі*

*Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқу керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауызға айтып, үлгі-өсиет қалдырған.*



Біздің қазақта шежірені басқа жұрттан ақтарып, таптырып алған кім екендігін сөйлейік! Қазақ қазақ болғанда бұл қазақта қажыға ілкі бастап барған уақ Нүркен бай. Тоқал қатынымен барып, төрт жыл жолаушылықпен жүріп, бесінші жылда қайтып, аман-есен еліне-жұртына келген.

Сол Нүркеннен соң екінші қажыға барушы күлік Самай сопы мен Баянауыл дуан болып, ашылған кезде, ноғай Байжан хазіреті екеуі болған, екеуі де сол жақта өлген. Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Мың сегіз жүз елу сегізінші жыл болса керек. Осы сөзді жазып отырған Мәшһүр Жүсіп дәл сол жылы туған бала. Осы күнде жетпіс жаста отыр.

Бұл қазақтан үшінші хажыға барушылар тобықты Құнанбай, айдабол Қишыл Қыстаубай Ақмоладан, Аққұм-Қосқопадан Шекшек қажы, Атбасар Егізек, Жанайдар. Есіл бойындағы құлан қыпшақтан Шонтыбай, Батырқожа молда балалары, Сілеті бойындағы қыпшақтан Құрман баласы Қасен қажы, Мәмбет тоқалдан Ұзынсазан ұрнағы Мұхамет салық қажы. Өр Алтайынан Алдажұман немересі Ешмұхамбет қажы, Ертіс бойындағы Апайбөріден Құдияр қажы, Көкшетаулық атығайдан Қожахмет қажы. Егізек Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа қажы, Қишыл Қыстаубаймен бірге барған Жәмекқожа, Байзолда ишан, бұларды қалдырмай жазып жатқаным, тірі қайтып келгендерінің бірсыпырасымен ауызба-ауыз сөйлесіп, мән-жайына әбден анық болғандығымды түсіндіру үшін. Орта жүзден жиырма кісі болыпты. Кіші жүзден табандаған жүз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халфе бар дейді.

Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып, қажыға бармаған екен. Жүз жиырма кісі болып, арасын айырмай тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және өздері де көзге түсерлік әр таптың қасқа-жайсаңы болғандықтан көргендер таңырқарлық болыпты. Қазақ байғұстың салпыған тұмағының құлағын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын көрген соң, қызығып, сұқтана бастайды ғой.

Ноғай өкілі мен сарт өкілі таласыпты. Ноғай өкілі бұлар маскүптік, мен де маскүп кісісімін деп. Сарт дәлелі бұлар Бұқар тіл, мен де Бұқар тіл кісісімін деп. Мекке бастығын шәріп, Мәдине бастығын шайхы дейді екен. Екі Шәріптің шәріптері, шайхылары бас қосып, алдарына алдырып сұрапты:

– Сіздер маскүпсіздер ме, жоқ Бұқар тілсіздер ме деп. Сонда хажсы басы Құнанбай екен, ол кісі сөйлепті:

– Біз маскүп-саскүбіңді білмейміз, Бұқар тіл, сұңқар тіліңді де білмейміз. Тіріміздің билігі «алдияр» ұранды төреде, өліміздің билігі «алла» ұранды қожасада. Қазақ деген жұрт болады екен-ау деп аң-таң қалысыпты. Тарих, шежіре қаратып, таба алмапты. Бір буырыл бас сөйлепті:

– Бұл тарих табылса Бағдат шәріпте. Имам ағзам кітапханасы деген үй бар. Жау таламаған, ешқандай шашылып бытырамаған, табылса сонан табылады деген соң Бағдат шәріпке желмая мінгізіп, кісі жіберіпті. Барған кісілер:

– Табылды, қазақ деген жұрт Анас сахабадан өсіп-өніп өрбіген екен деп, нұсқа көшіріп алып келіпті. Сонан кейін бұл жүз жиырма кісі ортасынан расход шығарып: «қазақ тақиясы» деген тақия салдырып, ол үйді Құнанбай атына жаздырып, мұнан былай қазақтан келген қажсы осында түсетұғын болсын деп, қазақтың өзінен ие болып, бір шайхы тұратын болсын деген. Сонан былай қазақ та ел-жұрт екендігі, фұсырман екендігі әйгіленген.

Бұлардың қажсыға барған жылы, баяғы жұт қояннан бұрын, қаракиік жылы еді. Қишыл қажсы хажсыға кеткенде қатыны буаз қалып, ұл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебай тірі, елу үш жасқа аяқ басты. Баянауыл, Қызылтасу жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Тінике, Шолақ, Сілетіге кетіп, қара мал семіз, күйлі шығып, мал мен мұзды атанды деп, сол қыс жайында екiнiң бiрi, егiздiң сыңары бiлiп, сөйлеп отырушы едi. Бұл күнде алай-түлей, ұйқы-тұйқы аласапыран болып, бүтін естiнiң өзi де қалған жоқ. Жарыместiлер шала-шарпы бiлгенiнен айырлып қалды.

*Құнанбай қажының қажыға барған жылы 1874-інші жыл.*

*Өзінің өлгені 1888-інші жыл. 81 жасында, тауық жылы өлді. Бұл Меккедегі «тақия» әуел Құнанбай атына жазылған, арғын атында болғандықтан Орманишыдан барған Хасен шайх даулап алған. Онан кейін тоқал арғыннан барған Ешмұхамед даулап алған. Бұл күнде кіші жүз Досжан халфе атына жазылып қалыпты.*

*Қазақ көсемі Мәліктің әкесі аты Нәзір екен. Ерте заманда бұрынғы ата-бабаларымыз:*

*– Біз Ақкөсе сахабан екенбіз деп жүрді. Біреуден біреу естіп, айтулары бойынша пайғамбар дүниеден қайтқаннан кейін әзіреті Омар халфе күнінде жетпіс мың сахаба аттандырған екен. Ала-тау, Қаратауда «Мыстанкөз» деген кәпірдің жұрты бар. Соларды фұсырман қылмай қайтпаңдар деп, содан бытырап, бөлек-бөлек кетіп, төрт мың төрт жүз қырық төрт жыл жасаған Анақбар атанған сахаба Бұқараға жиырма төрт шақырым жерде шәйіт болыпты. Қайсысын тауысып сөйлейін, Ақкөсе, Имам, Бабыр, Құттықожя, Аққояндар, Қаратауда шәйіт болып, молалары Қаратауда бұл күнге шейін әлі жоғалмаған. Имам Бабыр Қарнақта. Ақкөсе Қарнаққа жақын бір сайда. Бұл күндегілер Домбы Ата деседі. Кәпірлер басын кескенде кесілген бас домалап Мекке Мединеге қашады. Көп ұзамай бір тесікке түсіп кетеді. Сол тесіктен су тасып шығып, кәпірлерді сел қаптап, су ағызып набыт қылады.*

*Сол бастың түсіп кеткен жері бұл күнге шейін тесік, зиарат қыла барғандар беліне арқан байлап түседі. Сол түскен кісінің атып шығуы қып-қызыл қиятас дейді. Су күннің батысына қарай ағып жүре берген. Жағалап жүре берсе, кісі жүре берерлік құрғақ жол дейді. Жарық сәуле жоқ, шаммен жүрмесе жүре алатұғын емес дейді. Жоғарғы жағының биіктігі кісі бойы дейді. Мұз болып қатқан сүңгір бар дейді. Қолмен біреуін алса, түбімен қопарылып қолға келеді дейді. Қойнына салып жер үстіне алып шығады, тас болып қатып қалады. Біреуден естіген сөз емес,*



көзбен көріп, қолмен ұстап айтқан сөз. Бұрынғы заманда бір диуана сол суға таяғын тастапты. Сол таяғын іздеп Меккеге барыпты, барса таяғы сондағы жандардың қолында жүр дейді. Замзам шәріптен алдық десіпті. Қырым жұртынікімін, осы Ақкөсе ұрнағы мен деп Ғабдолмұхамет деген бір семіз әпенде үстіне күмбез тұрғызды. Бұл жарты денесі дейді, жарты денесі суда қалған, ұят жерін жұрт көзінен жасыру үшін дейді. Өзіміз нандық, нанған үшін жазып отырмыз, аяқ жағы суағар, судың жолы, бұрынғы ата-бабаларымыз:

– Мынау Ақкөсе сахаба бабаңның моласы деген соң, бабамыз деп, біз соның үрім-бұтағымыз деп кеткені сол екен. Қазақ түбі Анастан екен деп, тобықты Құнанбай, кіші жүз Нұрпейіс хазірет айтып келген солар.

Біздің айтатұғынымыз естіген құлақтың жазығы жоқ. Басқа жұрттан шығып, тарих жазушылары қайдан шығып, қайда барып ұшырасарыңды білмейді. Анас пен Мәлік хазіреттері араб. Қазақ өзін арабтан шығарып, тугызып, пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді дейді. Мына мен, Мәшһүр Жүсіп Көпей баласы осы сөзді жазып отырмын! Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жаурын жағып, құмалақ салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан көрумен, кәрі құлақтан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындап, тыңдап айтып отырмын. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай тілінде «хазаг» деп жазылған, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған. Әуел басы Нұх пайғамбардан тарап бөлінгенде Жаппас деген баласынан түрік, онан түтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, онан мағол татардың мағолынан Қара хан, онан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі. Киіз туырлықты қазақ, уыз үйлі атанғандығы сондықтан.

Ол Уыз хан балаларына Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз деп ат қойған. Қазақ күні бұл күнге шейін сол аттардың ізімен келеді.

*Айдың басында туғанының Айбас, таң ата туса Таңатар, күн шыға туса Күншығар, түн ортасында туса Түнқатар, көлде туса Көлбай, тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, Күзекте туса Күзек Уыз ханнан қалған өрнек-үлгі.*

*Түріктен тоғыз атаға шейін хандығым үзілмей келді деп, киіт те тоғыз... құн да тоғыз, осы тоғыз-тоғыздан бөлетұғын жол-жоба сол Уыз ханнан қалған.*

*Бейіштің қақ төрінен тимесе де,  
Орын-морын тимей ме босағадан, –*

*деп баяғы Шәкір-Шәкірттегі кемпір-шал айтқандай. Бізге Күн, Ай, Жұлдызды қимаса да Көк, Тау, Теңізді көпсіне ме? Қазақтың бетімен жайылған қойдай емін-еркін, өз тізгіні өзінде жүрген күндерінде қатын керек болса, ноғайлықтардың қызын еріксіз, сұраусыз алып кете бергендіктен ноғай халқы қазақты бүгінгі күнге шейін жек көріп кеткені сол, ежелден атасының «асындай» болған.*

## Арғын тайпасы жайында

Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында кейбір азаматтар «Шыңғыс хан заманында арғын деген атау болмады, ол кезде аталған найман, жалайыр, керей, қыпшақ, тағы басқа рулардың ішінде арғын руының аты аталмады, бұл қайдан келген тайпа?» деген әңгіме таратты. Расында арғын руы қазақ халқының негізін қалайтын рулардың бірі болып саналады. Мысалы, Мұқамеджан Тынышпайұлының жүргізген есебі бойынша 1917 жылы елімізде 4,980 млн. қазақтар болған. Олардың 890 мыңы арғын руларына жатады (Қарқаралы уезінде 190 мың, Павлодар – 150, Ақмола – 150, Көкшетау – 90, Атбасар – 70, Петропавл – 60, Торғай – 50, Семей – 50, Алтай – 30, Омбы – 20, Қостанай – 20, Әулиеата – 10 мың адам).

М. Тынышпаев (6) өзінің еңбегінде Ресей ғалымы Аристовқа сілтеме жасап, қытайдың жазбаларында біздің дәуіріміздің V ғасырында «алунь» және «бай-егу» деген халықтар жайында айтады. Қытай халқының «Р» әріпін айта алмайтынын еске алатырып, «түрік» атауын қытайлықтар «тукну» дейтінін келтірген. Европа ғалымдары бұл жағдайға көңіл аудармай «тукну» деген сөзді түріктің бір руы деп ойлаған.

Тынышпаев әрі қарай «бай» деген сөз қытай тілінде «ұлы» деген мағына береді, ендеше «алунь» деген сөзді «арунь» немесе «аргунь», ал «бай-елу» – «улуг-аргунь» деуге болады дейді. Тынышпаев жер шарының әр түкпірінде «арғын» атауымен аталған өзендер мен көлдер, жоталар, әр түрлі атаулар кездесетінін айта келіп, арғындардың 5-7 ғасырларда өмір сүргеніне дау айтуға болмас дейді.

Шәкәрім қажы да еңбектерінде (4,5) «арғы арғын, бергі арғын» деген ұғым келтірген. Осы тұрғыдан қарағанда біздер әңгіме етіп отырған арғын «бергі арғын» болар деп ойлаймыз 15-16 ғасырлар шамасы. Үлкен аталарының есімін балаларына ырым етіп қою



халқымыздың рәсімінде кездесе беретін жәйт қой. Мысалы, осы еңбекте Шаншар, Бертіс, Қазыбек деген аттар кездеседі.

«Арғы арғын» ғасырлар керуенінің қалың жыңғылында қалған аталардың есімін жаңғырту біздің қолымыздан келер емес. Оларға әртүрлі атау беру тарихқа қиянат болар. Сондықтан М.Ж. Көпейевтің еңбегіне жүгінейік.  
(кестелер № А, Б).

## **Орта жүз тарихы**


*Жанарыстың екі қатыны болыпты. Бірде-бірінің бұшапты қанамай, бізге күн көру қайда, жас иісті баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожса кез келіп, қона қалыпты:*


*Ой, құдай-ай!  
Берді зой бала беретұғын,  
Әулиелер келді зой.  
Сыйынбасам маған серт,  
Қолдамасаң саған серт,  
Сарт болсаң садағам кет, –*

*деп алтауына алты қой сойыпты. Кір-қоңдарыңды жудыр, аттарыңды тынықтыр. Осы қойлардың етін жеп тауыспай жібермеймін деп. Сонда қожсалар мұның шын құлап, ықылас қылған пейіліне риза болып, осы алтауымыз да атымызды бердік, алты ұлға ата болсын деп баталарын беріпті. Аттары Қарақожса, Аққожса, Ақтамбердіқожса, Дарақожса, Есімқұлқожса, Қасымқожса.*

*Сонан соң қатындары буаз бола бастап, бәйбішеден төртеу, тоқалдан екеу туыпты. Алтауына алты қожсаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожса, Аққожса, Ақтамбердіқожса, Дарақожса. Қарақожсадан арғын, Аққожсадан найман, Ақтамберді қожсадан қыпшақ, Дарақожсадан қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлқожса, Қасымқожсаның біреуінен – керей, біреуінен – уақ.*

Кесте А







*Естіген құлақтың жазығы жоқ, арғын апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, еркек бала тауып, бұл қалай деушіге дәнеме дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан баланың аты Тарақты қойылып, төре жоқта тарақты төре болуға жарайды деген де сөз бар. Қыздан туғанның қиығы жоқ деп арғын балаларына тарақты нөқта азасы болған, – деседі. Орта жүз тарақтымен қосылып жеті арыс ел аталған.*

*Арғынның бәйбішесінің аты Аргүл бәйбіше. Мұнан Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған, Қотаннан Мейрамсопы:*

*Сұрасаң арғы атамды ер Қотанды,  
Сұлтанбек Әзіден ол бата алады.  
Мейрамұлы Қарашаи бір қыз туып,  
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды.*

*Уақ Жарқын би Көтеш ақыннан сұраған екен: «Бұл ақындық ата-бабаңызда бар ма еді, нағашы тегіңізде бар ма еді» деп. Сонда Көтеш ақын айтыпты деген сөз бар:*

*Қазақта арғын аға болған зерек,  
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.  
Біздердің түп атамыз ақын Қотан,  
Өзгеден өлеңге үстін болса керек.*

*Осындай сөздерден біздің Қотан деген бабаларымыз болғанын білеміз. Бұқарекең айтыпты деген бір сөз бар:*

*Бәрімізді сұрасаң,  
Қотанбайдың баласы,  
Арғындардың сабасы.  
Қарақожа бас болып,  
Қабыл да болған дуасы.*

*Арғын тоқалының аты Момын. Бұл Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан толыбай ұранды Қанжығалы, маябоз ұранды тобықты. Қарасопыдан*

қарақай ұранды қарауыл, барлыбай ұранды бәсентиін! Сарысопыдан ошбай ұранды атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт, Арықсопы, Нәдірсопыдан ұрымбұтақ – жұрағат жоқ.

Арғын бабамыз жүз алты жасында бір тоқал алған, аты Айнакөз. Онан туған баланың атын Таңбысопы қойған.

Таңбысопыдан Үсенбай, Елемес, Елеместен Ериман, бұл Ериманнан Шағыр, Бөлтірік. Шағырдан Ақай, Жолдыбай, Тағышы, Аманжол, Сомжүрек! Аманжолдан Көшей, Көшейден Шақшақ батыр, Шақшаққұлы Қошқар, Қошқарұлы Жәнібек батыр, Әз Жәнібек аталған, мойыны бұрылмайтын, беті қайтпайтұғын жан болыпты. Әз Жәнібектен Дәуітбай, мұнан туған Мұса батыр, мұнан кейінгілер Бірімжан, Қазыбек, Бірімжаннан Қорғанбек, Дәуренбек, Қорғанбектен Ғазымбек. Шағыр Бөлтіріктің Бөлтірігінен Сырлыбай, Сары.

Елемеспен туысқан Үсенбайдан Қарамерген, мұнан Байтажы (ауыл тілінде әңгіме болған Байтажының есепшісі-ай деген осы Байтажы екен).

Ақташы, бұғышы, байташы, тағышы, саржсетім, шақшақ десе білмейтін жан жоқ. Қараман, төлек, қырықмылтық дегендер де бар.

Тоқал арғын деп сөйленеді. Орынбор жақта алты болыстан асатұғын шығар. Біздікі ұзынқұлақтан естіген сөз, кемкетік, қалған-құтқанын Майқы би аталған, Аққажсақ пен Нақаж аталған ағаларын өсірмесе өшірмес, далада жүріп тебісетұғын кері кеткеннің саяғы емес едік.

Тоқал арғыннан екі Жәнібек шыққан, бірі Шақшақ Жәнібек, бірі қара батуан Жәнібек.

## Мейрам тарауы

Мейрам сопының қайны алышын Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрфая екен. Өзін қыс ішінде ұзатыпты. Нұрфаяның өз шешесі өліп қалған екен. Бикешке шешесінің жоқтығын

білдірмеймін деп Нұрфаяның ағасының қатыны – жеңгесі ертіпті. Түйенің басын жетектеуге бір жетім ертіпті. Көш ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел түзге отырыпты. Жолшыбай түзге отырған кім деп қараса, біреуінің зәрі тоңды бір қарыс айырып жіберген екен. Түнде қойнында жатқанда қалыңдығы Нұрфаядан сұраса, ол Қарқабат еді дейді. Ол отыра қалып күрілдеткенде қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, ат та тас-талқан болып үркеді депті. Елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жау болып, қайынсіңілісін ертіп келген қатын еліне қайта алмай қалыпты. Сонан соң Нұрфая: «ағамның төсі тиген жеңгем еді басқаға қимаймын өзің ал», – деп Мейрамның өзіне алғызыпты. «Мына Қарқабатты да өзің ал, жатыры асыл, өсіп-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш ұрғашы өлсек те, тірілсек те, бір жерде болайық», – деп, оны да алғызыпты. Нұрфаяның өзінен Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік. Қарқабаттан Болатқожа туады.

Өмірінде Мейрам бабамыздың етіне суық су, табанының астына сыз тиген жоқ екен. Отын тергенде қу көдені көп қылып қоса алып келіп, табанының астына төсейді екен. Құманды түнде қойнына алып жатады екен. Суға түскен сайын Мейрам:

– Ой, көсегең көгерсін, – деп алғысты көп айтады екен. Бұрынғының алғыс түбі ақ май, қарғыс түбі қара қан дейтіні сондайды көргендіктен айтқан. Қуандық марқа туыпты, Сүйіндік ұмытыңқырап кетіп, екі арасы тым алыс, кенже боп туыпты. Қуандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп, жасаққа жарағанда Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті, қатыны ұлы жүз – Үйсін Өгіз бидің қызы екен дейді. Сонда бұл қызды да, жеңгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай қалған екен.

Мейрам сопы ертерек өліп қалып, Нұрфая бәйбіше көп заман бес берекенің біріне қосылған бәйбіше болып, халқына ұйытқы, құт бәйбіше атанған екен. Қара мал еншісі бөлек, басқа екен де, жылқы үлеске түспеген екен. Сонда Қуандық жылқыны



үлеске салып ениі бөлуге келгенде өзім бір сыбаға, алты балам алты сыбаға, қара шаңырақта қалғандарына бір сыбаға депті. Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік күшін көрсетеді. Сен маған жақтасып, жасаққа шығуға жайың бар ма? Сен маған болыс, мен өліспей мал бергім келмейді, – дейді. Болатқожя:

– Жарайды, мен саған болысайын, мына жеңгеңді маған қи, сонан соң, оның баласы алтау болмақ түгілі, Жақып пайғамбардың балаларындай он екі болса да маған қоя бер, – дейді. Сүйіндік жеңгесін Болатқожяға тигізбекші болды. Қуандыққа кісі салды:

– Тұрысатын жерін айтсын, – деп. Ертең ертемен Қуандық та шықты Болатқожя аттан түсе қалып, жерден жеті шым ойып тастады да атқа мініп алып, Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жықты да, бір шымды алып Қуандыққа жетіп барды:

– Жасы үлкен аға едің, саған қол сермемеймін, – деп, жерге тастай беріпті. Қуандықтың үрейі ұшып, түсі қашып, қорқып тұр екен... «Мына қолындағы шыммен періп қалса мені жайратады ғой» деп қуарып кетті дейді. «Қой асығы деме, қолыңа жақса сақа ғой» – деп еді. «Біз саған тоқтадық, ениіні өзің бөліп бере ғой» депті. Болатқожя:

– Маған тоқтасаң, ана жайылып жатқан жылқының бір жағын өзің таңдап ала ғой. Мен қақ ортасынан жүремін, менің соңымнан өзгең жүріңдер деген де, Қуандық:

– Мен ана жағын алдым, – дейді. Болатқожя қақ ортасынан жүрді, – алған жағы Қуандықтыкі, қалған жағы Сүйіндіктікі, – дейді.

Сонда Сүйіндік Болатқожяға өкпелепті: «Мен әдейі сені «Аттай қалап, атандай таңдап» алып шыққанымда, бұл не қылғаның, көп жағын оған судара байлап кеттің» деп. Сонда Болатқожя айтыпты:

– Сүйек-саяқ сықылды шашылып жатқан жағын ол алды да, ұйытқан қатықтай ұйып жатқан жағы сенде қалды. Бір-ақ айғырдың үйірі артық шығар, ондық ағалығы жоқ па депті. Санаса келе, Болатқожаның айтқаны болып тұрыпты. Болатқожаның Қаракесек атаған жері сол...

Сүйіндіктен қолқалап алған қатынынан Шұбыртпалы, Шекті туады. Алышын Зортұмақтың асына ат апарып қосып, оның бәйгесіне келген күннен Қамбар туады. Бір шабыншылықта өз өнерін асырып алған Олжа баласы Жалықбас болады. Қыздай алған қатынынан Ақша, Түйте, Түйтеден Майқы, Танас, Майқыдан Әйтіке, Танастан Тымырсық, Бөтей. Бұл Бөтейден Қарашор, Ақшадан Бошан. Одан Жанту, Таз, Байбөрі, Манат, Машай, Жантудан Тоқтуыл. Таздан Наманай, Бұлбұл, Бұлбұлдың екі қатыны болған. Бірінің аты Қаракемпір, бірінің аты Құбакемпір. Құбакемпірден Көшек, Алдияр, Құдайберді, Үсен, Шаниар. Шаниардың үш қатыны болған. Қызданбике, Айбике, Нұрбике. Манаттан Бәйімбеттен Қояныш, Тағай, Дәулет, Керей. Манаттан Ыдықбай, мұнан Қоянкөз, Торым, Бораншыдан Қарсұн, Керней, Қаракесек болған соң, өсіп-өнуге келгенде бұған ешкім таласпайды.

---

## Қаракесек

Біз жоғарыда айтқандай М. Көпейевтің өзі де мойындағандай, шежіре халқымыздың арасында ауызша тарағандықтан, олардың қай-қайсысында болса да шындықтан ауытқулар, қате жайлар кездесіп қалып жатады. Мәселе, солардың жекелеген қателіктеріне, ауытқуларына қарамай-ақ, әркім өз әулетін зерттеп, дұрыстарын тірнектеп жинаса болар еді.

Болатқожа Мейрамұлының әулетінің өсіп-өрбуіне байланысты болар, әр дәуірдегі оның ұрпақтарынан шыққан ақындар-жыршылар ұмытпай есіне алуда. Солардың бірі «Қарқаралы» журналының 1991 жылғы бірінші санында жарияланған «Қара-

кесек» атты Берік Рақымов жариялаған (өкінішке орай авторы белгісіз) поэма төмендегідей:

Болғанда елім қазақ, жерім Арқа,  
Өскенбіз келер күнге үміт арта.  
Тараған қазағыңнан үш арыс ел  
Болады төрт миллион жанға тарта.

Қазақтан үш ұл туды: бірі – Ақарыс,  
Орта жүз екіншісі – Жанарыс,  
Кіші жүз ең кенжесі елге мәлім,  
Атайды қойған атын деп Бекарыс.

Туыпты Ақарыстан: Үйсін, Дулат.  
Үйсіннен Жалайыр мен Абақ, Тарақ,  
Дулаттан Ботпай, Шымыр, Сақып, Жанас.  
Өсіпті Жанарыстан Алты – ұл тарап.

Тарады осы алтаудан біраз Арғын,  
Қоңырат, Қыпшақ, Найман, Керей, Уақ.  
Басқасын соныменен қоя тұрып,  
Арғынға тоқталамын біразырақ.

Үлкені Жанарыстан Қарақожа,  
Онан туған Арғынды дейді мырза.  
Арғыннан жеті ұл туды, ал тыңдандар,  
Біртіндеп таратайын болсын ырза.

Ақсопы, Қарасопы, Арықсопы,  
Сарысопы, Момынсопы, Имансопы.  
Жетеудің енді бірі – Мейрамсопы,  
Тарақтыны білсеңдер жиен – осы.

Мейрамның бес баласы бес арыс ел.  
Орта жүз атам Арғын бір асқар бел.



Ұлы жүз, кіші жүздің арасында  
Жайлаған Сарыарқаны шалқарлы көл.

Қуандық, Қаракесек жапсар ауыл,  
Басынан бір туыпты болып бауыр.  
Мейрамнан көп өскені осы екеуі,  
Бұлардан шықты жайсаң талай тәуір.

Жазуға үлкен тарих бастамадым,  
Сонда да босқа қарап жата алмадым.  
Айтайын Болатқожа атамыздың  
Қалайша Қаракесек аталғанын.

Бай қызын Мейрам сопы алған екен,  
Жеңгесі ертіп келіп салған екен.  
Аламан жауынгерлік ел алыста,  
Қайта алмай жездесінде қалған екен.

Емшекте жеңгесінің бар баласы,  
Үш адам ертіп келген айналасы.  
Біреуі тағы сондай жас келіншек,  
Бірге өскен бай қызының жан жолдасы.

Жете алмай екі әйел де қалып қойды.  
Мейрам сопы ойлайды әрбір ойды.  
Біз үшін ел-жұртынан айырылды деп,  
Жеңгесін ақылдасып алып қойды.

Ал енді әйелден туған бала,  
Аттарын мен айтайын сендер сана.  
Ел болды біразырақ Қамбар деген  
Манағы емшектегі келген бала.

Әйелден қыздай алған туды төрт ұл.  
Қуандық, Сүйіндікпен екі деп біл.  
Бегендік, Шегендікпен бұл төртеуі,  
Өсіпті ағайынға боп зорлықшыл.

Жеңге алған әйелінен Шұбыртпалы  
Туғаннан жалғыздықты ұмытпады.  
Төртеуі бәйбішеден бірыңғай ғой,  
Жалғызды тайша теуіп жуытпады.

Сонымен өтіп жатты күндер талай,  
Мейрамның екі әйелінен көңілі жай.  
Екеуі оңашада ақылдасты,  
Болады Қарқабаттың жайы қалай?

Жігітке өзі теңдес берсек пе екен?  
Болмаса бірге алысып жүрсек пе екен?  
Сопыға тоқалдыққа мұны алдырып,  
Жазғанын неде болса көрсек пе екен?

Екеуі соныменен жүрді біраз,  
Қыс өтіп, келесі жыл болатын жаз.  
Жаз шығып жан-жануар масайрасып,  
Көлдегі қиқулайды үйрек пен қаз.

Қар еріп, күн жылынып кетті ызғар,  
Мәз-мәйрам көңілденді жан-жануар.  
Осындай жаздың жайлы бір күнінде  
Шомылып қайтты көлден қос аққулар.

Екеуі келе жатса Қарқабат та,  
Қайтыпты суға барып сол сағатта.  
Отырған Қарқабаттың орнын көріп,  
Екі әйел қалды сонда бір ғажапқа.

Дәреті жерді тесіп кеткен екен,  
Терендік бір қарысқа жеткен екен.  
Екі әйел ішін тартып таң қалысты,  
Қарқабат шын асыл жан неткен екен!

Екеуі бұдан кейін үйге қайтты,  
Сопыға көргендерін келіп айтты.  
Осыдан бір асыл зат туады деп,  
Мақтады қайта-қайта Қарқабатты.

«Қор қылма бұл асылды жатқа, деді,  
Жақсылап тәрбиеле, сақта, деді.  
Екеуміз қызғанбалық тоқалдыққа ал,  
Қол жетпес мұндай асыл затқа», деді.

Мейрам да қарсылықсыз көне қалды,  
Уәде «жарайды» деп бере қалды.  
Қидырып ақ некесін молдаларға,  
Үшінші тоқалдыққа мұны да алды.

Рас болып аналардың бұл айтқаны,  
Ықылас жүрегімен бір айтқаны,  
Жетінші ұрпағынан Қазыбектей,  
Данышпан туатынын дәл айтқаны.

Күн өтті, жұма өтті, айлар өтті,  
Қарқабат буаз болып бала бітті.  
Тоғыз ай, тоғыз күні жеткеннен соң,  
Баланың туатұғын күні жетті.

Ұл туды күні жетіп Қарқабаттан,  
Қарқабат қуанышқа сондай батқан.  
«Тоқалды жарылқаса ұл береді»,  
Деген сөз бар емес пе ақиқаттан.



Тоқалдың қалжасына құлын сойды,  
Қуанып Мейрам сопы қылды тойды.  
Ат қойып, азан айтып, жұрт жиналып,  
Баланың Болатқожа атын қойды.

Болат та өсе берді өрім талдай,  
Былдырлап айтқан сөзі шекер балдай.  
Ырза боп баласының қызығына,  
Қарқабат қараушы еді көзі талмай.

Жасынан өжет болды Болат бала,  
Ержетіп, ақыл-есі, кірді сана.  
Досқа дос, қасқа қастық істейтұғын,  
Адамда бір қасиет келсе шама.

Болаттың дәл осындай мінезі бар,  
Жолына әділеттің жанын қияр.  
Біреудің артықшылық ісін көрсе,  
Сол істі түзетуге болды құмар.

Досынан барлық ісін жасырмады,  
Қастасқан адамына бас ұрмады.  
Біреуден артықшылық көре қалса,  
Алғанша одан кегін басылмады.

Өзгеше өжет болды Болат бала,  
Қамбар мен Шұбыртпалы болса да аға.  
Ығысып бәйбішенің төртеуінен  
Жүргенде оған болды Болат пана.

Болған соң Қуандықтың көңілі қатал,  
Тоқалдың балалары қалай батар.  
Бірікті Шұбыртпалы, Қамбар, Болат,  
«Аздардың атасы бір» деген мақал.

Төрт ұлы бәйбішенің ерте ержеткен,  
Төртеуін бәйбішеде еркелеткен.  
Тоқалдың екі ұлына зорлық қылып,  
Бөтенсіп Қамбарды да тентіреткен.

Атамыз Мейрамсопы жуас кісі,  
Тоқалдан туғандарға бұрады іші.  
Төртеуі бәйбішеге ырық бермей,  
Әкенің ыңғайымен болады ісі.

Сонымен күндер өтті, айлар өтті,  
Мейрамға өлетұғын уақыт жетті.  
Тараған алты арыс ел бір өзінен,  
Атамыз ұзақ жолға сапар шекті.

Өсірген кемерінен бір талайдың,  
Атамыз, жатқан жерің болсын жайлы.  
Көрмеген көшесінен жарылқа деп,  
Ұрпағы бірнеше мың қолын жайды.

Өлген соң Мейрамсопы балалары,  
Ұлғайды бұрынғыдан аналары.  
Сыйыспай артындағы мал-мүлкіне,  
Ашылды араз болып аралары.

Қайғыда қалған қамқор аналары,  
Бәрінің Мейрам еді паналары.  
Ұстауға балалардың басын қосып,  
Келмеді аналардың шамалары.

Бір күні ауыл жетті жайлау жаққа,  
Қуандық осы кезде деген шақта.  
Азырақ қатты сөзге келіп қалды,  
Таласып Болатпенен мінер атқа.

Үлкен деп Болат оны сыйламады,  
Айылын одан қорқып жинамады.  
Болатты сабаймыз деп ашуменен  
Баласы бәйбішенің жиналады.

Болат та ашуланды көзі жайнап,  
Жиналды мұны көріп ауыл-аймақ.  
Қамбар мен Шұбыртпалы жанжал болса,  
Болатқа болысуға тұр ыңғайлап.

Біреулер ертіп келді аналарын,  
Қарашы, аналардың даналарын.  
«Сендерге не жетпейді, қойыңдар», деп,  
Таратты ұрсып-ұрсып балаларын.

Сөйтсе де іштерінде кегі қалды,  
Татулық таза көңіл болмай қалды.  
Қазақтың ескі әдет-ғұрпыменен  
Бөлінді бір-бірінен, енші алды.

Баласы бәйбішенің өңкей қасқа,  
Ержетіп ие болды мал мен басқа.  
Аз беріп сыбағалы еншілерін,  
Қиянат қылды сонда екі жасқа.

Шыдамай бұл қорлыққа Болатқожа,  
Қамбар мен Шұбыртпалыны қасына ала,  
Бір түнде бар жылқыны айдады да,  
Жөнелді қайдасың деп Бетпақдала.

Елсізде бір қораға кезігеді,  
Азырақ сол қорада көз іледі.  
Жылқының қалған сүрлеу ізіменен  
Қуғыншы ертең түсте ілігеді.



Қуандық, Сүйіндікпен келді қуып,  
Бегендік, Шегендікпен оған жуық.  
Оянып күн шығарда Болатқожа,  
Бұлаққа жатыр еді бетін жуып.

Қару жоқ балта менен сойыл найза,  
Қарусыз төбелесте қандай пайда?  
Қораға жылқы тұрған жүгірісті.  
Сол жерде істемекке амал-айла.

Қораны сокқан екен қара шымнан,  
Болат та қорқар емес қуғыншыдан.  
Жалма-жан қара шымнан қолына алып,  
Қуғыншы ағаларын шыммен ұрған.

Қораға қуғандар да жуықтайды,  
Болат та шыммен ұрып жуытпайды  
Жылқыға ие болып Қамбар тұрды,  
Көрсетті көп қайратты Шұбыртпалы.

Сонымен кешке дейін болды жанжал,  
Қылады кімге опа дүние, мал.  
Дәл тиіп лақтырған кесегінен,  
Бет-аузы Қуандықтың болды дал-дал.

Бола ма төбелесте жаумен есеп,  
Тұра ма ұра бер деп арқа төсеп.  
Қолында жау жайратқан қару болды,  
Қораны қалаған шым қара кесек.

Сол Болат Қарқабаттан бата алыпты,  
Еншіге үйір жылқы, ат алыпты.  
Ағасын қара шыммен ұрып жығып,  
Сондықтан Қаракесек атаныпты.

## Шаншар абыз әулеті

Жоғарыда айтылғандай Көпейевтің еңбегінен Шаншар абыздың (Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз) – Бұлбұл ұлы екеніне қанық болдық. Шаншардың үш әйелі болды дедік.

17 ғасырдың басында Шыңғыс хан әулетінен шыққан Есім Түркістанды билеп тұрыпты, ал оның жақын інісі Тұрсын қатаған елінде (Ташкент) билік құрған. Екеуі тату-тәтті тұрған. Олай дейтініміз Әбілғазы (1603 жылы туған) (3) өз еңбегінің 189 бетінде төмендегідей баяндаған екен:

«Үргеніш өзбегінің бұзылғанының баяны.

Ел хан жұртынан безді, «кетелік» дегеннен басқа сөз айтпады, шолпан жұлдызы туғаннан соң топ-топ болып Бұхараға, Түрікпен ішіне кетті. Бір кеткендерінің соңынан қудыра кісі де жібердім, оларды қайтарып алып келгенше екі-үш бөлігі тағы кетті. Менің қасымда тұрған жақсылар маған: «Бұл халық жұрт болмас, сіз кете көріңіз, біз соңыңыздан барайық», – деді Аз-аздан кете-кете мизамның ақыры, ақыраптың басында үш топ болды, біреуі Бұхараға, біреуі қазақ ішіне, енді біреуі манғыта көшті. Шәріпмұхаммед Бұхараға кетті, мен қазақ ішіне кеттім. Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Йадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақыт бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл Сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», – деді. Тұрсын хан: «Жақсы, сенің айтқаның болсын» деп, өзімен бірге Ташкентке алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді. Есім ханға: «Сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Имамқұлы хан қасына кетейін», – дедім. «Жақсы айтасың, солай қыл», – деді. Келіп Имамқұлы ханды көрдім. Менің Бұхараға келгенімді естіп, түрікпен кісі жіберді. «Әбілғазы сұлтан келсін, жат жұртта

жүрмесін», – депті. Тұрсын хан Имамқұлының дұшпаны еді, ол өлгеннен соң Имамқұлы ханның қасында жүрмекке бетім болмады. Имамқұлы хан екі рет Тұрсын хан қасында жүріп келгенімді жұмбақтап есіме салды».

Әбілғазының осы әңгімесінен Есім мен Тұрсынның арасы алғашқыда тату екенін көріп отырмыз. Алайда, еңсегей бойлы Есім хан жорықтан оралса, елін Тұрсын хан антты бұзып, шауып кетіпті. Өзі апарып отырғызған ханның қылығына ыза болған Есім хан қол жинап барып, Тұрсын ханның ордасын шауып, барымталап, кегін қайтарыпты. Осы күндерге куәгер болған Марқасқа жырау (12)

«Ей, қатағанның хан Тұрсын,  
Кім арамды ант ұрсын,  
Жазықсыз елді еңіретіп,  
Жер тәңрісің жатырсың,  
Хан емессің, қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың,  
Алтын тақта жатсаңда  
Ажалы жеткен пақырсың!  
Еңсегей бойлы Ер Есім  
Есігінде келіп тұр:  
Алғалы тұр жаныңды,  
Шашқалы тұр қаныңды», –

деп жырлаған екен.

Есім хан бұл жолы Тұрсын ханның ауылынан қырық қыз (оның жетеуі Тұрсынның өз қыздары) алып келіп, айналасындағы нөкерлеріне, батырларына бір-бірден қатындыққа береді. Тұрсын ханның қыздарының бірі Оразбике Арғынның Олжашы батырына, Дәулетбике – Қортық батырға, Жанбике – Найманның Келтек батырына тиеді. Біздің Шаншар бабамызға Тұрсын ханның жеті қызының үшеуі: Қызданбике, Айбике және Нұрбике сыйға тартылады. Ал, Шәкәрім қажының айтуы бойынша (4,5) Қоңырбике атты тағы бір қыз тоқал-арғыннан шыққан батыр Сары Аманжолұлына беріліпті. Бұл оқиға 1629 жылы болған көрінеді.



Шаншар бабамыздың қосақтары текті жерден шыққандықтарын дәлелдеп, ел-жұрт арасында ақылдылықпен, инабаттылықпен көрініп, туған-туысқа абыройлы болыпты.

Шаншар болысы 1841 жылы екіге бөлініп, Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар болыстары болып аталады, ұрпақтары да өсіп, өніп, қуатты да дәулетті әулетке айналады.

Б. Нәсеновтың кітаптарының бірінші бөлімінің 101 бетінде 1858 және 1861 жылдар аралығындағы Қарқаралы уезінің 8 болысының мал басының сандары беріліпті. Олар төмендегідей:

<i>Болыстар</i>	<i>Жылқылар</i>	<i>Ірі қара мал</i>	<i>Қойлар</i>
Барлығы	52224	5649	258517
Айбике – Шаншар	6199	483	8840
Нұрбике – Шаншар	10320	734	22042

Мұқанов М.С. (13) еңбегінің 80-бетінде осы тұстағы Қарқаралы уезінің жиырма бір болысының ауыл және адамдар саны былай көрсетілген:

<i>Болыстар</i>	<i>Саны</i>			
	<i>ауыл</i>	<i>киіз үй</i>	<i>еркек</i>	<i>әйел</i>
Барлығы	353	20874	62622	83496
Айбике-Шаншар	31	1761	5283	7044
Нұрбике-Шаншар	22	1273	3819	5092
Қарсен-Керней	18	1081	3243	4324
Алтеке-Сарым	15	1048	3144	4192
Тарақты	9	590	1770	2360
Жалықбас	19	1021	3063	4084
Қамбар	10	490	1470	1960
Алысай	14	781	2343	3124
Дүйсембай – ЧакЧак	13	798	2394	3192
Қырғыз	12	732	2196	2928

Осы кестеде Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар болыстарының аталуы аналарымыз Айбике мен Нұрбикенің өмір сүрген заманнан екі ғасыр өтсе де есімдерінің ел жадында сақталғанын көрсетеді. Шаншар бабамыз жайлы бірер дерек: ол кісінің қоғам қайраткері, батыр да батыл тұлға болғандығына дәлел болса керек. Әттең, ол кісі жайында басқа деректердің, ауыз-екі әңгімелердің бізге жетпегені өкінішті-ақ. Өйткенмен, шүкіршілік дейтін нәрсе – Шаншар бабамыздың есімі қазақ халқының тарихында үлкен орын алды. Бұл әулеттен белгілі қоғам қайраткерлері, ұлы билер, ұлағатты сөздер айтқан кемеңгерлер мен шешендер, өнер қайраткерлері көптеп шыққандығы елге аян.

Шаншардың үш әйелінен онбір ұл: Қызданбикеден – Мұқан Алысай, Майтан, Мұстағалым; Айбике анамыздан – Жәнібек, Келдібек, Тінібек, Әсірбек; Нұрбике шешемізден – Тұрлыбек, Бердібек (Бертiс), Тiлеукелер туған.

Шаншар бабамыздың ұлдары Бертiс пен Тiлеукенің және немерелері Келдібекұлы Қазыбек пен Тiлеукеұлы Жарылғаптың мүрделері Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мешітінде жерленген. Сонау Сарыарқаның Дегелең, Майлықара, Маяжон, Имекжал, Мыржық тауларының қойнауларындағы ауылдарынан мың жарым шақырымнан артық жол жүріп, Түркістан қаласына апарып қою оңайға соқпаса керек. Әзіреті Сұлтан кесенесіне жерленгендер халқына белгілі тұлғалар еді.

Шаншар Бұлбұлұлының (№ 63), Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлының (№ 22) және Жарылғап Тiлеукеұлының (№ 67) есімдері Әзіреті Сұлтан кесенесінің жақпар тасына ойылып жазылған болса, Бертiс пен Тiлеуке есімдері іздестірілуде. Белгілі журналист, осы әулеттен шыққан Нығметолла Төкешевтің хатына кезіндегі Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті бастығының орынбасары Е.Обаев мырза уақытында осындай жауап берген еді (қосымша – 2)

**Түркістанда жерленген қазақ халқының ұлы тұлғаларының тізімі төменде келтірілген.**

Есім хан	1627-28 жж.
Жәңгір хан	1652 ж.
Тәуке хан	1715 ж.
Тұрсын хан	1717 ж.
Қайып хан	1718 ж.
Сәмеке хан	1738 ж.
Жолбарыс хан	1740 ж.
Сейіт хан	1745 ж.
Барақ хан	1750 ж.
Сығай хан	1750 ж.
Әбілмәмбет хан	1771 ж.
Абылай хан	1780 ж.
Әбілфейіз хан	1783 ж.
Тәуке хан	1797 ж.
Есім хан	1798 ж.
Болат хан	1798 ж.
Тоғай хан	1816 ж.
Әликен хан	1860 ж.
Ондан Сұлтан	1585 ж.
Есіркеп Сұлтан	.....
Күлен би	.....
Үсен би (Балталы Найман)	XVIII ғасыр
Шоң би	.....
Шаштығұл би	.....
Қараменді би	.....
Қарауыл Қанай би	.....
Дүйсен би Сауранбайұлы, Саңғыл	.....
Қанжығалы Бөгенбай батыр	.....
Шақшак Жәнібек	1775 ж.
Матай Бөрібай батыр	XVIII ғ.
Қойкелді батыр	1756-1760 жж.
Тобықты Мамай батыр	1795 ж.
Арғын Әнет Баба Кішік ұлы	XVII ғ. – 1810 жж. 1626-1723 жж.

<b>Қаракесек Шаншар Бұлбұлұлы</b>	<b>XVI</b>
Көшек Тәтімұрзаұлы	.....
Байкісі Тәтімұрзаұлы	.....
Ханкісі Тәтімұрзаұлы	.....
Жанкісі Тәтімұрзаұлы	.....
<b>Шаншар Жарылқап Тілеукеұлы</b>	<b>XVII-XVIII</b>
Күлік Айбаспай	.....
Айдабол Ақпанбай	.....
Найман Алдаберген Тілеулі	.....
Жауғашты Құдас Кілкеұлы	.....
Қараша Айтбай Сырғақұлы	.....
Жаппас Бекен Мырза Тұрсынбайұлы	1588-1598
Қыпшақ Тоқпанұлы Жантас	.....
Ахмет Файзулла ... Кіші жүз	1866-67 ж.
Қоңыршұнақ Ердес Шүренұлы	XVIII-XIX
Арғын Махамбет	1897-98 ж.
Арғын Қойлыбай Малайұлы	XVIII
Арғын, Бәсенти, Ханым-Бике	.....
Бек-Шайкым Қожа	.....
Әжі Қожа	XVII ғ. аяғы
Жетімдер Айтуар Қажы	XIX ғ. аяғы
Қарабалуан (Жанұзақ) Алдиярұлы	1688-1749 жж.
Мерген (Теңізбай) Бабасұлы	1754 ж.
Өтейұлы Бекбаулы	.....
Әйменбетұлы Түмен Мырза	.....
Қырықмылтық Шобан Жаманқұлұлы	1701-1773 жж.
Қаратамыр Мәмбет Аталық Бұлғақұлы	1690-1769 жж.
Мүсірәлі Сопыәзіз ұлы Сауранбай	Т.Ж.Б - 1752 жж.
Тобықты Көкенай Батыр	1648-1728 жж.
Тобықты Жандос Батыр Олжайұлы	1715-1752 жж.
Қоралас жауғаш Батыр Қырбасұлы	1733-1782 жж.
<b>Қаракесек Жарылқап Батыр</b>	<b>1784-1786 жж.</b>
Сейдалы Нияз Батыр	XVIII ғ.



Қоңырат Сырғак Батыр Ниязұлы	.....
Қарпықұлы Текей Батыр	1679-1764 жж.
Мәнжіғұл Батыр	.....
Сіргелі Тілеуке Батыр	.....
Ағытай-Қойлы Андықожа	1752 ж.
Тарақты Наймантай батыр	1745 ж.
Есіркеп Батыр Жаманқараұлы	1696 ж.
Есей Батыр	.....
Бөртеұлы Мамай Батыр	1704-1789 жж.
Әжібай Батыр	.....
Қаржас Мырзақұл Батыр	.....
Арғын Күлеке Батыр Тәңірберді	1750-1760 жж.
Есенқұл, Қырғыз Батыры, әрі Манабы	1800 ж.
Шекті Тілеу Батыр Айтұлы	1630-1684 жж.
Шекті Жолдыаяқ Батыр Тілеукеұлы	1665-1684 жж.
Қанжығалы Әлібек Батыр Құдайбердіұлы	XVIII ғ.
Есенбай Батыр	1778-1844 жж.
Найман Көшербайұлы Қонысбай болыс	1836-1890 жж.
Жетімдер Атығайұлы Битабар болыс	.....
Божбан Қайдауыл Мырзабай болыс	.....
Арғын Сүпрұлы Мешітбай-Шақшак Жәнібектің Батағөйі	.....
Қосдәулет Нұрби Абыз	XVI ғ.
Ақтан Абыз	XVI ғ.
Жалайыр Нарынбай Әулие	.....
Найман Қонақай Әулие	1763 ж.

### **Кесенеде сақталған құлпытастар**

... Қожа ...	1431-1432 жж.
... Әмірзада Әли ...	1438 ж.
Рабия Сұлтан Бегім	1485 ж.
Аман Бике Ханым	1519-1520 жж.
Мәстүра Ханым	1519 ж.
Мүбәрәк Шах Сұлтан	1519

Құл Мұхаммед Сұлтан	1524 ж.
... Сүйінші Қожа Хан ...	1524 ж.
Хадиша Сұлтан	XVI ғасыр
Қожа Дәруіш Мұхаммед	1504-1514 жж.
Белгісіз	XV-XVI ғасыр
Шуджа Ад-Дин Масүр Мырза	1533-1543 жж.
Шуджа Ад-Дин Хилал Мырза	1533 ж.
Мұхаммед Әмір Хан	1541 ж.
Құдайбердіұлы Тоқтасын	1543 ж.
... Тоқтасын ...	1543-44 жж.
... Сұлтан ...	1582 ж.
Дана Бибі Мір Қалани	1597 ж.
Бақи Сұлтан Мір Қалани	XV ғасыр
Ысқақ Қожа Шайх-Ул Исмам	XVII ғасыр
... Насыр Ата ...	1679-1680 жж.
Қарона Бибі	1689 ж.
Қаздауысты Қазыбек би Келдібекұлы	1667-1763 жж.
... Жақып Ата ...	XVIII ғасыр
Жұнайдолла Қожа Нақып	1836 ж.
Бағаналы Бабыр би Бөкенбайұлы	1864 ж.
... Әли Акбар Қожа Нақып ...	1866 ж.
Сұлтан Махмұд Төре	1870 ж.
Имам Жағыпар Қожа Қади	1872 ж.
Молла Қожа Ибн Молла	1871 ж.
Қонысбайұлы Құлса	1811-1874 жж.
Ханнаби Серкеұлы	1768-1878 жж.
Байжанұлы Уәйіс	1877-1878 жж.
Құштанұлы Жантас	1879 ж.
Қожамқұлұлы Тұрдықұл Би	1894-1895 жж.
Тәңірбердіұлы Сақыб-Қонысбай	.....
... Тәліпбайұлы Қамбар ...	1896 ж.
... Жаппар Мұрат ...	1897-1898 жж.
Биған Мырза Құрасбайұлы (Спан Мырза)	XIX ғасыр

Жоғарыдағы тізімде жүз отыз үш адам аттары бар. Олар төрт тақтаға жазылып, кесененің ішкі қабырғасына қойылған. Осы есімдердің жиырмадан астамы арғын руларынан.

Арғын руларының көпшілігі еліміздің орталық және солтүстік аймақтарында шоғырланған десек, Түркістанға дейін біраз жер ғой. Дүниеден өткен азаматтардың мүрдelerini осындай қашық жерге апарудың сыры неде десек, оған жауап – Түркістан халқымыздың діни орталығы, хан ордасы болған ғой.

Қаздауысты Қазыбек 1763 жылдың ақпан айында дүние салыпты. Бекболат әкесінің мүрдесін ту биенің терісіне орап, арнайы тігілген киіз үйдің ішіне қойыпты. Көктем келіп, күн жылына бастағанда бір топ адам бір күндік жерге жетіп, ор қазған екен. Енді біраз адам қасқарая мүрдені алып жолға шығып, таң ата жаңағы орға әкеліп қойған. Алғашқы топ әрі қарай бір күндік жерге жетіп тағы да ор қазған. Келесі топ түн салқынымен мүрдені алып жүріп, екінші орға таң ата жеткізген. Осылай біраз күннен кейін бабамыздың мүрдесі Түркістанға жеткізіліп, Әзіреті Сұлтан кесенесіне жерленген екен. Осы әңгімені біздер балалық шағымызда үлкендерден естіген едік.

## **Бірінші тарауға қорытынды ретінде**

1. Сонымен арғындардың (әртүрлі атпен аталса да) қазақ жұртын құрайтын ерте заманнан белгілі тайпа екенін сөз еттік. Шәкәрім қажы өзінің шежіресінде «арғы» арғын, «бергі» арғын, деген атау беруі тегін емес екенін көрдік.

Арғын тайпасы сонау ежелгі замандардан келе жатқан қазақ халқының негізгі өзегі болған ежелгі тайпалардың бірі. Арғындар Орта жүз құрамына еніп, ондағы алты тайпаның сан жағынан алғанда ең көбі болып саналады. Халқымыздың жеке этнос болып, тарих сахнасына шыққанға дейін де бұл тайпа басқа да

қазақ деп аталған халықты құраған тайпалармен біріге отырып, қоғамның саяси және мәдени өмірінде белгілі із қалдырған.

2. Бергі Арғын 15-16 ғасырлардағы өмір сүрген бабамыз дедік. Оның атасы Қарақожа батыр әлемге белгілі Тоқтамыс ханның 1376-1395 жж. жеке күзетінде болған деректі Қадырғали атап өткен (14).

Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаевтардың Едіге батыр жайында жариялаған жырларында Қарақожаның да аты аталғандығы елге мәлім. Осы жырларда Алтын Орда ханы Тоқтамыстың тоғыз батырының және кеңесшісінің бірі, Арғындардың атасы Қарақожа екені айтылған.

Ол батыр ғана емес, дін басы әулие екені жайында жырда былай айтылады:

«Жауар күндей торланған,  
Кетер құстай сайланған,  
Бір Алладан қашан да  
Тілек тілеп зарланған,  
Арғындардың басы едің  
Қарақожа батырым!»

Арғындардың басы болған Қарақожа 15 ғасырдың басында өлген соң Арғын тайпасының жетекшісі болып Қотан отырады.

3. Атасы Қарақожа батыр, әкесі Қотан ақын-жырау болып, екеуі де арғын тайпасын билеген болса, олардың ұрпағы Ақжол да (Дайырқожа) осындай жолды ұстанса керек. Дайырқожаның немересі Болатқожа (Қаракесек) ер тұлғалы өжет те, батыр болды дедік. Болатқожаның неменесі Шаншар да сөзге жүйрік, батыл да батыр болған, ұрпағы да қаулап өскен әулет.

4. Мейрамнің бәйбішесін бірде Бәйдібек ауылының, бірде Алшын ауылының қызы деп жазып жүр. Біз кейінгісіне тоқталдық.

5. Жасырақ кезімізде көне қарттардың аузынан Шаншар да, Бертис те бір кездері Ташкентті билеген деген сөздер еститінбіз. Осы аңыздардың шындық болуы да мүмкін. Шаншар Тұрсын ханның үш қызын алып, төрелерге күйеу бала болған дедік.



Ал «Аманат» атты кітапта (11) Ораз Мұқаммед Сұлтан 1600 жылы Қасымовта хан сайланғанда сол қолында отырған Шашбекті Арғын (Шаншар) деп айту шындыққа жанаса қояр ма екен?

Шаншар бабамыздың батыр болып көзге түскені ең кемінде 20-25 жасында болар. Ал, 1629 жылы Тұрсынның үш қызына үйленіп, үлкен әулет болған ұрпағын біз таратып отырмыз. Сонда Шаншар 49-54 жас арасында үйленген ғой. Оған дейін отау құрмады деуге бола ма?

6. Осыған байланысты тағы да бір ой келіп отыр.

Мәшһүр Жүсіп еңбектерінің 6-томында (113-бет) «Қазыбектің алғаш көзге түсуі» атты мақала бар. Осы еңбектің 354-бетінде оған түсініктеме берілген.

Қаздауысты Қазыбек 1667 жылы туған. Абылай хан 1711 жылы туған кезде Қазыбек 44 жаста емес пе... Абылайға «бала Қазыбек» жақындап барғаны қалай?

Осындай (11 және 15) кім болса соның жазғандарын көпшілік қауымға ұсыну дұрыс болар ма екен?

Бұл мәселелерді тарихшы ғалымдар талдаса қайтеді.



## **Екінші тарау**

# **ШАНШАР АБЫЗ ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІНІҢ КЕСТЕЛІК МӘТІНІ**

## Шежіренің кестемен берілген мәтініне түсініктеме

Қара сөзбен жазылған шежірені түсініп оқу алғашқыда оңайлықпен берілмейтінін білеміз. Себебі, бір адамдардың өсіп-өнген бірнеше балалары бар. Алғашқының ұрпағын таратқан соң, кейінгілерінің есімі есте қала бермейді ғой, оны еске түсіру үшін бірнеше парақ кері аударылатын жәй да болады. Осы жағдай әулетті есте сақтауға әжептәуір қиындық туғызуы мүмкін. Ал есімдер кестелер арқылы берілсе, тиімдірек болары хақ. Осы жайды ойлап, біраз уақыт ізденістен кейін, қысқа-қысқа жүйелерді (кестелер) дұрыс па деп таптық:


1. Бір әкеден тараған балалардың есімдері төрт бұрыштың ішінде орналасты.

2. Егер ол есімдерден ұрпақ тараған болса, аралары түзу сызықпен бөлінеді. Ұрпақты таратқанда әкеден баласына нұсқаушы (→) арқылы шықтық.

3. Әулетті таратқанда алдымен бел баланың ұрпағына тоқталуға тырыстық, содан соң екінші, үшінші, тағы басқа балалардың ұрпағы таратылды.


Осы себептен бір әкенің балаларын бел баладан бастап, кенжеге дейін сандық ретпен белгіледік.

## №1 Шаншар Қаракесек шыққан әулет







## №2 Шаншар Бұлбұлұлы




## №3 Алысай Шаншарұлы




## №4 Жәнібек Шаншарұлы




### №5 Келдібек Шаншарұлы




### №6 Қазыбек Келдібекұлы



### №6 А Қазымбет Қазыбекұлы




## №7 Жанай Казымбетұлы




## №8 Жанайдын токалдарынан

1




2







# №9 Қанай Қазымбетұлы




## №10 Бәзіл Қанайұлы




# №11 1 Саржан Бәзілұлы Қанай немересі



## №12 Әділ Есмағамбетұлы




## №13 2 Саржан Бәзілұлы Қанай немересі







## №14 3 Саржан Бәзілұлы




## №15 1 Атымбай Қазымбетұлы



## №16 2 Атымбай Қазымбетұлы



## №17 1 Анай Казымбетулы




## №18 Тоқшора мен Ақманбет Анайұлдары







## №19 2 Анай Казымбетұлы



## №20 Бекболат Қазыбекұлы




## №21 Тіленші Бекболатұлы




## №22 Алшынбай Тіленшіұлы


### А Бәйбішеден



### Б Тоқалдан



## №23 Биһау Түсіпұлы Алшынбай немересі







### №24 3 Тіленшінің Бердісі мен




### Қойшысы




### №26 Омар Бұзаулы




**№25 5 Бұзау Тіленшіұлы**




## №27 Қазыбектің Сырымбет пен Базаркелдісі



## №28 Сәлібек Келдібекулы




## №29 Жантемір Сәдібекулы







## №30 Сәлібектің Жантемірінің Мойнағы




## №31 Сәдібектің Жантемірінің Жылқайдары




## №32 Байтелі Сәдібекулы



## №33 Асан Келдібекұлы




# №34 Өгізбай Ақкісілі Асан немересі







## №35 Өгізбайдын Түйекені




## №36 Ордабай Аккісіұлы




## №37 Аккісінін баска балалары



## №38 Үсен Келдібекұлы





## №39 Байтерек Үсенұлы






## №40 Келдібектің Бөденесі







## №42 Тыныбек Шаншарұлы




## №43 Байғара Түрікпенәліұлы Тінібек немересі



## №44 Әсірбек Шаншарұлы








№46


Бактыораз Сұлтанцелдіұлы




№47


Ақжігіт Аққұлыұлы






**Ильяш Шалұлы**






№ 51

Бердібек Бертiс Шаншарұлы



№52


1 Бертiс Шаншарұлы






№55

Сыздық Кокан ұлы Бертіс тегі




№56

Үкі Кокан ұлы Бертіс тегі




№57

Еспенбет Бертисұлы




**№58 Әбіл Жаркынбайұлы**




№59

**Қуанбай Әбілұлы**




№60

**Байбура Еспенбетұлы**




№61

Құлтай Байбураұлы




№62


Бұқыш Қалтайұлы




**Болтай Байбураулы**








**Байжігіт Еспенбетұлы**





№67

## 2. Бертіс Шаншарұлы



## №68 Мөшеке Бектемірұлы

Қырым бәйбішеден

5 Қазанғап  
3 Жәйлау  
2 Сазандық  
6 Сүйіндік  
4 Табылды  
1 Қуандық


Дәркен тоқалынан

7 Қойлыбай  
8 Жәуетай  
9 Құттыбай  
10 Тайшыбай  
11 Қондыкер


Екінші тоқалынан

12 Құлатай  
13 Қошқарбай

**Қазанғап Мөшекеұлы**




**1. Құттымбет Қазанғапұлы**







**2. Құттымбет Қазанғапұлы**




**№72 Тәттімбет Казанғапұлы**




**1. Шахмурат (Шәкен) Жағыпарұлы**




**2. Шахмурат (Шәкен) Жағыпарұлы**




**3. Шахмурат (Шәкен) Жағыпарұлы**




**Жаксымбет Казанғап ұлы**




Исағұл Жақсымбетұлы



**1.Әлімбет Қазанғап ұлы**




**Жапыштың Қайырбегінен**




№80

## 2.Әлімбет Казанғапұлы




№81

## Қаймолда Әлімбетұлы




№82

Кабиден Зейнуллаулы




№83


Сайпиден Зейнуллаулы



**Койбағар Әлімбет ұлы**




**№85 Жайлау Мөшекеұлы**







**Әдік Шынтаемірұлы Жайлау тегі**



**2 Жайлау Мөшекеұлы.**




**Бабжан Иткүстыұлы**




№89

**Ораз Шынбайұлының (басқа балалары)**




№90


**Бабжан Итқұсты ұлының  
Қышқашбайы мен Момбайының ұрпақтары**



1 Итаяк Жайлауулынын биринши эйелінен




Итаяк Жайлауұлының бірінші әйелінен






1 Итаяк Жайлауулынын екінші әйелінен




**2 Итаяк Жайлауулынын екінші әйелінен**




№94 а

Әділбек Балбекулының балалары




№94 б


Адамбек Балбекулының балалары




№95

Танырық Жайлауұлы




**Қуттыбай Мөшекеұлы**

**1 Сазандык Мөшекеулы**





**Мугаль Сазандық ұлы**






**2 Сазандык Мөшекеулы**







**1 Избасты Сүйіндік ұлы**




2 Избасты Сүйіндік ұлы




**1 Балғутты Сүйіндік ұлы**




**2 Балғутты Сүйіндік ұлы**






Әлімхан Байжұман ұлының басқа балалары


**Табылды Мөшеке ұлы**




**Байшағыр Табылдыұлы Мөшеке тегі**




Байшағыр Табылдыұлы Мәшеке тегі




**Өтебай Табылды ұлы**



Қондыкер Мөшекеұлы




Жәуетай Мөшеке ұлы




№112

Шугылбай Жәуетайұлы




№113

Інірбай Жәсетай ұлы




№114

Құлатай Мөшекеұлы




**Әкімқұл Әліманұлы**




№116

Сейітбек (Шертік) Мырзабекулы




№117

Молдабек Құлатайұлының басқа балалары






Тайшибай Мөшеке ұлы




№119


Мөшекенің басқа балалары




**Бая Бектемірұлы**




Аблай Баяұлы



АТЫҒАЙ БАЯҰЛЫНАН




Дәулет Бектемір ұлы







Бақал Дәулет ұлы




**Бейсекей Атакозыұлы**




**Бейсекейдін Шаймарданнын Акшамбегі**



**Ерке Бақал ұлы**




**Аманкелді Дәулетұлы**




№129

Акбузау Аманкелді ұлы Дәулет тегі




№130

Аманбай Дәулет ұлы







Өтеулі Дәулетұлы




Жұмабек Сәтбайұлы



**№133 Жәркынбай Атақозыұлы**




**№133а Уайс Жарқынбайұлы**




**№134**


**1 Битен Бектемірұлы**




**Битеннің Тұрпанының Ұлбазары**



Балык Ұлбазарұлы




**Байман Балықұлы**






**Балықтың Жакыпбайынан**




Ұлбазар Тұрпан ұлының Жанбазарынан




№140

Жанбазардың Сүлейменінін Аманжаны




№141

Ұлбазар Тұрпан ұлының Күлбазары




№142


Тұрпан Битенұлының Бибазары




2 Битен Бектемірұлы



1 Битеннің Кенжекозысының Токтаболаты




2 Битеннің Кенжекозысының Токтаболаты







**1 Тонтай Битенұлы**




**2 Тонтай Битенұлы**




**3 Тонтай Битенұлы**




Шитен Бектемірұлы



**2 Шитеннін Үкібайұлынын Сасықбайы**






Кейінірек қолға түскен деректерден:

1. 370 бет, 7 абз. ақырғы жолы: «... Сандуғаш, Әлия. Арыннан Тоғанбек, одан Әділбек, Сайлаубек, Назымбек, Болатбек, Амангелді».

2. 375 бет, бірінші мен екінші абз. арасы төмендегідей оқылсын:


(№ 151 А,Б) «Нұртазаның Сыздықбайынан Төлеубай, одан Балтабай, одан Орынбек (-Асылан), Оразбек (-Ержан), Төлеубек (-Арман); Күрдеубай; Кәбижан, одан Бақытбек, Несіпбек (-Нұрбек), Түсіпбек (-Мансұр). Нұртазаның Рақышынан Кәрібжан, Әбілмажын, Жақсыбек. Кәрібжаннан Серік (-Арслан, Алмас, Шәкерім), Жақыпбек (-Сырым), Сәтбек (-Елдар), Садықан (-Акижан). Әбілмажыннан Ақылбек (-Арман, Асылбек, одан Әділбек), Қуанышбек (-Қуан, одан Нұрәли; Мәди), Жолдыбек (-Жомарт, Нурик), Сайлаубек (-Сайранбек, Жәнібек), Болатбек (-Аңсар). Жақсыбектен Сейітбек (-Әлімжан), Сейітқазы (-Әнуар), Саятбек (-Әділет)».

Ракыш Нуртазаұлы







**Кожамберлі Сасыкбайұлы**




Алдажұман Сасықбайұлы




Нұрпейіс Сасықбайұлы




**1 Жұматай Үкібайұлы**




**2 Жұматай Үкібайұлы**



**Түкібай Шитенұлы**




Исабек Түкібайұлы







Сүлеймен және Игісін Түкібай ұлдары




**1 Кейкібай Шитенұлы**




Кейкібайдің бірінші әйелі




Мұсабек Кейкібайұлы




## №164 Баубек Кейкібайұлы




Ақыш Кейкібайұлы




**Ағыбай Кейкібайұлы**





**Байел Кейкібайұлы**


**1. Боранкул Шитенұлы**




№169 А

Мұрынбайдың басқа балалары

а)




б)




381 бет 4 абз. 3 жолы төмендегідей оқылу керек (№ 169 А)  
«... Иембергеннің Аязбайынан Қапбас (-Сабыржан, Еркәнат),  
Өсібайынан Қасен (-Жұмағали). Мұрынбайдың Сарбасынан Ме-  
кебай (-Құттыбай), Мекетай, одан Көшкімбай (-Мұқан, Айтан,  
одан Амантай, Алпыс, одан Айдос). Мұрынбайдың Өтешінен  
Байжан, одан Кәрім (-Серік), Балтабек (-Мұқан).  
Серіктен, Ермек (Аян), Азат (Ерзат).  
Мұқаннан Ерболат, Марат, одан Нұрлан.  
Қабанбайдың Ұзағынан»...


## №169 Қызылғұрт Бертісұлы



Ұзақ Қабанбайұлы




Газез Нұрпейісұлы Ұзақ тегі







**Самай Елгелдіұлы**




Аман Елгелдіұлы




## №174 1. Бекпан Елгелдіұлы




## №175 2. Бекпан Елгелдіұлы




**Сенкібай Қызылғұртұлы**



Тасбақ Сенкібайұлы




# №178 Мұжық Тасбақұлы Сенкібай тегі






# №179 Қойлыбай Мұжықұлы Тасбақұлы тегі




Тінібай Сенкібайұлы




№181

Топшак Тінібайұлы





№182


Әңгіме және Темешбай Тінібайұлдары




**Кәдірбай Тінібайұлы Сенкібай тегі**














**№187 Тінәлі Жабықұлы Қызылғұрт тегі**




**№188**

**Жанкісі Қызылғұрт ұлы**







## №190 Тоқайдын Жүнісі мен Ыдырысы




## №191 Төлеген Әуезулы




## №192 Сәттібай Төлегенұлы



## №193 Мәшірап Смайылулы Сәттібай немересі




## №194 Таштан Төлегенұлы







## №195 Төлеген Әвезұлының басқа балалары




## №196 Жанкүшік Әуезұлы




**2. Жаныбай Жанкүшікулынын басқа балалары**




**1. Маныбай Жанкүшікүлы Әвез тегі  
(бірінші әйелінен)**




## №199 2. Маныбай Жанкүшікүлы Әвез тегі



**№200 3. Маныбай Жанкүшікүлы Әуез тегі**  
**(бірінші әйелінен )**




**№201 4. Маньбай Жанкүшікулы Әуез тегі**  
**(бірінші әйелінен )**






**№202 5. Маныбай Жанкүшікулы Әуез тегі  
(үшінші әйелі Тойбикеден)**




## №203. Бекеннің Замашы




**№204 6. Маныбай Жанкүшікулы Әуез тегі  
(үшінші әйелі Тойбикеден)**




# №205 1 Ақай Жанкүшікүлы Әуез тегі




## №206 2 Ақай Жанкүшікулы Әуез тегі




**Тілеубек (Тілеуке) Шаншарұлы**

**Мәмбет Ернеулы**







**Үмбет Ернеұлы**




**Азнабай Ернеулы**




**Көрпе Ернеұлы**






№213


**Тасыбай Жоламанұлы**




Ақтамберлі Тасыбайұлы



тегі





**1 Тоқтамыс Жоламанұлы**






**2 Токтамыс Жоламанұлы**







**Қойсоймас Жоламанұлы**



Дәуітбек Толыбайұлы Қойсоймас тегі




**Кішкіл Қойсоймасұлы**




№221 а

**Жәмел Нұрмақұлы**




№222

**Қабакбай Менешұлы Кішкіл немересі**




Кабанбай Меңешұлы Кішкіл немересі







**Кененбай Кішкілұлы**




Әбілдә Күрдебайұлы Кішкіл тегі




**Үмбет Ернеулы**




**Азнабай Ернеұлы**




**Көрпе Ернеулы**






№213

**Тасыбай Жоламанұлы**







### Ақтамберлі Тасыбайұлы




**тегі**




**1 Тоқтамыс Жоламанұлы**




**2 Токтамыс Жоламанұлы**






Койсоймас Жоламанұлы




Дәуітбек Толыбайұлы Қойсоймас тегі






**Кішкіл Қойсоймасұлы**






№221 а

**Жәмел Нұрмақұлы**




№222

**Қабакбай Менешұлы Кішкіл немересі**




№223


Кабанбай Менешұлы Кішкіл немересі




**Кененбай Кішкілұлы**




Әбілді Құрдабайұлы Кішкіл тегі




1 Көблік Жоламанұлы



Ағынбай Үкібайұлы




**2 Көблік Жоламанұлы**






**1 Байсағын Қашағанұлы Көбдік немересі**




№250


2 Байсағын Кашағанұлы Көбдік немересі




Күл Жоламанұлы




**1 Монтакай Жоламанұлы**




# №253 Саркөт Монтакай ұлының басқа балалары



**№254 2 Монтакай Жоламанұлының басқа балалары**




Сансызбай Жоламанұлы







Демікпе Жоламанұлы




**Мұсылман Жоламанұлы**




**Баубек Жоламанұлы**




Тастемір Жарылғапұлы




**Атыбай Жарылғапұлы**



**Шокан Байгелдіұлы Атыбай немересі**




**Бокан және Ақша Байгелді ұлдары**







**Байтөре Байгелдіұлы Атыбай немересі**



Бостан Атыбайұлы Жарылғап немересі




**Бектен Бостанұлы Атыбай немересі**




№266

**Құлбай Бектенұлы Бостан немересі**




№267


**1 Бекмырза Бостанұлы Атыбай немересі**




**2 Бекмырза Бостанұлы Атыбай немересі**



Әжі Атыбайұлы




## №270 Шакабай Тілеукеұлы (Бөгеннен)







**1. Саржан Темешұлы Бөген немересі**




**2. Саржан Темешұлы Бөген немересі**




**Өтес Шакабайұлы**



## №274 Исайын Наврызбайұлы Өтес тегі



## №275 Телев Шакабайұлы





## **Үшінші тарау**

# **АРҒЫН ҚАРАКЕСЕК БҰЛБҰЛ ҰЛЫ ШАНШАР АБЫЗ ӘУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІ**



## Оқырманның есіне (Үшінші тарауға кіріспе)

Біз екінші тарауда ата таратуды шамамыз келгенше кестелер арқылы бердік. Шаншар Абыздың үш қосағынан тараған ұрпағын атадан бастап кезекпен берілген кестелерді рет-ретімен сандар арқылы белгілеген едік. Осы сандық белгіден соң кестедегі ұрпақтың атасының немесе әкесінің есімі аталған еді.

Үшінші тарауда сол кестелерге сүйене отырып, осы күнгі шежірешілер қолданып жүрген жүйемен таратпақпыз.

Атаның немесе әкенің есімінен соң кестенің реттік саны жақшаның ішінде көрсетіледі. Одан соң балаларының аттары кейде тізбекпен үтір арқылы бөлінеді. Кейде, егер немерелерін атасақ, балаларының есімінен соң жақша ашылып, сызықша қойылады да «(-)» немерелердің есімі беріледі. Ал кейде баланың есімінен кейін үтір «одан» деген сөзден соң немерелер аталады. Соңғы жағдайда балалардың саны екіден асса, немерелердің есімінен соң нүкте-үтір «;» белгісі қойылып, әкенің келесі балаларының есімдері беріліп, жақша жабылады да «).» нүкте қойылады. Егер әкенің інілері болса, нүктенің орнына үтір қойылып, есімдер жалғасады. Осылай бір адамның ұрпағы аталып біткен соң, оның кейінгі туысының ұрпағы таратылып отырады.

Мысалы № 115-кесте «Әкімқұл Алиманұлы деп аталған» Әкімқұл Құлатайдың шөбересі. Құлатай Бертістің шөбересі. Әкімқұлдың аталары жайында алдыңғы кестелерде айтылған. Ал № 115-кесте төмендегідей жазылады:

Әкімқұлдан Әкпәрбек (-Болат), Құлжанбек (-Балтабек, одан Меруерт, Ардақ, Гауһар; Орынжан; Қылышбек, одан Рүстембек, Айжан; Кенжебек, одан Олжас, Үміт; Кенжеш), Есенбек (-балалары...), Қабден, Нәби, Рымжан.

Осы жазу мынадай түсінік береді. Әкпәрбек, Құлжанбек, Есенбек, Қабден, Нәби, Рымжан – Әкімқұлдың балалары.

Құлжанбектің балалары: Балтабек, Орынжан, Қылышбек, Кенжебек, Кенжеш. Қылышбектің балалары: Рүстем, Айжан.

Осы 115-кестені былай да жазуға болар еді: Әкімқұлдан Әкпәрбек, Құлжанбек, Есембек, Қабден, т.б. әрі қарай Әкпәрбектен Болат. Құлжанбектен Балтабек, Орынжан, т.б.

Осылай Шаншар абыздың қолымызға түскен 12-13 ұрпағы таратылды.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі бойынша, туыстық қан араластырмау мақсатында, ағайынды адамдар жеті атасына дейін қыз беріп, қыз алыспайды. Сондықтан бабаларымыз әр ұрпаққа атаулар берген, олар төмендегідей:

1 – әке, 2 – бала, 3 – немере, 4 – шөбере, 5 – шөпшек, 6 – немене, 7 – туажат, 8 – жүрежат, 9 – жекжат, 10 – жұрағат.

Бұл тарауға кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, өсиет болсын деген мақсатпен ата-бабаларымыз жайындағы әңгімелер мен аңыздарды білгенімізше кіргізіп отырмыз.

## Арғын абыз

Кейінгі кезде арғын тайпасы жайында бірсыпыра еңбектер (4-7, 15-18) айтылды.

Арғын Абыз жүз жиырма жасқа келгенде Әсет би сәлем бере келіп, былай деген екен:

– Уа, Абыз ақсақал! Жасыңыз бірсыпыраға келіп қалды. Абыз айтушы еді деген артыңызда бір сөз қалсын, бізге де бір үлгілі сөз қалдырып кетерсіз, – депті.

Сонда Абыз Әсетке жымия қарап, риза екенін көрсетіп, төмендегі ойларын ағытыпты:

Ата-ананың қадірін  
Балалы болғанда білерсің.  
Ағайынның қадірін  
Жалалы болғанда білерсің.

Балалықтың қадірін  
Саналы болғанда білерсің.  
Асыл менен жасықты  
Бағалы болғанда білерсің.  
Бостандықтың қадірін  
Жабылғанда білерсің.  
Денсаулықтың қадірін  
Ауырғанда білерсің.  
Ақ бетіңнің қадірін  
Қан кеткенде білерсің.  
Ақ білектің қадірін  
Әл кеткенде білерсің.  
Жиырма бестің қадірін  
Жас өткенде білерсің.  
Қара сөздің қадірін  
Нұр кеткенде білерсің.  
Татулықтың қадірін  
Дос кеткенде білерсің.  
Аяқ-қолдың қадірін  
Ақсағанда білерсің.  
Отыз тістің қадірін  
Қақсағанда білерсің.  
Қызыл тілдің қадірін  
Токтағанда білерсің.  
Білгенінді сөйлеп қал,  
Білгендерден ғибрат ал.

Осындай өсиет, өнеге-үлгі болатын нақыл сөз айтқан Арғын бабамызды ел-жұрт Абыз деп атапты. Оның ұрпақтарына да осындай қасиет қонған дейді аңыз-әңгімелер. Олар жайында жоғарыда айтқан едік.

Арғын Абыздың бел баласының бірі Мейрамсопы дедік.

## Қаракесек әулетінің Шаншары

Жоғарыда 23, 24-беттерде Мейрамсопының ұрпақтарын аз да болса таратқан едік. Болатқожа (Қаракесектің) ұрпақтарын № 1 кестеде 51-бетте таратып отырмыз.

Болатқожаның Ақша, Түйте, Жалықпас атты балалары болған дедік. Ақшадан Бошан, одан Жанту, Таз, Байбөрі, Машай, Манат. Ел арасында олар бес Бошан аталған. Біздің атамыздың аты Таз, одан Наманай мен Бұлбұл. Бұлбұлдың кіші әйелі Құбакемпірден Күшік, Алдияр, Шаншар, Үсен, Құдайберлі есімді ұлдар туған. Осы Шаншар біздің бабамыз. Ал, бәйбішесі Қаракемпірден Тәңірберлі, Қожамжар, Ағым, Кенже, Кетік.

Шаншар Бұлбұлұлы өз заманында қазақ хандығының нығайуына, ұлттың бірлігіне өлшеусіз қызмет еткен тұлға. Ол байлығымен, батыл-батырлығымен ғана емес, өткір тілді, орақ ауыз, әділетті би болып танылған. «Есім салған ескі жол» аталған қазақтың тұрмыс дәстүрі мен салт-санасын реттейтін талап және тәртіп баптары енген заңдар жинағының шығуына да араласты деп айта аламыз. Халық алдында да, хан алдында да абыройлы замандастарының алдыңғы қатарында еді. Елдің бірде-бір батыры, ру басшылары дәл Шаншардай үш сыбаға алған жоқ. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жауларына қарсы күрестегі өлшеусіз еңбегі мен жеке басының ерлігі, шешендік билік қасиетіне құрмет белгісі ретінде Еңсегей бойлы Есімхан оған биліктен тайған Қатаған ханы Тұрсынның үш қызын – Қызданбике, Айбике, Нұрбикелерді әйелдікке сыйға тартқан. Шаншар ел арасында Абыз аталған жан, өмірді жан-жақты саралай алған, ақылгөй адам. Оның айтқан нақыл сөздері өкінішке орай бізге жете қоймады, жас күнімізде естіген мына бір жолдар ойда қалыпты:

Жақсы болса ұл балаң  
Қайраулы алмас семсерің.

Жақсы болса қыз балаң  
Кеңейер сенің өрісің.  
Жақсы болса қатының  
Әр кезде білер не дерін.

Атадан пұл қалмасын  
Алтын ұясын қорғайтын  
Ұл қалсын.  
Атаның ақылы  
Балаға азық.  
Түсінгеннің жолы жазық.

Шаншардың жастайынан-ақ ақылды, ойлы болғаны жайында ел аузында сақталған аңыз былай деп шертіледі: Бәйбішенің балалары тоқалдың балаларына өктемдік көрсете беріпті. Бір күні Қаракемпір бәйбіше балаларын шақырып алып:

– Сендерден бір тілек сұрайын, орындайсыңдар ма? – дейді.

– Не сұрайсыз?

– Сұрайтыным сол, мына Құбакемпірдің балаларына тимеңдер. Олар не істеді сендерге? – Құбакемпірдің балалары сендерден гөрі несібелі, әрі қасиетті болады – дейді.

Тоқалдан туған баланы қасиетті болады дегенге бәйбішенің балалары онан сайын өшігіп алады.

Біраз уақыттан соң анасы балаларын қайта жинап, алғашқы ақылын қайталайды. Әсіресе, сол балалардың ішіндегі Шаншарға тиіспеңдер. Мен бірдеңе білсем:

«Оның несібесі ағып тұр,  
Басында бағы жанып тұр.  
Оның тұлға бейнесін  
Үш жүздің баласы

Танып тұр.

Абыз деген атағы

Өз бойына қонып тұр», – дейді Қаракемпір.

Осындай мадақтауға ерегесіп, бәйбіше балалары Шаншардың қыр соңынан қалмай, оңаша шығарып алып ұратын болыпты.

Осыдан қысылған Қаракемпір отағасы Бұлбұлға келіп:

– Менен туған балалар Құбакемпірдің балаларына маза бермейтін болды. Әсіресе, Шаншарды ұрып-соға береді. Шаншардың түбінде Абыз аталатынын сіз де білесіз.

Сонда Бұлбұл:

– Мен қарғасам ол шіркіндердің тұқымы құрып кетер, атқан оқ қайтып келмей қояр. Өз ұлдарыңа өзің де жетерсің.

Қаракемпір бәйбіше балаларын қайта жинап алып, былай депті:

– “Кәне, қолдарыңды көтерші”.

Қаракемпірдің ұлдары үлес алатындай қолдарын көтереді.

Сонда олардың анасы:

– Сендердің тұқымдарың құрымасын, Шаншардың жамауында кетсін, – деп батасын беріпті.

Осы бата бәйбішенің балаларына үлкен әсер етіп, араздық басылыпты.

Есейе келе Шаншар батыл да батыр, ақылгөй би, аталы сөздің майталманы болғаны тарихтан белгілі. Мысалы, жас күнімізде ғибратты қариялардан естіген Шаншар абыз айтты деген асыл сөздер еске түседі:

Көрген сайын “Сіз” десіп,  
Сыйласқанға не жетсін.  
Шашылғанды бірлесіп,  
Жинасқанға не жетсін.  
Адаспаған жолынан  
Жеті таудан өтеді.

Желі тұрған оңынан  
Жеті жауды жеңеді.  
Ерінбеген еңбекқор  
Арманына жетеді.  
Жабағы, тайды қорлама  
Жазға шықса ат болар.  
Жас жігітті қорлама  
Жұртына ертең бас болар.  
Ел шетіне жау тисе  
Пана, қорған – тас болар.

Осылай сөз саптап айтып, артына ұлағатты сөз қалдыру реті келген жерде нақыл, қалжың айту Шаншар абыздың ұрпағына да дарыған. Ел арасында “Шаншардың кулары” деген тіркес көп таралған.

XX – ғасырда қазақ өнерінің жарық жұлдыздарының бірі болған Қалибек Қуанышбаевтың “Шаншарлар” атты еңбегіне алғы сөз жазған белгілі жазушы Сапарғали Бегалин төмендегідей әңгіме қозғапты.

«Қалибек Қуанышбаев 1925 жылы қоянды жәрмеңкесін өткізуде айрықша көзге түсіпті. Осы думанның ұйымдастырушысы Калляки, өз сықағымен, оны орындаушылық қабілетімен жұртты риза етеді. Үлкен, қызықты думан-мейрам тарқаған жәрменкенің арты Каллякиге үлкен жол ашады. Сол жылы тамыз айында Каллякиді Қызылордаға, театрға шақыру қағазы келеді. Көктен тілегенін жерден бергендей, орталыққа жетуге құмартып жүрген Калляки хабарды алып, Семейге жетеді.

Калляки Семейден алған адрес бойынша Қызылорда да тұратын Әміренің үйіне келіп түседі. Осы жағдайды Калляки қызық етіп айтады екен:

– Қызылордаға поезд келіп тоқтасымен тура Әміренің үйіне келдім. Ел орнынан жаңа тұрып жатқан кез еді. Ауланың ішінде бір аласа бойлы кемеш бастау, аузы мен маңдайы үлкен бір сары



жігіт жүр екен. “Әміренің үйі осы ма?” – деп сұрап ем, әлгі жігіт «осы» деді. Арбадан жолға алған сары чемоданымды алып, үйге кірдім. Киімімді шештім. Әлгі жігіт: “Жуыныңыз” деп шәйнек пен су әкеліп, орамал ұсынды. Сонан кейін орындыққа отыра бере:

– Әміре қайда? – дедім әлгі жігітке.

– Әміре мен болсам қабылдамайсыз ба? – деді жігіт ыржия күліп. Сенерімді де, сенбесімді де білмедім.

– Семейдің атақты әнші Әміресі сен болсаң, сырттан естіп жүргенімнің өзі жақсы екен ғой, – дедім.

– Қонағым, жөнінді айтпай, келе жармасуыңа қарағанда Шаншардың қуының бірісің ғой. Әкеміздің бар қолынан келгені осы болған ғой, қайтесің қанағат етесің де, – деді. Бұған екеуміз де күлдік...»

## Қарқабат анамыз жайында

Ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға бойтұмардай болып жеткен деректер бойынша Қарқабат анамыздың от басы береке-сіне ілтипаты, ерін сыйлаудағы ізеттілігі жайында жоғарыда М.Ж. Көпейевтің сөзімен баяндаған едік. Ел аузында анамыздың бала тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлгендігі жайында талай аңыздар бар.

Өз құрсағынан шыққан Болатқожамен қатар өскен Шұбыртпалы мен Қамбарға деген аналық ыстық мейірімі, ақыл-кеңестері жас ұрпақтың еліне, халқына адал еңбек еткен ұлағатты азамат болуына күрделі үлес қосып, тәлім-тәрбие берді. Шұбыртпалы да, Қамбар да белгілі ру аталары атағына ие болды.

Қоғамдық өмірде көрнекті орын алған халқымыздың көптеген аналардың есімдері ел жадында сақталғаны белгілі. Ұлы жазушыларымыздың бірі Ғабит Мүсірепов қазақ халқының аналары Құртқаның, Шыңғыс Уәлихановтың шешесі Айғанымның және басқа да ел аузында сақталған аналардың есімдерін атай келіп, қаулап өскен іргелі ел – Қаракесектің анасы, ел ұранына

айналған қасиетті Қарқабат ананың тарихтағы орнына ерекше баға берген еді.

Қаракесек – Қарқабат әулетінің ұрпақтарынан небір ақылды, небір парасатты, небір білімді азаматтар шығып, еліне, халқына адал қызмет атқарғаны көпке мәлім.

Қарқабат анамыз Шаншар абыздан, Келдібек би мен Бертіс бидің, елін – жерін қаптаған жаудан қорғаған батырлар Тілеуке, Сенкібай, Жарылғап, Жалаңтөс, Жидебай, Ағыбай, Жәнібек, Дерібсалылардың анасы, бүкіл қазақ халқына төбе би болған Қаздауысты Қазыбектің анасы, дуалы ауызды билер Шабанбай, Жанқұтты, Есберген, Бәйсейіт, Бекболат, Алшынбайлардың анасы.

Кеңес заманында да Қаракесек – Қарқабат ұрпақтары ел өмірінде белгілі орын алып, қажырлы еңбек етті.

## **Шаншар әулеті**

### **Кіріспе**

Шаншардың үш әйелінен туған балаларының он екісінің аты бізге жетті (№ 2). Қызданбике бәйбішеден Мұқан, Алысай, Майтан, Мұстағалым.

Шаншардың екінші қосағы Айбикеден – Жәнібек, Келдібек, Тыныбек, Әсірбек.

Нұрбике анамыздан – Тұрлыбек, Бердібек (Бертіс), Тілеубек (Тілеуке), Ақылбек.

Шаншар абыздың балаларынан өрбіген ұрпақ аз жылда қаулап өсіп, бірнеше болыс ел болған. Шаншар болысын басқарған Шам қайтыс болған соң 1841 жылы бұл болыс екіге бөлінді. Олардың атақонысы Сарыарқаның бел ортасында кең аумақты, шұрайлы жерлерді алып жатқан, Айбике – Шаншар болысы және Нұрбике – Шаншар болысы деген атпен тарих сахнасына шыққан. Айбике Шаншар болысына Алшынбай Тіленшіұлы, ал Нұрбике Шаншар болысына Тәттімбет Қазанғапұлы болыс

болып сайланған. Шоқан Уәлихановтың “Қарқаралы сыртқы округіндегі болыстардың қыстақтары” атты тізбелерінің төртінші томында Шаншар әулетінің жазғы, қысқы қоныстары жайында төмендегідей мәлімет бар.

### **Айбике – Шаншар**

Қыстақтары орналасқан мекендер: Қараой, Семізбұғы, Атымтай, Жосалы, Қызыл Қайнар, Үшқара, Бұйыртас, Қарашоқы, Алшан, Қызылішік, Жонқоңыр, Құдық, Дастар, Айғыркөмген, Аққыстау, Қостөбе, Ақыбай, Қарабай, Бұйыршы, Ащықұдық, Қоржынтүбек, Көктас, Атганның Сарышоқысы, Ақшоқы, Алтықұдық, Шыбынтай, Бикараның Адыры, Жыланды, Еркенің қаратасы, Қызылағаш, Байғұла, Қарағанды, Терісаққан, Ойнақ жер, Қаракөл, Қызылқұдық, Қарасор, Шенеу, Ақшоқы, Ақкөл, Шыңтас, Асыршак, Қолқакұт, Бұқарбай, Шабанқұл, Ақсары, Қылдыкөл, Ащықұдық, Арқалық, Бекбау, Барақ. Бұл жерлер Қарқаралыдан 120-230 шақырым қашықтықта.

Жазғы жайлаулары мына мекендерде: Бабақ жалғыс тауы, Саршоқы, Жауыр, Беймырзаның қарасуы, Нияз, Жұтқырған, Қандыадыр, Акирек, Талпан, Ұрынық шаты, Айғыржал және Өлеңті-шідерті, Нұра өзендерінің бойы.

### **Нұрбике – Шаншар**

Қыстақтары орналасқан мекендер: Мыржық, Қоянды, Маяжон, Майлықара, Төрбике, Құлмырза, Қожабек, Қатпар, Ақжол, Сарыоба, Ақтайлак, Ұзынбұлак, Шақпақ, Дегелең, Арқалық, Жынқуу, Ауызмайлаған, Күшік, Шеней, Мырзашоқы, Қойтас, Керегетас, Рай, Шет, Байназар, Тыман, Майқара, Сарыөлең, Қарамола, Шағыр, Серектас, Атабай, Таланшат, Күйген, Саршоқы, Асаншоқы, Қызылшар, Бестерек, Бұғылы, Үрпек, Ащыөзек, Қарағайлы, Сарытамақ, Үшбұлак, Шошара, Доғалаң, Те-

ректі, Бөгенбай, Молдаара, Қарауылшоқы, Шолак, Ақпан – қаңтар, Сұлушоқы. Бұл мекендердің приказ орналасқан жерден ара қашықтығы 100-ден 300 шақырымға дейін. Жаздағы жайлаулары: Күншоқы, Ешкіөлмес, Нұра өзенінің 180-нен 250 шақырымға дейін созылатын бойы.

### **Қызданбике ұрпағы**

Шаншардың Қызданбике бәйбішесінің Алысай есімді ұлынан басқаларының ұрпағын тарата алмадық.

Алысайдан (№ 3) Алданазар, одан Қуат (-Ақжігіт), Медет, Кененбай. Медеттен Итемер, одан Тұрар, одан Ақпан, Майтан, Жәпек. Ақпаннан Торжан. Одан Қаппас, Әнес, Ардабай (-Төкен, Қаратай, Төлеш, Жанабыл). Төкен Ардабайұлы Қарағанды облысының Бұхар-Жырау ауданында еңбек ардагерлерінің ұйымының төрағасы болып қызмет істейді.

### **Шаншардың Айбикесінен өрбіген ұрпақ**

Айбике шешемізден Келдібек, Тыныбек, Әсірбек, Жәнібек есімді ұлдар туған. Олар төрт бек атанған.

Жәнібектен (№ 4) Астанғұл, Назарғұл, Шегір. Астанғұлдан Қара (-Бөксен), Санмырза (-Тоқаш, Жанау, Байтоқа, Сармырза), Тұрсын. Тұрсыннан (-Баймәмбет, одан Желдібай, одан Сатай, одан Дерібсалы, одан Мысырша, Ғаббас, Жакыпжан, одан Тілеуқабыл) Байсенгір, Тапа, Бұламбай (-Майжемес, Күзембай, Есенғұл), Дүйсен (-Аққозы), Кәрішал (-Кәдір, Дошан), Бақа, Жайлау (-Құттыбай).

### **Келдібек Шаншарұлы (№ 5)**

Шаншардың Айбике қосағынан туған алғашқы ұлының аты Келдібек дейді. Кейбір шежірешілер Жәнібекті алға қойыпты. Белгілі басылымдарға қарап, біз де Жәнібекті алдына қойдық.

Келдібек кейбір аңыздарда «Қарқабат әжем түсіме кіріп», кейбір аңыздарда «Бұлбұл атам аян беріп»:

– Алатын қызың ұзын бойлы сары, оң жақ аяғын азырақ сылтып басатын, бір көзі қылайлау болуға тиіс. Оң жақ құлағының түбінде танадай меңі, екі төсінің арасында алақандай қалы бар осы қыз кездескенше ешкімге қарама, – дегендіктен отыз жастан асқанша үйленбей жүріпті.

Аңыз бойынша Шаншардың көші келе жатса, Тарақтының бір көші қосылып кетіпті.

Тарақтының шөпшегі Қармыстан тараған аталардың біраз ұрпақтары Орта жүз руларымен 1663 жылдары шамасында Алабас деген жерде қоныстанып отырады. Бұл жер бұдан бұрын Мейрамсопының Қуандығының ұрпақтарының жері екен. Қуандықтың Алтайынан тараған Өтебай мен Қосыбай билер дауласып, тарақтылардың бұл жерден кетуін талап етеді. Тарақтылардың билері Сағал, Сапақ, Байшошқалар көшпей, біраз сіресіп бағады. Арада қырғын төбелес басталатын болған соң, Сағал мен Сапақ Оңтүстік жаққа көшіп кетеді. Ал Байшошқа бидің әулеті Қаракесек-Шаншардың ауылына жақындайды. Жаңағы көш сол Тарақты Байшошқаның көші екен.

Шаншардың көшін бастап келе жатқан Келдібек жаңа қосылған көштің түйелерінің жанында келе жатқан бір қызды көреді. Ол қыз тура Келдібектің түсіне кірген қыз болып шығады.

– Бізге қосылған көште Қарқабат әжемнің аян берген қызын көрдім, – дейді, – Келдібек әкесіне.

Ата-ана Келдібектің айтқанына қызыққанмен, алғашқыда аса қолдай қоймайды. «Бұрынғы сөз беріскен жекжатқа қалай қараймыз», – дейді олар.

Сонда Келдібек:

«Қаймағын піскен сүттің алдым қалқып,  
Аяғы сылтығанмен ақылы артық,  
Көзі қыли болса да сөзі түзу.  
Бір көргеннен өнбойым кетті балқып», –

деп жауап қайырыпты.

– Жетеді, енді көңілім орнықты, табашыға да жауап табылар, – депті Шаншар.

Үйлендіре алмай жүрген баласының мына сөзіне дес беріп, Абыз қатар қонған көштің басшыларын қонаққа шақырып, жөн сұрасады.

– Біз Орта жүздің Таракты деген еліміз. Өз ел-жерімізден әділетсіздік, зорлық-зомбылық көрген соң осы жақта Шаншар Абыз деген әділ кісі бар деп естіп, бауырынан қоныс береді, қай жағынан қараса да көмегі бар. Бізді іздейтін еліміз жоқ, мал жаятын жеріміз жоқ, – дейді ауыл ағасы Байшошқа би.

– Ер туған жігіттің өз нәсібі өзімен. Малдың өз нәсібі өзімен оңды. Елден ел кетсе – жұт, елге ел қосылса – құт деген, дарияны ит жалап арам қылмайды, тәңірі жаққан шырағыңды ешкім өшірмейді. Бұл айтқан сөздеріңді қабыл алып, қарсы алып отырмыз. Төскейдегі малы қосылған, төсекте басы қосылған құда болсақ қайтеді? – дегенді айтады Шаншар.

Қыз әкесі Сүлеймен:

– Атыңызды естіп, ауылыңызды іздеп келдік, төрелігін өзіңіз айта беріңіз, ауырмайтын жерден кесе беріңіз, өзіңіз ұнатсаңыз шеше беріңіз, – депті.

Сонымен, Шаншар осы Тоқмейіл атты қызды келін ғып түсіріп, Келдібекке алып беріпті.

Осы аңыз-әңгімені тоқсан жастан асқан қадірлі қария Ахметбек Әрінұлының аузынан да естіген едік.

Қаракесектер қалжыңқой, тілге жүйрік емес пе. Келдібектің құрбы-құрдастары, жеңгелері анда-санда қалжыңға араластырып, Тоқмейілдің мінін бетіне баса әзіл арасында қағытып жүріпті.

Бірде Келдібектің отауында отырған замандастарының осындай сөздерін естіп қалған жас келіншек шап етіп беттен алмай, қонақтарға қарап, езу тартып, сыпайылықпен:

«Көзім қыли, жасырмаймын ақсақпын,  
Келдекеңмен сонда-дағы жақсы-ақпын.

Татулықтың белгісіндей тамаша  
Бес бошанды билейтін ұл таппақпын» –

дейді ғой.

Үйдегілер сөз қайтара алмапты, осыдан кейін қалжың сөз доғарылыпты.

Айтқанындай көп ұзамай Токмейіл ұл тауыпты. Оның атын атасы Шаншар Қазыбек деп қойыпты.

Токмейіл анасы Қазыбек жәйінде: «Осы шіркін нәсіпті болады, білемін», – дейді екен. Баласын алдына алып тербеткенде:

Айналып – толғанып өсірсем,  
Ақ сүтімді кешірсем.  
Адалдан болар нәсібің,  
Тіліңнен болар кәсібің, –

деп әндетеді екен.

Келдібек би мен Токмейілдің шаңырағында бұдан кейін бес ұл дүниеге келіпті. Ел-жұрт Токмейілдің балаларын «Ақсақтың алтауы» деп атапты.

Әр ұлының жас кезіндегі мінез-кұлқына, жүріс-тұрысына қарап келешегін болжаған екен. Екінші ұлы Сәдібек туғанда айтты: «Осы шіркін ызақор болар, бір емшегімді еміп отырып, көңіліне бір нәрсе ұнамаса, екінші емшегімді тырнап тастайды».

Үшінші ұлы Асан туғанда: «Осы шіркін даңғой болады-ау. Олай-былай жүгіріп, от пен суға түсе береді» – депті.

Төртінші ұлы Балапан туғанда, осы шіркін шешен болады-ау деген екен. Жылағанда таңдайы көрінеді екен. Балапан шешендікпен он сегіз жасында би болыпты.

Бесінші ұлы Үсенге «Осы шіркін кербез болар, қолына күйе жұкса саусағын шошайтып, денесіне жуытпай, кешке дейін жылайды», – депті.

Алтыншы ұлы Бөденеге «Осы шіркін батыр болар, емізгенде сай-сүйегімді солқылдатады, бір жастан асқан соң қайыстан жасаған қолбауды бұлқынып-бұлқынып үзіп тастайды», – дейді екен.



Тоқмейіл ананың балаларына берген осындай мінездемелерінің дұрыстығын өмір талдап берді.

Келдібектен (5) Қазыбек, Сәдібек, Асан, Үсен, Балапан, Бөдене.

### **Қаздауысты Қазыбек – қазақтың ұлы биі**

Қазыбек Келдібекұлы – қазақтың үш ұлы биінің бірі. Ол 1667 жылы Сыр бойында туып, 1763 жылы Сарыарқада Семізбұғыда дүниеден озған. Сүйегі Түркістан қаласындағы Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген.

Қазыбек сұңғыла ақылымен, асқан шешендігімен, шексіз тапқырлығымен, парасатты мәмілегер, батыл да батыр болған адам, әділетті би. Қазыбек би Тәуке, Семеке, Әбілмәмбет, Абылай хандардың тұсында мемлекет басқару ісіне белсене араласып, қазақ хандықтарының ішкі және сыртқы саясатына едәуір ықпал жасап отырған. Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғыны» жасауға қатысқандардың бірі. Ол жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған. Өз халқы былай тұрсын, шешендігі мен тапқырлығының арқасында ата жауы жоңғарлар қадір тұтуға мәжбүр болған дейді ел аузындағы аңыздар.

### **Қазыбектің алғашқы көзге түсуі**

Қазыбек он сегіз жасында Бертіс хан мен Тайгелтір би бастаған қазақ елшілерінің құрамында атшы бала есебінде жоңғарларға барған дейді аңыз-әңгіме.

Бұл 1684-85 жылдар болуға сәйкес. Ол кезде Тәуке хан (1680–1718 жж.) билік құрған еді.

Жоңғарлардың хонтайшысы Ғалдан Бошақты хан болатын. Қалмақтар 1680-84 жылдары қазақ елінің оңтүстік аумағында неше дүркін жорық жасап, барымтаға барып, адамдарды тұтқынға алған.

Қазақ елшілері Ғалдан Бошақты ханның ордасына келіп жайғасады. Хан келген елшілерді қырып тастағысы келіп, бәйбішесімен ақылдасады.

– Қазақта менімен сөйлесіп, теңдік алатын ұл әлі туған жоқ, – дейді ол бәйбішесіне. Елшілерді менсінбей оларды өлтіргісі келгенін айтыпты. Ханның бәйбішесі ақылды әйел болу керек:

– Қазақ та іргелі ел емес пе. Сенімен сөйлесуге жарайтын ұл неге тумасын. Келген адамдармен сөйлесіп, танысып көрсейші. Алдымен елшілермен кездес, егер келісе алмасаң, азғантай топты қырып тастау қиынға түспес, үлгересің ғой, – дейді.

Хан мына сөзге тоқтап, сыншысын жіберіп, елшілермен сұқбаттасуға тапсырма береді.

Сыншы қазақ елшілерімен сөйлесіп:

– Сендермен бірге келген кімдермен мен әңгімелеспедім, – дейді сыншы.

– Бәріміз осындамыз, бір ғана атқосшы бала жылқылардың арасында, – деген жауапты естіп, сыншы елшілердің жылқылары тұрған жерге барса, ертоқымын басына жастанып, қол-аяғын төрт жаққа соза шалқасынан түсіп, қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан баланы көріп, оның тегін бала еместігін бірден сезеді. Ханға келіп:

– Елшілер арасында сізбен сөйлесіп, теңдік аларлық ешкім жоқ, бірақ ерте ме, кеш пе дүниенің төрт құбыласын алармын деп жатқан атшы баладан сақтан – дейді.

Хан екі-үш күннен кейін қазақ елшілерін ордасына шақырып, бұйымтайын сұрайды. Елшілер мал-жанды қайтаруды әңгіме етеді. Бірақ хан олардың сөзіне дес бермейді. Келіссөз тығырыққа тірелуге айналады. Сонда есік жақта отырған бозбала орнынан атып тұрып, ағаларына қарап:

– Ерден ердің несі артық?

Ептестірген сөзі артық.

Малдан – малдың несі артық?

Бір-ақ асым еті артық.  
Жерден-жердің несі артық?  
Бір-ақ уыс шөбі артық.  
Міндетіне алған сөзден  
Шегінген жігіттен  
Өлген аюдың өті артық, –

дейді.

Содан кейін төрде отырған ханның жанына барып:

– Ел ебелек емес, ер кебенек емес – дейді.

Сонда хан:

– Әй, өзің жөніңді айтшы, атың кім? – дейді.

– Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым казак, руым Қара-  
кесек.

– Дауысың қаздың дауысындай қаңкылдап тұр екен. Ал,  
датыңды айтшы, – дейді хан.

Сонда Қазыбек:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз.  
Елімізден құт-береке қашпасын деп,  
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,  
Найзамызға үкі таққан елміз.  
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,  
Басымыздан сөз асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз,  
Дәм мен тұзын ақтай білген елміз.  
Асқақтаған хан болса,  
Хан ордасын таптай білген елміз.  
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,  
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды.  
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.  
Сен қалмақ та, біз қазақ,  
Қарпысқалы келгенбіз.  
Сен темір де біз көмір,  
Еріткелі келгенбіз.





ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК  
(АЙБЕКТИҢ САЛҒАН СУРЕТІ. 2007 Ж.)



ҚАБДЕН АРЫНБЕКҰЛЫ



КӘРІПБАЙ ДҮЙСЕМБЕКҰЛЫ





**КӘРІМ ӘЛБАЗАРОВ**



**ƏБІЛҒАЗЫ ЖҰМАБАЙҰЛЫ**



**ҒАББАС ИБРАЕВ**



**СМАҒҰЛ ҚАЙШЫБАЕВ**





**ЖОЛДАСБЕК, ХАМИТ, ТОҚМАДИ. ЕГІНДІБҰЛАҚ, 2007 ж.**



**СЛЯМБЕК ШАЛДЫБАЕВ**



**ҚАБДОЛЛА ӘБІЛПАНОВ**





**ЖОЛДАСБЕК, ТҰРЫСБЕК, ЕШМАН – ТӘТТІМБЕТТИҢ МҰРАЖАЙЫНДА**



**АМАНТАЙ СӘРСЕМБЕКОВ**



**АЙБЕК БЕГАЛИН**





**ЖҰМАБИКЕ, БЕКМАҒАМБЕТ**



**АҚПАН, 2006 ж.**





СЕРІК



ГҮЛНАР



АЙГҮЛ





**СЕРІК, ЗӘУРЕ, ЖАНАР, АРМАН, МАДИНА, НАТАША, АЙГҮЛ, НҮКЕЖАН, ГҮЛНАР, ЭЛЬЧИН, АЛТЫНАЙ,  
БАҚЫТ, АСҚАР, АЙЖАН, ЕРНАР, ЖАҢЫЛ, ЖОЛДАСБЕК, ЖӘНІБЕК, ҚАМАРИЯ, КЕНЖЕШ**





АЛМАТЫ МЕН ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ТУЫСТАР:  
МӘКЕН, ЗҮКЕШ, МҰҚТАР, ЖОЛДАСБЕК, НҮРИЛА, ҚАЙРАТ,  
АСҚАР, ЗУРА, ҒАБДУЛСӘНӘ, СМАҒҰЛ, МАДИНА (10.01.05)

АЙГҰЛ, ЕЛУҒАЙША, РОЗА,



ҚАРАҒАНДЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТУЫСТАР: ЖОЛДАСБЕК, ГҮЛДІРАЙХАН, УӘШ, КҮЛКЕН, РАЯ, РОЗА, МАХМЕТ,  
ҚУАНЫШБЕК, РАЯ, БАҚЫТ (10.01.05).



Екі еліктің лағын  
Теліткелі келгенбіз.  
Танымайтын жат елге  
Танысқалы келгенбіз.  
Танысуға көнбесең,  
Шабысқалы келгенбіз.  
Сен қабылан да, біз арыстан,  
Алысқалы келгенбіз.  
Жаңа үйреткен жас тұлпар  
Жарысқалы келгенбіз.  
Тұтқыр сары желімбіз  
Жабысқалы келгенбіз.  
Берсең жөндеп бігімді айт,  
Бермесең дірілдемей жөніңді айт  
Не тұрысатын жеріңді айт, –

депті.

Сонда Қонтайшы не дерін білмей, сасып қалып:

– Әй, өзің сөзге келетін бала болсаң, отырған орның қандай төмен еді. Былай жоғары шықшы, жоғары деп қолтығың аша беріпті дейді.

Сонда Қазыбек:

– Біздің қазақтың әдетінде жолына қарап отырып, жасына қарай сөз сөйлей береді. Өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей, – деп орнына барып отырыпты.

Сонда Қазбектің сөзі ханның басынан асып, хан не дерін білмей, сөз айта алмай қалыпты.

Әлден уақыттан кейін:

– Жаным Қазыбек, сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің. Сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай Қаз дауысты Қазыбек болсын, – депті. Екінші-

сі – тоқсан жеті жүлдені саған арнап байладым, бұдан былай сен екі сыбағалы бол, – депті.

Сөйтіп, есеп-қисап бітіп қазақтар еліне қайтыпты. Осы бітімнен кейін қазақ пен қалмақ арасында біраз уақыт тыныштық орнапты.

Бірақ, қазақтың ұлан-байтақ жеріне, мыңғырып өскен малына қызыққан қалмақ ханы тұтқиылдан қазақ еліне тағы да басып кірген екен.

## Екінші рет елші болып баруы

Қанды қырғын ұрыстан кейін қазақ пен ойрат бір-біріне елші жібермек болады. Ойрат қонтайшысы сірә, Севан Рәбдән болса керек:

– Қазақтың атақты үш биінің бірі келсін. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрған нашар біреу келсе, бітім болмайды, – деп қолқа салады. Осы хабарды естіген үш би қырандай дүр сілкініп, әрқайсысы өзі бармаққа ниет етіпті.

Төрде отырған Төле би аналарға кезек қарап, екі етегін қымтанып, екі иығын қомданып қойып, тамағын қырнайды:

– Уа, қос інім, қос шырағым! Аға болып алдарыңа түсейін деп тұрмын. Ағаң алдыңдағы әуелеп өскен тұрағың, інің қанатың мен құйрығың – қайрап салар жарағың. Артымда сендер барда қанат жайып самғармын, алысқанды сермермін, дауласқанды жайғармын, жауласқанды жерлермін, мен барайын бұл жолға – дейді жайраң қағып.

Сонда Әйтеке жалт етіп, шапшаңдық танытыпты:

– Уа, Төкем! «Аға бордан, іні зордан», демей ме, «Іні – найза, аға – қорған» демей ме? Арқамды қорғанға тіремеймін бе, найзамды ерсілі-қарсылы іремеймін бе? Жағаласқанды жапырып, дауымды артып күремеймінбе, менің баруым жөн емес пе? – дейді ғой.

Сол кезде қоңыр қаздай дауысын бір жотадан, екінші жотаға асыра саңқылдап, Қазыбек есіліп кетіпті:

– Уа, асыл ағам, уай асқақ інім! Ағасы бардың жағасы бар емес пе, жағасы бардың тоқсан пәледен сақтар панасы бар емес пе? Інісі бардың тынысы бар емес пе, тынысы бардың елде ырысы, жауда ұрысы, дауда жұмысы бар емес пе?

Екі би үнсіз бас шұлғып, бірақ тіл қатып ләм дей қоймапты.

Қаз дауысты Қазыбек енді Төле биге еңсеріле бұрылып:

– Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен. Қазақта хандыққа жолсыз таласқандар болғанмен, билікке жөнсіз таласқандар болған емес.

Ендеше, әділ би, әділетін өзің айт. Аттың басы күшті ме, белі күшті ме, құйрығы күшті ме? – дейді.

– Шырағым, Қазыбек, жол бастайды әменде омырауы жүйріктің бөгелекті қуарда пайдасы мол құйрықтың, аттың белі қызыметті көп қылар. Саған кепті кезегі осы жолғы бұйрықтың.

– Жай онда қолыңды: – Атасызға ата бол, батасызға бата бол, арып-ашқан қаріптің жел жағына жота бол, панасызға пана бол, кек сақтамас бала бол, дос сүйініп, қас сыйлар асу бермес дана бол, – деп батасын беріп, аттандырып салыпты.

Бізге жеткен осы бір аңыз-әңгіме бабаларымыздың сөзге шеберлігін, ойлау қаблетінің биіктігін көрсетпей ме?

Сонымен Қазыбек бастаған қазақ елшілері Ойрат еліне келеді. Оларды сынау үшін Қонтайшы қарапайым киініп, белін жіппен буынып, түріне кәрілік сипат беріп, жотасына бөстек өңгеріп, елшілер түскен үйге келеді. Сәлемдескеннен кейін:

– Әуелінде не бар, ортасында не бар, ақырында не бар? – деп бүкір адам кейпіндегі қонтайшы Қазыбекке шаншыла қарайды.

– Аға, мінәжәт етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па, – деп Қазыбек жауап беріпті.

– Аспан мен жердің арасы қаншама жер? – дейді. Бүкір қайтадан сұрақ беріп:

– Аспан мен жердің арасы бір-ақ шақырым жол ғана. Олай дейтінім ол араны ешкім құлаштап өлшеген емес, қадамдап



басқан жоқ. Кемпірқосақ құрылып, аспан мен жерді табыстырып кететін. Доғаланған иіні шақырымдай-ақ жерден өтетін, – деп Қазыбек тағы бір қайырып тастапты да, әрі қарай: күншілік жер жүріп өтіп, ұясында қалжырап жатады. Ал, кереметті көзбен көрген шығыс пен батыстың арасында зымыраған күнге ерген азаматты естіген емеспіз, – деген де қонтайшы үн-түнсіз шығып кетіпті.

Осы қағыс сөзден кейін қонтайшы қазақтың бір данагөйі келгенін аңғарып, елшілермен мәмілеге келіпті дейді аңыз-әңгіме.

Қазыбек би әйгілі болып тұрған шағында еліне жәйлі қоныс іздеп, Сарыарқаны шолып қайтуға кетіпті. Соны сырттан естіген қалмақ Қонтайшы дереу қалың қол аттандырып, Қазыбекке қараған елді шауып алады. Жоңғарлар мал мен қоса жүзге тарта ер балаларды да матап-байлап әкетеді. Оның ішінде Қазыбектің үлкен ұлы Қазымбет те бар екен. Өйткені Қазыбектің тұқымынан біреуді қайтсе де ұстап әкелу жөнінде ханның тікелей тапсырмасы болған дейді.

Сарыарқаны қоныстыққа ұнатып елге қайтқан Қазыбек шабылған елін көрген соң өзі басшы болып, қалмаққа тағы да жол тартыпты.

Алғашқы кездесулерде Қазыбектің даналығын ұққан Қонтайшы, оның ұрпағымен жақындасуды ойлаған екен. Сондықтан «Қазымбет тірі емес» – деп құн төлеу ниетін білдіреді.

Сонда Қазыбек тұрып Қонтайшыға:

– Жұмыр бас бозымның өзін қайыр, төрт аяқты малымның көзін қайыр. Ерім үшін құн алмай өлісемін, Бозымның көзі жоқ болса, екі есе құн аламын. Бұл айтқаным болмаса, тал түсте талап аламын – дегенде Қонтайшы:

– Қазыбек би, ерім үшін құн алмай өлісемін дегенінді жөн дедік. Ал бозымның төлеуіне екі есе құн аламын дегеніңе жол болсын, – дейді.

Сонда Қазыбек:

– Бозымның төлеуі екі есе болатын себебі – белеңнен шыға келген қалың топтың ішінде оның жарқеткен айбыны Қонтажыдай жанды сескендіреді. Төлеуі толық болса, ендігіәрі есте жүреді, – дейді.

Қазыбек осылай Қонтайшыны жеңіп, шапқыншылықта қолға түскен балалар мен қоса малдың көзі барының көзін, көзі жоғының төлеуін алып қайтыпты.

Осы бітімнен қайтқан бетте Қазыбек елін Сарыарқаға көшіріп, бұл жерді атамекендік қоныс етеді. Бірақ, әлі жаңа қонысқа көшіп болмаған елдің соңғы бөлігін және Қазыбекке ниеттес кіші жүздің біраз ауылдарын Қонтайшы тағы да шауып алады.

Қазыбекке шабылған елден хабаршы келеді. Сонымен Қазыбек тағы да үшінші рет қалмаққа тартады.

Қонтажының алдына серт қойып, ендігі әрі мұндай шапқыншылықты қайталай алмайтындай етуге немесе біржола бітіспекке бекіп аттанады.

Қазыбек қалмақ ханы Қонтайшының ордасына түсіп:

– О, қалмақ ханы, сен ел шабуды қоймадың, мен елшілікке келуден танбадым, – дейді.

Қонтайшы бұған:

– Қазыбек би дұрыс айтасың. Сенің бозбала күнінде айтқан сөздерінді естіп, «шіркін-ай, мынадан бір тұқым алар ма еді» – деп ойлаған едім. Содан барып, Қазымбеттей ұлыңды алдырттым. Бірақ, сен келіп, бозымның өзі қайтпай тұрып, «бітім етпеймін» – дедің. Не бізге тіліңді кесіп тастап та кетпедің.

Содан кейін менен іргеңді аулақ салып, әрі көштің. Сені қайта бір келтіру үшін мен артта қалған еліңді шауып алдым. Ендігі сөздің турасы – сенімен достасуға құмармын. «Даудың артын қыз бітейді, судың артын шым бітейді» – деуші еді. Сондықтан не қыз ал, не қыз бер, – депті.

Сонда Қазыбек ханға:

– Саған беретін қызым жоқ, қыз берсең алайын.

– Сенің ұлдарың нешеу?

– Бес ұлым бар, ел бастайтын Бекболат.

Осыдан кейін Қонтайшыы өз қызын Бекболатқа қосуды өтініпті.

Сонымен қазақ пен қалмақтың шапқыншылығы тоқтаған екен – дейді ел аузындағы аңыз-шежіре.

## Қаздауысты Қазыбектің ұрпақтары

Қазыбектің (№ 6А) бәйбішесінен Қазымбет, Сырымбет, Базаркелді, Барқы. Тоқалынан: Бекболат, Әлімжан, Манқан, Қазымбет Қазыбекұлы.

Қазымбеттің (Қазыбек бабамыз тірісінде қырық немере сүйген ата № 6) бірінші әйелінен Жанай, Қанай, Атымбай, Анай; екінші әйелінен – Қараұзақ (одан Оразбай, одан Лақ), Жанұзақ; үшінші әйелінен – Құлтеке, одан Жанаберген, Ыбырай. Ыбырайдан Мұса, одан Сұлтанбек, одан Мырзатай. Жанай Қазымбетұлының (№ 7) бәйбішесінен Ердене, Күлікбай, Ақтамбет.

Ерденеден Төлеп, Жайсақ, Мәкен, Әлмақан. Жайсақтан Қамал, одан Едіге, Еламан. Мәкеннен Қайлақан, Қашық, одан Шағатай. Шағатайдан Үкітай, Ертай, Қабыйден (-Хамит), Нұртай (-Алмаз).

Әлмаққаннан Әкітай, Жәкітай (-Қайырбек, Мүбәрак).

Күлікбай Жанайұлынан Сарт (-Жақыпбек, Түсіпбек, Қылсымбек, Қазбек, Хамит, Мәжит).

Ақтамбет Жанайұлынан Бибала (-Момынғұл, одан Жұмәділ, одан Нұрке, одан Марат).

Жанай Қазымбетұлының тоқалынан (№ 8) Таң, Қойшора, Молдабай, Қожабай. Таңнан Жағыпар, одан Досмағамбет, одан Жәмәли, одан Ережеп.

Жанайдың үшінші әйелінен Бибала, Епжекей, Кенжекей, Көрпебай. Бибаладан Мәшен, Күлшәріп, Жұмажан, соңғыдан

Зейнолла, одан Райхан. Кенжекейден Айжан, одан Ахмади, одан Қаби (-Ғайни), Хайролла (-Жанбота).

Қанай Қазымбетұлының (№ 9) бәйбішесінен Бәзіл, Байтөбет. Байтөбеттен Алдаберген, одан Атымтай, Қауғабай, Сағынбай, Байғұл (-Нұрлыбек), Дүйсекей. Дүйсекейден Марат (-Ерік), Әліке.

Қанайдың тоқалынан Атығай, Дүйсембай, Қауғабай, Қаражан, Қоғабай, Құлманбет. Атығайдан Рахманқұл, Жүмәділдә, Қонырбай (-Мақсұт).

Қаражаннан Сәрсембай. Құлманбеттен Жолдыбай, одан Әйнекей және Айтжан, одан Дүйсенбек, одан Кәкен, одан Марат, Болат. Болаттан Кайрат.

Қанайдың тұңғыш ұлы Бәзіл (№ 10) дедік. Ол бес әйел алған. Бірінші әйелінен Саржан, Өмірқұл, одан тұқым жоқ. Екінші әйелінен Құлманбет. Үшінші әйелінен Қорабай. Мұнайтпас. Төртінші әйелінен Әбдікей, Мәкей. Бесінші әйелінен Байгелді.

Құлманбет Бәзілұлынан Жапақ, одан Асайын, одан Рақымжан, одан Бекен, Ертай.

Қорабай Бәзілұлынан Әнтеке, одан Әміре, одан Мешел. Әбдікей Бәзілұлынан Жапар, одан Хамит, одан Әбді, одан Шарбан, одан Нығыман. Байгелдіден Арун, одан Бейсен, одан Шәкір (-Шокан, Уалихан, Болат, Марат), Ешман (-Алтын, Әсел, Динара, Жұлдыз, Сабина және үлкені Қанағат одан Азамат).

Саржан Бәзілұлынан (№ 11) Есмағамбет, Жылқыбай, Қабыл.

Есмағамбеттен Жұмаділ, Әділ, Балау, Ескендір, Мүсірім, Қамзе.

Балаудан Зейнолла, Камал, Қазали. Зейнолладан Даниял, одан Қанапия (-Мадияр, Алдияр, Бақтияр); Нұрлан (-Ермек); Шұғайып (-Арман). Камалдан, Әмір (-Рамазан), Темір (-Руслан). Қамзеден Абдолла (-Жанабіл, Бақыт, Сейдолла, Қамбар), Әшен (-Абылай, Бабай, Уахит).

Әділден (№ 12) Жәкіш, Әлбазар, Түсіпбек, Ақметбек, Мәшірап. Жәкіштен Хамит, одан Мәт (-Нұржан), Абай (-Айжан),

Мәди (-Бауыржан, Алихан); Рашит. Әлбазардан Шапағат, одан Бауыржан (-Әбілжан, Қайыржан), Бақытжан; Кәрім (-Мадина, Амина, Дина, Ғалымжан, Қадыржан).

Қызданбике мен Айбикеден тараған Шаншардын ұрпақтарын Әлбазарұлы Кәрім ақсақалдан алдық. Ол жүз жасаған әкесі Әлбазардан жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдары жазып алған екен. Сексенге таяған Кәрім ақсақал жарты ғасырдан артық өмірін жастар тәрбиесіне арнаған, оқу-ағарту ісінің ардагері, азан қойылып аталған есімі Мұхаметкәрім (2008ж. қаңтар айында дүние салды). Әкесі Әлбазар Әділұлы мұсылманша оқып, қари аталған азамат екен. Жүз жас жасапты. Оның атасы Есмағамбет (Боккөт) Меккеге барған, қажы.

Жылқыбай Саржанұлынан (№ 13) Қорабай, Қасқабай, Шауқар, Алдамжар, Қисықбас, Шалабай. Шауқардан, Қарақожа. Алдамжардан Қожақапас. Шалабайдан Аухади, Көккөз. Аухадидан Сәпуар (-Мақсұт одан Арман), Мінуар, Сәйт (-Жұмабай, Нұрлан) Көккөзден Қабылқак (-Марат), Сабыржан (-Әлішер, Саржан), Тілеухан (-Сұңғат).

Қабыл Саржанұлынан (№ 14) Садық, Құсайын, Хасен, Қасым, Шаман, Шайман, Қайпалан. Қасымнан Мұрат, одан Сапар, Мейрам, Асқар. Шаманнан Уалихан, Мағдат, одан Ермек (-Хасен, Құсайын), Жанқұбы. Шайманнан Бағдат, Бекен, Көшербай. Қайпалақтан Әнес, одан Жайқұбы, Төлеу, Нұрлан.

Атымбай Қазымбетұлынан ((№ 15) Таңқай, Жанатан, Байтабан, Дүбір, Құдияр, Қарабек, Бәсібек. Таңқайдан Шорабай, Рақымбай, Әбдірахман, Көшен. Жанатаннан Күлікбай, одан Сарт, одан Жакыпбай (-Бөкен, Бәри), Жакыпбек, Қылышбек (-Сұният, Ерсайын), Түсіпбек (-Бозманай). Байтабаннан Боқтанбай, одан Актымақ, одан Хасен (-Мұзапар). Бәсібектен Секен (-Кенжекей), Төкен (-Базкен). Баятаннан (№ 16) Шәкібай, Тоқбай, Бәкібай, одан Төлеу (-Дүйсенбай, Кәрім), Ықтымбай, одан Хасен (-Мұзапар). Дүбірден Шақай, Төкей, одан Дауренбек, Жұмабек, Жолдасбек, Елубай, Аязбек, Қалымбек. Соңғыдан Зейнолла (-Серік).

**Анай Қазымбетұлынан** (№ 17) сегіз бала Сүгір, Тоқшора, Тоқжігіт, Жолшора, Молдабай, Қожабай, Таң, Ақманбет. Тоқжігіттен Күлшәріп, одан Абайділдә (-Рахыман). Таңнан Жалбыр, одан Досмағамбет (-Ережеп). Сүгірден Жұман (-Бекмағанбет, Біләл, Теміржан, Айып, Шәріп), Оспан (-Әлиақбар, Мұхамедқали, Садық, Кәрібай, Шәкірбай), Аман (-Білімжан, Кәміш, Әбілжан, Ақтай), Ман. Маннан Аман, одан Жұман (-Оспан); Қалмет. Қалметтен Абзалбек (-Балташбек, Айтбек, Ризабек, Төлеубек, Ырымбек), Түсіпбек, одан Жүкіш (-Бақыт, Хамит, Мұрат).

Тоқшора Анайұлынан (№ 18) Байжан, одан Тасырбай, Емберген. Ембергеннен Смағұл, Ысқақбай, Жүнісқали, Құрманғали. Құрманғалидан Нұршайым, Зейнеп, Айтмағанбет (Әділ, Рүстем, Саида, Гүлжан), Әбілқасым (-Динара, Гүлнара), Нұржамал, Нұрғайым. Ақманбет Анайұлынан Бибала, одан Малшиғұр, одан Жұмаділ, одан Нұркей (-Марат). Анайдың Жолшорасынан (№ 19) Ахмет, одан Мәлікқажы, одан Бөкен, одан Арыпша. Молдабайынан Бекбау (-Смағұл, одан Жәйлән), Шеген (-Жәлел), Бөдеш (-Жағыпар), Боқыш. Қожабайынан Әбдіхамит (-Ермак, Асан, Үсен).

Зейнеп Құрманғалиқызының зайыбы Қазыкен Базылов Кәрім ағаға жол сілтеген азамат екенін айта кеткен жөн болар.

Қазымбеттің ұрпағынан әлденеше қазы, билер шыққан. Қалдыбай қожа осы әулет жайында былай деп жырлаған екен:

Қазымбеттің баласы – Қанай, Жанай,  
Орғаншысы – Атымбай, кенжесі – Анай,  
Қараұзақ пен Жанұзақ – Қарақалпақ,  
Құлтекесін сұрамаймын Әлдеқалай? ...

Қанай, Әділ Есмағанбетұлы би болған. Есмағанбет Саржанұлы қажылыққа барған, шешен, тілді адам болған. Құлтеке Қазымбетұлы суырып салма, төкпе ақын болған.

### **Бекболат Қазыбекұлы**

Қаздауысты Қазыбектің үлкен үміт күткен, елге бас болады деп ойлаған баласының бірі Бекболат. Бекболат ел билігіне



араласқан, хандармен жақсы қарым-қатнаста болған, ерекше зиялы, зерделі би, батыр да батыл адам.

Бірде Құлтеке батыр жорықта жүріп, жолшыбай кездескен бір айғырдың үйірін айдап кетіпті. Бұл Абылай ханның жылқылары екен.

– Мені басынғаны ғой, – деп намыстанып, Бекболаттың ауылына келіп түседі. Бекболат кінәсін мойындап:

– Тоғыз айыппен жолыңызды алып, кешіріңіз. Балалықпен байқаусызда істеген іс қой, – дейді.

Ханның қасындағы Бекболатпен бақ-күндестер Абылайға:

– Бұл сізге қыр көрсеткені деп біліңіз, мұны басуыңыз керек қой деп, шағыстырып, өшіктіре түспесі бар ма.

Сондықтан Абылай хан:

– Мен малға құн алмаймын, тентек інінді өлтірмей ашуымды баса алмаймын, – дейді. Бұл сөзге Бекболат:

– Ендеше мен де өз інімді өзім өлімге ұстап бере алмаймын, – депті.

Сонда Абылай хан үндемей кетіп қалып, артынан көп адаммен келіп, Бекболаттың інісін ұстап, арқандап алып кетеді.

Мұны естіген Бекболат Абылай тобын қуып жетіп:

– Әй, Абылай, мұнан бұрын жолдастыққа мен қандай едім, қасындағылар қандай еді? – дейді.

– Сен бір төбе, бұлар бір төбе еді, – дейді Абылай.

Бұл сөзді естіген Бекболат атының басын теріс қаратып алып:

– Орал таудың ор түлкісі,  
Айнала құса ит жетпес,  
Орал таудың ақ иығы,  
Ақ иық келсе тек кетпес,  
Сондадағы мерт етпес, –

деп байлаулы інісін шешіп алып, жөнеле береді. Оларды ұстағысы келген нөкерлерін хан тоқтатады да:

– Бағана менің сендер бір төбе, Бекболат бір төбе дегеніме



намыстанғандай болдыңдар-ау. Ал Бекболат жаңа не айтып кетті, түсіндіңдер ме? – деп қасындағыларға қарайды. Тұрғандардың біреуі:

– Сол арасын аңғара алмай отырмыз, – дейді. Сонда хан:

– Білмесендер, енді онымен таласып, өкпелеспендер, әлгі сөзінің мәнісі былай: «Орал таудың ор түлкісі» деп ол өзін айтты. Айнала куса ит жетпес деп сендерді айтты. Орал тауының ақ иығы деп мені айтты. «Ақ иық келсе, тек кетпес деп келіп қалған соң ашумен інімді алған шығарсың» дегені. «Сондадағы мерт етпес» дегені ханнан халық күшті, хан да болсаң ақылға салып, інімді босат, айыбына өтем алып, бітерсің дегені емес пе депті.

Айтқанындай-ақ Бекболат артынан айыбын ханның ордасына жіберіпті де, екеуі қайта достасыпты.

Бекболаттан (№ 20) Елемес, Андамас, Сексембай, Шүңгіл, Сүлім, Мыңбір, Тіленші.

**Мыңбірден** Арықбай, Айнабай, Жарқын. Соңғыдан Жақсылық; Жұмажан, одан Жүніс (-Боранбай, Орынбай); Байжұман, одан Бұқпа, одан Рахметолла (-Жиенбек, Жәнібек, Оразбек). Жақсылықтан Әбдірахман, одан Қапан (-Темірлан, Нұрлан); Күлямір. Соңғыдан Рахметолла (-Марат, Болат), Сұқбатолла.

**Тіленші Бекболатұлы** ұзақ жылдар еліне төбе би болып, халық көңілінен шыққан әділ қазы атаныпты, шешен, тілді, ақылы терең, жаратылысы да кеңпейіл жан болған, ұпайын ешкімге жібермеген, бірақ еселі сөзге тоқтай да білген.

Ел аузында Тіленшінің керей Жәнібекпен сөз қағысы жайында төмендегідей айтылады.

Бір жиында керей Жәнібек би жұртқа есе бермей, сыпыра жеңе беріпті. Намыстанған қаракесектер Тіленшіге хабар жіберіп шақырыпты. Ол сәлем беріп, үйге кіргенде жұрт жапатармағай өре түрегеліп құрмет еткенде, Жәнібек жантайған қалпынан қозғалмапты. Сонда Тіленші:

– Мынау ақсак керей жаман Дәуіттен жақсы болып тудым деп асып жатқаны ма, әлде қалың арғын ортасында не айтарын білмей

сасып жатқаны ма, – деп қалжыңдап сөз тартыпты. Жәнібек жантайып жатқан калпы:

– Мені сөзден жеңбекке Тіленші жеткен екен. Әлгі сөзді тауып айттың, Тіленші би. Менің ата-тегімнің нашар екені айдай шындық. Жаманмен дос болғанша, жақсымен өш бол деген.

Уа, мен жас күнімде қыздарды көк бұқадай құдым. Жиырма бесімде қолымды қара қанмен жудым. Отыз бесте үш жүздің баласын қара сөзбен будым... Сенің әкең он екі рулы арғынның ағасы, атадан асыл туған Бекболат еді. Сонан мен тусам – қандай болар едім? Он екі ата абақ керейдің ең жаманы, өзің айтқандай, менің әкем Дәуіт. Сол Дәуіттен тусаң – сен қандай болар едің?. Мен отындық ағаштың ішінен шыққан мүсіндей ақ асыл емеспін? Сен жақсыдан туып, ата даңқыңның буымен масақ терген әншейін қара емессің бе?! – дегенде Тіленші орайлы сөз айта алмай, тымтырыс отырып қалыпты-мыс...

Осы әңгімеден кейін біраз уақыт өткен соң Жәнібек жолаушылап жүріп, Тіленші бидің үйіне түсіпті. Тіленші жақсы қарсы алыпты. Осыған риза болған Жәнібек аттанарда:

– Сүйек жаңғыртып, құда болайық! – деп қолқа салыпты. Жәнібектің нағашысы қаракесек руынан екен. Сонда Тіленші:

– Сен жаһанға жалғыз біткен шынарсың, қазан жетіп бір күні сынарсың; сонда сені іздеп әрлі-берлі шабармын, жалғыз ағаш сынған соң, орнын іздеп қалай табамын? Ал мен қалың орманмын, іздей қалсаң – табуың оңай... – депті Жәнібектің артында орынын басатын есті баласы, иә інісі жоқ екен, соны тұспалдап білдірген соң – қайран Жәнібек би сағы сынып, жеңілгенін мойындап, сөз қайыра алмапты. Ауылдан ұзай бере жолдастарына:

– Сөз қағысқан адамнан жеңіліп көрмеп едім. Қандай қырсық, қыңыр сөз естісем де алла тағала ауызыма орайлы сөз салып жіберуші еді. Бұл жолғыны жаман ырымға жорыдым – ажалым, сірә, таяса керек, ауылыма тезірек жеткізіндерші – деген ғой. Расында да көп ұзамай Жәнібек би өмірден озған екен.

Тіленшіден (№ 21) Тоқсанбай, Алшынбай, Берді, Қойшы, Бұзау, Ахмет. Ахметтен Нұрпейіс, одан Аймағамбет. Тоқсамбайдан Жаубасар, Құрманбай, Бозай, Молдабала, Жанмолда, Кенжетай, Аужан, Уаш, Сүлеймен. Жаубасардан Жұртыбай, одан Теміржан. Құрманбайдан Мұрат (- Жұмәділ, Әлиман, одан Шайқы), Әділқан, Қалиши (Сәкен, Жәкіш). Бозайдан Досым (-Адам, Ботакөз, Ибіш, одан Қамал), Иса (-Енсебай, Әбдікәрім, Төлетай). Жанмолдадан Омар (-Мұқаш), Әбіл, Мағзұм (-Мәжит), Қасен. Кенжетайдан Ақмет, Исмайыл, Жұмабек, Назыбек, Адам (-Нұрғамит).

Тоқсанбай, Алшынбай, Қуан, Орынбай, Тілеулі Джайлялов т.б. 1854 жылы Әйбике әулетінен би болып сайланыпты. (21, 282-283 бб.)

Алшынбай Тіленшіұлы өз заманының ірі тұлғалы қоғам қайраткері болған адам. Алшынбай Қарқаралы ауданының сөз тыңдар бас биі болып тұрған. Ол өңірде бәрі оның сөзіне тоқталған. Бір жолы Құсбек төре Алшынбаймен араздасып қалып орнынан айрылған. Алшынбаймен жақсы қарым-қатынаста болған Құнанбай тобықты еліне аға сұлтан болып сайланған. Алшынбай сөзі өтімді, айтқан билігі кесімді аға би болып өткен. Екінші жағынан Алшынбай мен Құнанбай құда-жекжат еді. Құнанбай Алшынбайдың Жүсіп деген баласының, Ділдә атты қызына құда түсіп, Абайға алып берген. Сонда ол Абайға қайын ата болып шығады. Құнанбай Қарқаралыға мешіт салдырған. Сол жылы Алшынбай барып, Құнанбаймен Бөжей арасындағы бітіспес дауды тоқтатыпты. Екі ел осы үшін Алшынбайға риза еді. Академик Мұхтар Әуезов «Абай» эпопеясында Алшынбайдың бітімді сөзін былай келістірген:

«— Бүгін мына мешіт бітіп абыройың асып отыр, атағың көпке кетіп жатыр. Соны күндейтін кісі де көп. Алдымен анау көрініс, мына жаңағы майыр күн дейді, кішіреймейсің. Кешірім етерсің ақ көңілің мүлде ағарсын.

Мұның да бір Құнанбайлығың болсын — ана Бөжей ағайыныңызды жау ғып жатқа жіберме, бауыр ғып қасыңа тарт татуласшы осы.»

Алшынбай өз заманында талай-талай думанды жиындарға қатысып, ірі-ірі дауларды шешуге белсене араласқан. Алшынбай айтыпты деген кесімді билік, шешендік сөздер аз емес. Оның кейінгі ұрпаққа өсиет нақыл етіп айтқан бір сөзі төмендегідей:

Он теңге дүние болмас,  
Бес теңге бие болмас.  
Өз малын азсынып,  
Біреудікін көпсініп жүрген  
Күншілдер өз мүлкіне ие болмас.

Өнер алды қызыл тіл.  
Қызыл тілін безеніп,  
Шешен жігіт дауда ойнар.  
Ақ балтырын түрініп,  
Балуан жігіт тойда ойнар.

Баданасын киініп,  
Бар қайратын жиынып,  
Жасыл туын көтеріп,  
Шашақты найза қолға алып,  
Батыр жігіт жауда ойнар.

Дастарханын кең жайып,  
Жомарт жігіт күнде ойнар.  
Сыйласуға жарамай,  
Нәмәрт жігіт сор қайнар.  
Баданасын қия алмай.  
Багып жауға тие алмай,  
Бедірей – бетпақ үйде ойнар.

Алшынбай Тіленшіұлының (№ 22) бәйбішесінен (А) Жүсіп, тоқалынан (Б) Қақабай, Бипау, Қосық, Шәпи, Бәни.

Жүсіптен Бекежан (-Нұри, одан Мүсілім, одан Микаэл), Қадір (-Зікір), Нәдір (-Камен), Сламбек (-Тұрлыбек, Бәһуаз, Нұрлыбек, одан Бәрике), Ділда, Тоғамбек (Мұзафар, Кәріп).

Осы Ділда Жүсіпқызы (1848-1924) – дүние жүзіне әйгілі қазақ халқының ұлы перзенті, ғұлама ойшыл, философ, ақын Абай Құнанбаевтың жас күнінен айттырып алған бәйбішесі.

Қақабайдан Мәшрап, (Қанафия), Айқожа (-Мұхамбетрақым, Мұхаметжан, Рақыш), Аймағамбет, Ермағамбет, Ахметбек, Рақымбек.

Қосықтан Тоқан, Баязит. Бәпиден Мәди. Шәпиден Кәдірбек (-Мақсым), Мырзахмет, Теміржан (-Қасенбай).

Бипау Алшынбайұлының (№ 23) бәйбішесінен Жұқабай, одан Бостанбай, одан Үркін, одан Қиқа, одан Қисамиден, тоқалынан Дөнгелді, Итемген.

Итемгеннен Әжін, Ағыбай (-Мұса), Жамбай (-Асанәлі, одан Қани), Шалғам (-Төлекей, Әқпар).

Алшынбай ұрпақтарынан өрбіген байлығын жұрттан асырған байлар да, ел билеуші азаматтар да, өнер қайраткерлері аз болмаған.

Алшынбайдың немересі Мәди Бәпиұлы (1880-1921 жж.) саңлақ әнші, ақиық ақын, елін, жерін шексіз сүйген батыл да, батыр азамат.

Мәдидің бүкіл өмірі еркіндікті аңсап, әділетсіздікке қарсы аянбай күресумен өткен. «Ұры» деген жаламен Атбасар, Қарқаралы, Семей, Омбының түрмелерінің дәмін татқан. Оның жұрт жадында сақталған өлеңдері, әндері шер мен кекке толы. Оның «Қаракесек», «Үшқара», «Мәди», «Шіркінай» атты өлең - әндері халқымыздың асыл мұрасына еніп, Мәдидің қажымайтын, талмайтын, үлкен жігерлі азамат екенін танытты.

Мәдидің әкесі Бәпи көп сөйлемейтін жуас адам екен. Ағасы Қақабайға көмектесіп, малын бағыпты. Алшынбай балаларына енші бөлгенде Бәпи малын Қақабайдың малына қосыпты. Мәди ержеткен соң Қақабайдан әкесінің еншісін сұраса керек. Қақабай

жуытпапты. Араларына кірбің түсу осыдан екен деген әңгіме бар.

Берді Тіленшіұлынан (№ 24) Баймолда, Бөжан, Сыздық, Бөжаннан Мақан (-Кәрібек), Құлахмет (-Ауқан, Шантай, Қылыш), Тока, Қожахмет (-Алтын). Қойшы Тіленшіұлынан Молдашпай, одан Шәріп, одан Әлім (-Секен), Бәкен, Құлғарып, Уахит (-Рүстем).

Бұзау Тіленшіұлынан (№ 25) Мұсабек, Жалбағай, Омар, Нығман, Ғұмар, Ибінші. Мұсабектен Жұмәділ, Асқар. Асқардан Әбен, Қалкен, Қабдішүкір. Әбеннен Әубәкір (-Абай, одан Алдош, Шәрәпәт), Қабыл (-Рүстем, Жалбағай, одан Рабыл). Нығманнан Қасымжан (-Нұрәлі, Нұртаза).

Ғұмардан Ытқан (-Мәлік, Әждар, Иран, Мықаш, Әлия), Қанапия, Нұртаза, Такыр, Сәмет, Ақан.

Омар Бұзауұлынан (№ 26) Іриян, Ғалы (Тоқаш), Малғаждар. Ірияннан Алтынбек (-Альмира, Альбина), Асылбек (-Рүстем, одан Рияна), Бежамал, Нұрғайа, Бибінұр. Ғалыдан Темірбек, Қылымбек (-Мәди, Ернұр), Өмірбек, Ризабек, Серік (-Қазыбек), Мұхтар (-Ярасыл), Насин. Малғаждардан Мирамбек, Назарбек, Қалымбек, Қадырбек.

Сырымбет Қазыбекұлынан (№ 27) Домалақ, одан Жәшібай.

Базаркелді Қазыбекұлынан (№ 27) Итемген, Дөнгелді, Жұқабай. Итемгеннен Ағыбай (-Мұса), Шалғымбай (-Төлекей, Әкбар), Әжік, Жамбай (-Асанәлі, одан Қожа). Жұқабайдан Бостымбай, одан Еркін, одан Қанке.

Қанкеден Нұрқабиден (-Зиянден, Шәкірбек), Қысамиден, Шәмиден (-Еркін, Нүриден, Кексе, Мұхамиден), Мұқитден, Асамиден (-Сейфолла; Жұмаш, одан Қизат, Марат; Ережел).

Қаздауысты Қазыбектің өсіп-өнген ұрпақтарының бізге жеткен есімдерін атап өттік.

Қазыбек бабамыз тек орта жүздің ғана биі емес, Төле би мен Әйтеке бимен йық тіресе отырып, бүкіл қазақ халқының келешегі



үшін, бақыты үшін, ұрпағы үшін күрескен кемеңгер, оның есімі ұлан-байтақ қазақ жерінде әйгілі болған. Сонымен мысал ретінде ел аузындағы төмендегідей аңыз-әңгімені айта кетейік.

Қаздауысты Қазыбектің Әлімжан деген баласы қайтыс болады. Төле би бір топ адаммен келіп, көңіл айтады.

– О, Қаздауысты Қазыбегім,  
Кім білген бұл ғұмырдың азды-көбін,  
Қылыштың сабы кетіп, қыны қалды,  
Бедеудің жаны кетіп, жалы қалды,  
Батырдың ары кетіп, малы қалды,  
Халықтың нәрі кетіп, сәні қалды.  
Уа, Қазыбегім, нар көтермес жұмыс болды,  
Өзі беріп, ұлыңды өзі алды.  
Бұл пенде бір аллаға не қылады?

– деп термелей сөйлеп, отырған жұртты егілтіпті. Баласының қайғысынан басын көтермей жатып қалған Қазыбек өзіне келіп:

– Е, кәдірлі Төке, құдайға да, халқыма да ризамын. Әлімжаным туғанда орта жүздің елі ғана құттықтап еді, ол қайтыс болғанда үш жүздің баласы келіп, көңіл айтып жатыр. Бұған да шүкіршілік! – деп кеудесін көтеріпті.

**Бабамыздың қызы Манканның** жоқтауында да Қаздауысты Қазыбектің еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі мен ұзақ жылдар бойы жасаған еңбегі айтылған.

Бісмилләдан бастайын,  
Шариғаттан аспайын,  
Ішім толды қайғыға,  
Азырақ көзім жастайын.  
Алаштан озған әкекем,  
Жоқтаусыз қалай тастайын?  
Алатаудай әкекеме



Ажалдың сыны келгені.  
Жылағанды не қылсын?  
Көздің жасын көрмеді!  
Қазақ болып зарлады,  
Тілеуді құдай бермеді,

Кешегі жүрген әкекем,  
Жоқтаусыз тастар ер ме еді?!  
Шаншар абыз нәсілінен,  
Алтау едік анадан.  
Сәдібек, Асан, Бөдене,  
Үсен менен Балапан,  
Бесеуіне аға боп,  
Алашқа әкем қараған.  
Жолбасшысы кеткен соң,  
Айрылды қазақ панадан.

Төрт тіреудің бірі едің,  
Қиын-қыстау іс келсе,  
Бәрінен де ірі едің!  
Енді қазақ не болар,  
Асқар тауы құлаған?  
Белгілі шығар алашқа  
Қонтайшыға барғаның,  
Он сегізде сол күнде  
Қалмақты сынға алғаның.  
Қазақты жоқтап қалмақтан  
Араға сөзді салғаның,  
Қалмақтың ханы Қонтайшы  
Жауаптан ұтып алғаның.  
Босатып едің, жан әкем,  
Тұтқында қазақ қалғанын.  
Талап алған шабынды,

Қайырып алдың бар малды,  
Ұлықсыз тоқсан жесірді,  
Сол жерде анық алғаның!  
Қазақ пен қалмақ бас қосып,  
Екі ұдай болған тобында  
Алдыңа бір жан салмадың!  
Батыр жинап, ел шаппай,  
Қылыш шауып, оқ атпай,  
Ақылыңмен жол тауып,  
Қазақтың кегін алғаның!  
Туғаннан-ақ жан әкем,  
Жолыңды құдай ондады.  
Қасиетің тағы мол,  
Қас қылған саған оңбады.  
Қазаққа деп заң жасап,  
Қазыбектің қасқа жол –  
Артында мирас қалғаны.

Шариғат айтқан жол емес.  
Заңның тағы қол емес.  
Дуалы ауыз айтқан соң,  
Қазаққа бір жол салғаны.  
Әкемдей болып жан тумас,  
Рулы үш жүз қазақтан.  
Батырларша ел шауып,  
Бір күні жаудан жеңіліп,  
Қалған емес хан болып.

Өзіне дұшпан көбейтіп,  
Қалған емес азапқа!  
Ақылменен жол тапқан,  
Бағыменен ел тапқан,  
Батыр мен хандар сасқанда

Әкеме келіп жол тапқан!  
Құдайдың берген бағында  
Талай ханмен қарысқан!  
Елді шауып қан төккен,  
Талай ермен салысқан.  
Бәрінде жеңген әкекем  
Ақылмен орап алыстан,  
Қазақ, қалмақ бас қосса,  
Сан жүйрікпен жарысқан!  
Алдымен келіп бәйге алып,  
Олжасын қазақ үлескен.  
Орынсыз жерде қан төгіп,  
Қас қылған емес бір жанға.  
Басын иіп құл болып,  
Бағынған емес бір ханға.  
Қазаққа арнап жол салдың,  
Қолайлы қылып әр заңға.  
Жесір қатын, жетім ұл  
Аруағына таянып  
Ие болды мал-жанға!  
Жоғалмақтай жол салып,  
Үлгі болып сөз қалып,  
Кеткен жоқ әкем арманда!  
Өз басында бағы жоқ,  
Сүйеніп тұрар ханы жоқ,  
Болды ғой қиын қалғанға!  
Қара қылды қақ жарып,  
Әділ өткен, әкекем,  
Байытсын құдай иманға!

Үш жүздің ұлы жиналса,  
Алдыңнан кеңес тарқаған,  
Ақылың, бағың мол еді,  
Айдын көлдей шалқыған.

Сырдың бойын жаратпай,  
Мал өсірер орын деп.  
Қазактың ұлын өндіріп,  
Әпердің қоныс Арқадан.

Орыс, казак, қалмаққа  
Жұпардай иісің аңқыған.  
Аруақты туған, жан әкем,  
Озып артып даңқыңнан  
Өсиет қылдың казакқа:  
Сарыарқа болсын қонысың!  
Қалмақ, сартпен жауықпа,  
Болмасын дедің жұмысың.  
Өнерсіз өскен ел едің.  
Біреу саған жау болса,  
Паналауға жарайды.  
Мынау көрші орысың.  
Орыспенен жауласпа.  
Есіңде болсын бұл есім!  
Ақылың, бағың молынан,  
Елің ерді соңыңнан,  
Арқасында әкемнің  
Отырған жоқ бұл казак  
Ешкімнің кейін тобынан.  
Он сегізде сөз бастап,  
Қазыбек би атандың.  
Болар бала боғынан,  
Қайран сабаз, әкекем,  
Мақтауыңа жете алмай,  
Қызыл тілім қырқылды,  
Ілімімнің жоғынан.  
Өнерлігін болмаса,  
Қалайда айтсам жараспас.

Қазақта сенен кім озды,  
Жұлдызы туып оңынан?  
Байлығың несін айтайын,  
Кедей деп адам айта алмас.  
Мырза деп несін айтайын,  
Әркім-ақ қонақ қайтармас,  
Сөйлеуге тілім сөз тапса,  
Мақтауыңнан тайсалмас,  
Өмірімше жырласам,  
Мінезіңнің, әкекем,  
Мыңнан бірі таусылмас.  
Сусыны қанар қазақтың.  
Ағар бұлақ суарды,  
Сіз осылай болды деп,  
Естіген қалмақ қуанды.  
Қасиетті туған, әкекем,  
Ешкімнен қазақ кем болмас,  
Шын беріп кетсең дуанды!

Қазыбек бабамыздың қиын-қыстау заманда бар өмірін өз халқының еркіндігі мен теңдігіне арнап, жоңғар қалмақтары мен әлде неше рет сайысқа түскенін жоғарыда әңгіме еттік.

\* \* \*

Солтүстіктегі көршіміз орыс халқымен де байланыс жасап, хат алысып, елшілік саясат жүргізгені жайында әртүрлі мағлұматтар бар.

Орынбор қаласының архивынан табылған Қаздауысты Қазыбектің Орынбор өлкесінің сол кездегі билеушісі И.И. Неплюевқа жолдаған екі хатын М. Қойгелдиев (21) жариялаған еді.

Бірінші хат:

«Және біз Қазыбек биден генералға сөз бұл: жеті хан, көп төре, жұрт болып біздің үстімізге келмек. Пікір алысып, кеңес

құрмақ. Енді мына Төкен батырға елші қосып тезірек қайтарып жібергейсіз. Хан, төре, жұрттың айтқан пікірін, жасаған шешімін, сізге, генералға Төкен батырдан хат арқылы жеткізерміз.

Бұл Төкен батыр патшаға қызмет етемін деп екі шұға шекпен бермек болып, екі ат алып мінді. Одан жиырма табақ қағаз беріп жібергейсіз.

Және, біз, Қаракесек Қазыбек биден сәлем. Орынбор бастығы генералға сөзіміз бұл: бізге бір қара түлкі жібергейсіз. Төкен батырдың қолына беріп. Және бұл Төкен батырға дұшпандардың жамандық жасамақ ойы бар. Өйткені Төкен батыр патша сөзін бізге, біздің сөзімізді сіздерге жақсы жеткізіп жүр. Сондықтан да, генерал, бұл Төкен батырды басын аман сақтардай бір жақсы амал тапқайсыз».

Екінші хат:

«Біз, Қаракесек Қазыбек би, ұлы патшаға бас идік. Және Орынбор бастығы генералға сәлем сөзіміз бұл:

Біз патшаның қызметіндеміз. Патшаның дұшпанына – дұшпан, досына – доспыз. Біздің бұрынғы антымыз – ант, сөзіміз – бір.

Және сіз, генералдың, былтыр Төкен батырдан беріп жіберген хатыңыз бен сыйлығыңыз қолымызға келіп тиді. Біз жақсы, хош көрдік.

Біз бұл заманда жоңғар қалмақ Қалден Церен хан патша жұртына жамандық жасап жүр деп естиміз. Өзіміз көзімізбен көргеніміз жоқ.

Және... лау Ғабдулкарим бек жиырма сан қолмен Ташкент қаласының үстіне келді. Қалден ханның қалмақ жұртымен ұрысты деп айтады. Одан басқа жаңалық есіткеніміз жоқ. Түрлі жұрттан жаңалық естісек, сіздерге хабар қылармыз. Хатты Төкен батырға бердік».

Қазыбек бидің бұл екі хаты елдің саяси өміріне тікелей қатысты келелі мәселелерге байланысты 1744-45 жылдары жазылған. Орынборға хабар берудегі түпкі мақсаты жоңғар

шапқыншылығына қарсы күресте Ресей империясының қолдауын алу деп түсінеміз.

**Сәдібек Келдібек ұлының (№ 28) алты ұлы болған: Өзтемір, Жантемір, Байтемір, Байтелі, Қойлыбай, Қотыраш.**

Өзтемірден Мойнақ, (-Боқай, Амандық), Қожантай, одан Қарпық, одан Әмек, Нәубек, Керейбай. Соңғысынан Рсымбек (-Беспай, Маусымбек, Рақымжан).

Байтемірден Моғал, Сағындық, Сүйіндік, Сүйінтай, Тоқай, Аманбай. Тоқайдан Бекет (-Мәмиля, Сермағанбет), Рүстем (-Садық, одан Жаппар; Нұрғали, одан Тақыр), Дәулетбай.

Дәулетбайдан Мұкат, Скақ, Ноғай (-Әділ, Тілеп). Әділден Сак, Құттыбай (-Байтас). Тілептен Исақ, Жосақ, Исмайыл, одан Қикым, Тәкібай (-Жұмабек), Молдабай (-Қажыбай, Бекен, одан Елемес, Болат, Едіге).

Жантемір Сәдібекұлынан (№ 29) Қожантай, Қожас, Мойнақ, Жылқайдар, Қолтай. Қожантайдан Қарпық (-Әмек, Өмірбек, Тәубек), Абыз (-Құраш, Исақай), Доңғабай (-Бәез; Бөлет, одан Шінжи, Көбіш; Дәбес, одан Мықан, Мәкетше, одан Бишәріп). Қожастан Обалық (-Сүлеймен, одан Исмағұл, Есеке, Алмагүл), Ниет (-Құдабай, Бақыт, Біриық, одан Жабағы), Мойнақтан (№ 30) Сұңқар, Қалыбай, Исабай, Мұсабай, Беделбай. Сұңқардан: Рымбек, Қарабодық, Құндызқайыр, Акшай, Нұрәлі (-Бижан, Құлжан, Айтжан, Жандабай, Адайбай). Бижаннан Қайыржан, Әкітай, Баяділ, Әбіш (-Ахметкали, Уәлихан, одан Төлеген, Арыслан, Теміржан, Айқан). Жылқайдардан (31) Желдібай (-Дүйсенбай, одан Көшебай, одан Мақаш, одан Майкөз, Хасен), Шобай (-Әжігүл), Төлеке, Әжібай (-Ахмет), Шәкі (-Тоқсан, Бишсай, Түсіпбай, Жолдыбай). Жолдыбайдан Дүсенбай, одан Көшебай (-Мақжан, одан Майғақ, Гасек), Шамай, Әжебай, Ахмет, Үсеке, Төлеке.

Байтелі Сәдібекұлынан (№ 32) Шалабай, Қайдабай. Шалабайдан Қабылтай, Әли, Сүбек, одан Нәни, одан Теміржан, одан Айғожа (-Нәжікен), Нығмет (-Жанұзақ, Үстемір, одан Мыңтай,



Мыңжасар), Құнқожа, Жақия, Рақыш, Жаныс, Рашит. Қайдабайдан Әлімбаи (-Уәли, одан Далабай), Мұса (-Далиман, одан Скак), Жадыра (-Жолдасбек, одан Қасен, Аймағамбет, Қасымқан).

**Асан Келдібекұлынан (№ 33)** Тастемір, Ақкісі.

Тастемірден Құсайын, одан Көштер, Күзеубай (-Сүзек, Шөрек). Сүзектен Әкім, одан Сұлтанбек (-Нұралы). Шөректен Дін, Жан, одан Нығыман (-Рамазан, Мәшбек, Нұрбек, одан Бодау), Мұстафа, Мақыш, Кәкім (-Зекен), Әкім (-Солтанғазы, Ілияс, Солтанбек, одан Нұрлан).

Ақкісінің бәйбішесінен Өгізбай, Ордабай, Көрпе, Дандебай, тоқалынан Бұқабай, Текебай, Ордағұл, Жұмағұл, Жұрын.

Өгізбайдын бәйбішесінен (№ 34) Әлденбек, Дәдебек. Тоқалынан Түйекен, Түлкібай, Үкітай, Ботабай, Дарабай. Әлденбектен Нұртаза (-Мұхит), Алдонғар. Сонғыдан Байсалқан, Дошти, Шәкен, Жанғали, Байтаза, одан Асқар, Нұрғазы (-Нұрмағанбет, одан Қасен; Ермағанбет, одан Құсайын). Түлкібайдан Мәлікаждар, одан Бәйзат, Назымбек, одан Шәйзат (-Қанат, Санат). Түйекеннен (№ 35) Мұстафа (-Әбдіғали, Қанипа, Қонқаш), Әбдірахман, (-Төлеубек). Төлеубектің бәйбішесінен Мақсұт, одан Саттар, одан Серік, Самат, тоқалынан Темірғали (-Төлеген), Құрманғали (-Асқар), Зәйімкеш.

Ақкісінің Ордабайынан (№ 36) Мешітбай, Байтақ. Мешітбайдан Әмір, одан Есмағанбет (-Хасен, Әждар), Досмағанбет, Рақымжан, Ысмақ, Кәріп (-Тақыр). Байтақтан Жаппас (-Жәпік, Бекахмет), Кәтке (-Зақты, Тоқаш), Алқабай (-Әбшайық, Шаяхмет, Ноғайбек).

Ақкісінің (№ 37) Корпесінің бәйбішесінен Бекіш, Бекбай, Тұмарбай, одан Әбдірахман (-Сары, Қоңыр, одан Арқаш); екінші әйелінен Андабай; тоқалынан Текбай, Тәукебай. Бұқабайынан Сарбас, одан Еспер, Бидәлі (-Бойым, Патанса, Шолак). Текебайынан Көрей, Байділдә (-Тақты, Жүніс). Жұрыннан Мұса, одан Оспан (-Шәкірбек).

**Үсен Келдібекұлынан (№ 38)** Құлانشы, Байтерек.

Құланышыдан Құланқұл, Сәтқұл, Анатай, Жанатай, Сатай, Баянкүшік, Тоғай, Орақай.

Құланқұлдан Шиғыбай, Матақ (-Сәуле, Мұстақым). Сәтқұлдан Балтабек, Бүркітбай, Түйтөбек, Әділбек. Балтабектен Жұмабек, Сәрсенбек, Маңқа, Дүйсенбек.

Түйтөбектен Мақажан (-Мұхамеджан), Асылбек (-Қисықбас, Тәкежан, Уәжіпбек, Тәтежан, одан Шәкір, Шәкім, Қосан, Жәмсап). Әділбектен Індібек (-Боранбек, Құдабек), Тергеубек (-Сәрсенбек, Бейсенбай, Аман), Төлеубек (-Рахмет), Дауылбек, Сұлтан.

Сатай Құланышыұлынан Бисмилла (-Қолыбай, Мәди), Сиырбай, Әлиқак (-Қалиасқар, Омарғали, Мұхамедқали).

Байтерек Үсенұлынан (№ 39) Бекбау, одан Табен, одан Айтуар, одан Жомарт, одан Нұрқожа, одан Нұрмағанбет, одан Әлкей, одан Мадияр (-Рахметолла), Мағзұм, Жорабек.

Келдібектің Боденесінен (№ 40) Отарбай, Өсербай, Байшора. Отарбайдан Жартытері, одан Қара (-Добал, одан Баянке), Құлдан, Шотай (-Қалипа, Құлмағанбет, Әбіқай, Нұқай).

Келдібектің Балапанынан (№ 41) Ерсібай, Баймырза, Сармырза, Төлеген. Ерсібайдан Ата, одан Қаржасбай, одан Қошқар (-Сыздық), Түсіп (-Еспекей, Ебді), Кентбай, Сатпақ (-Әбілжан, Құнтай, одан Өмірбай). Өмірбайдан Сүлеймен, Қияш (-Көбек, Салак), Кәріпжан, Жәми.

Тыныбек Шапшарұлынан (№ 42) Кеншіналі (-Бұлғын, Ноғай), Шора (-Қалмақшы), Көшекәлі (-Байтемір, Жамбол), Түрікпенәлі (-Байғара, Итқара, одан Досымбек). Досымбектен Бабас (-Бәтен, Қуандық, одан Сәрсен; Боғабай, одан Орынбай), Алдаберген, Назарбек (-Бекберген, одан Байболат, Жанболат, Қасаболат, одан Шәкір, одан Мүбәрәк).

Байғара Түрікпенәліұлынан (№ 43) Жайлау (-Найзабай, Тыртан, Кенжебай), Жанмырза (-Көшімбай, одан Өмірзақ, Бекқожа, одан Аждар), Бекмырза (-Кенбай, одан Берікбай, одан Адамбек, одан Жакыпбек), Өрен, Орғат, Тұнғат, Үшкімбай (-Шақабай, одан Рапықжан, одан Мақмұт), Қалжақты.

**Шаншардың Әсірбегінен (№ 44) Қызылбай, одан Қонақай (-Олжабай, одан Ағыбай; Қампу, одан Әубәкір, одан Әбәкан), Жұмабай, Осыбай (-Қалиман).**

### **Шаншардың Нұрбике бұтағы**

Шаншар абыздың үшінші әйелі де Тұрсынханның қызы дедік. Нұрбикеден туған Тұрлыбек, Бертіс, Тілеуке есімді ұлдарының әрқайсысы бір-бір болыс елге бас болған тұлғалы азаматтар. М. Сәрсекеев жазған шежіреде былай делінген:

«Айбике бұтағынан Қаздауысты Қазыбек дана туып, бес-алты ұрпағына дейін ісі арғынды билеп, абырой-атағы мен бағы асты демесек, Нұрбике үмбеті де сөйлемпаз, сөз тапқыштығымен, сұңғыла ақыл, ерекше жомарттығымен өз ортасынан дара шыққан әулет».

Құлатай Мөшекеұлының немересі Дәуренбек Молдабекұлы болыс болған. Нақақтан жала жабылып, Омбы абақтысында біраз күн отырған. Сонда артынан іздеп келе алмаған Рүстембек інісіне былай деген екен.

– Әй, қажы, әкем бүйтпес еді,  
Өкпені ұсак-түйек тұртпес еді.  
Тап сізге осындай іс душар болса,  
Ішкен ас тамағымнан өтпес еді.

Тонтай бір күні ай жарықта ат үстінде келе жатып, өз көлеңкесін көріп:

– Қалай қусаң да жете алмассың, – депті.

Жас күнімізде аталарымыздың осындай іліп-қақпай қалжың сөздерін, әзілдерін көп естіген едік, бірақ пионер болдық, комсомол болдық, ата-баба сөзіне құлақ қоймай, елдің бұрынғы салт-дәстүріне қобіне мән бермей өскен ұрпақпыз ғой. Сондықтан өкінішке орай, тәлімі мол аталар айтқан ойлар, түсініктер асыл сөздер ұмыт болды.

Үлкендер «Құлатай ауылынан, Жұртыбай ауылынан, Сасықбай ауылынан, Жұматай ауылынан» деген сөздерді талай әңгімелеуші еді. Кедейден шығып болыс болған Үкібай Шитенұлының Жұматайының немересі Аухади Әлімбекұлының халқына жасаған жақсылықтарын үлкендер әңгіме етуші еді.

Аухади кедей болған екен. Бір күні ұйықтап жатса Бертис бабасы түсіне кіріпті – ақ сақалды ата жанына келіп, бетін сипапты. Аухади оянып көзін ашса, еш бір кісі жоқ. Орнынан атып тұрып, есік алдына шықса, жаңа жауған қырбақ қарда із жатыр. Есік алды дөң екен. Жаңағы із сол жотаға бет алыпты. Дөңнің төбесінде қарауытқан біреу көрініпті. Аухади жалма-жан жалаң аяғымен ізді басыпты. Содан бақ қонып, дәулетті болыпты дейді ел аузындағы аңыз-әңгіме. Қанша байыса да, болыс болып сайланса да, өткен күнін ұмытпаймын деп аяққа киген ескі шарқайын үйінің босағасына іліп қойғанын көрдік деген еді біздің жақтың ақсақалдары.

Кеңес өкіметі кезінде де осы дәулеттен партия, совет қайраткерлері, өндірістің әр саласының маман басшылары шығып халқына адал еңбек етті.

Философия ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде ұзақ жылдар хатшы болған Нұрымбек және оның інісі, сөзгер Нығымет Жандилдиндерді атауға болады. Рымбек Ильяшев Ақтөбе, Семей мен Алматы облыстарында және Қазақстан тұтынушылар одағында көп жылдар басшы қызметін атқарған. Қайырбек Дәуренбекұлы Қарқаралы ауданында, Шәкәрім Ахметжанұлы Аягөз ауданында партия ұйымдарын басқарған. Ахметқали Төлеубайұлы көп жылдар бойы Шығыс Қазақстан облысының атқару комитетінің басшы қызметінде болды. Ахат Қайырбекұлы, Балтабек Құлжанбекұлы республикамыздың ірі өнеркәсіп орындарында басшылық етті.

## Тұрлыбек ШАНШАРҰЛЫ

Тұрлыбек Шаншарұлынан (№ 45) Ботпанай, Сұлтангелді, Жылгелді, Нияз (-Итемген, одан Жаманқұл, одан Байқасқа).

Сұлтангелдіден Бактыораз, Қорабай, Нәрбек, Бекқұлы, Жауқашты, Аққұлы, одан Ақжігіт, Тайғұл, Көшкімбай, Нұрлыбай.

Нұрлыбайдан Қаражан, Сарожан, Мерген, Шәмеке (-Қонкай, одан Омарбай, Әбжан; Қуаныш, одан Зейнолла, одан Қайыржан, Қадыр, Кәкім; Жолдасбай (-Мәутхан -Кәрібоз, Жағыпар), Сәрсенбі, Қыстаубай. Сәрсенбіден Такмади, одан Қасен, Құсайын, Қасым. Қыстаубайдан Шал, одан Шикібай (-Шыныбай), Мақтай (-Айтым, Бірмағанбет, Сүлеймен), Ильяш, Сәрсембі (-Кенен).

Бактыораз Сұлтангелдіұлынан (№ 46) Асау, одан Үтбай, одан Қарсембай, одан Садық, одан Мағрипа, Кеңесбек (-Марат), Күләш, Сатбек (-Талғат, Қуат), Күлпәш. Күляш Садық қызы Қазақстанның Орталық Пушкин атындағы кітапханасында бөлім бастығы, мәліметтер жинауға көмектесті.

Ақжігіт Аққұлыұлынан (№ 47) Қошқарбай, одан Қанай, одан Тезекбай, одан Есмағамбет, одан Нұрсұлтан.

Кәрібоз Жолдасбайұлынан (№ 48) Бекболат, Ырымбике, Бибатима, Балтабек, Төлеубай, Бекмұрат, Айгүл. Бекболаттан Ерсайын, Серік (-Тимур, Дамир), Назигүл, Мейрамқазы. Балтабектен Алтай (-Нұржалғас), Алмаз, Нұрлан (-Ернар), Нұргүл, Әсем. Бекмұраттан Абай (-Ақжарқын), Нұрбике. Төлеубайдан Айдос (-Камиля), Асқар (-Әнуар).

Ырымбике Кәрібозқызы Балтабек Құлжанбекұлының жұбайы.

Ильяш Шалұлынан (№ 49) Бәтия, Ыдырыс (-Көкен, Мұхаметқали, Раушан), Анипа, Қанипа, Иса, Мұқан (-Қасымқан, Шолпан), Бибжан, Рақия, Жүніскан, Зылика, Күлбағила, Қалимағұл, Рымбек. Рымбектен Анель, Эвдая, Зина, Райхан, Қасым (-Жәмилә, Жанат), Диас (-Азамат, одан Анастасия, Павел), Марат, Мұрат

(-Шолпан, Райхан), Қайрат (-Альнур, одан Ағилан; Дос, одан Сара; Қанат).

Мақтай Шалұлынан (№ 50) Айтым (-Ануарбек, одан Нұрлан, Ләззәт, Ерлан; Рымбек, одан Алтын, Әзілбек, Гүлнар, Ғалымбек, Жанат; Сатима), Бірмағанбет (-Рамазан, одан Қанат), Сүлеймен (-Жақыпбек, одан Сәуле, Ғылымбек, Алма).

## Бертіс Шаншарұлы

Бертіс (Бердібек) Шаншарұлы (1633-1725 жж.) Сырдария бойында туып, өмірін Ташкент, Түркістан, Балқаш көлі мен Қарқаралы, Дегелең тауларының маңында билік құрып, ел басқарып өткізсе керек.

Бертіс халқымыздың аса бай даналығын бойына жыйған, зерек те, зерделі, кісінің ойын топшылай білетін қабілеті жоғары, көкірегі қазына, майталман шешен, өнерлі күйші, талғамы кең алғыр да, тапқыр, батыл да, батыр адам болыпты.

Бертіс XVII ғасырдағы жоңғар-қазақ соғысының ұрыс даласында ерлік пен батырлық көрсеткен.

Ұлдары да өзіне ұқсаған батыл да батыр болыпты, соғыста қарсыластарына дес бермей, жекпе-жекте жеңіске жеткен екен. Жерін, елін қорғаған бір сұрапыл соғыста Бертістің он екі ұлы қаза болыпты. «... Бертіс дым сызбай, ас-су ішпей, теріс қарап жатып алыпты.

Сол Қаракесек ішінде Бегіммысық атанған әулие-қожа бар екен. Бертістің балаларына бата, өзіне қоңіл айту үшін Бегіммысық кіріп келгенде жанға басын көтермей жатқан Бертіс ұшып тұрып, қожаға қол беріпті.

Бегіммысық :

– Теректің өзіне түскен орт еді, бұтағына қағып жібергендігім, ол қолдағаным емеспе? Тұр, бір тоқал ал, үш ұл туады, бірінің атын Бектемір қой, бектік, байлық үрім-бұтағынан тепкілесе де кетпейді. Бірінің атын Қызылғұрт қой, құртша құжынап, битше бұжынап, мал бітеді. Үрім-бұтағы бай болады. Бірінің атын Әуез



қой, байлық мұның ұрпағында да болады»... – деп жазған екен М. Ж. Көпейұлы.

Ертеректе батырлар қарқара (сәукеле) киген. Міне, Қарқаралы хан Бертiс аталуы да осында жатқан болар.

Қазақтың атақты ақыны Кемпiрбай Бертiс би туралы былай жырлаған:

Түркістан әмір еткен қаласы бар,  
Сарыарқа туып өскен даласы бар.  
Қазақ түгiл басқаға үлгі болған,  
Жиені Абай атты данасы бар.  
Кемпiрбай өлерінде сәлем айтқан  
Қарқаралы хан Бертiс қаласы бар.  
Әбiлқайыр, Әлiбек, ер Қазыбек,  
Бертiстің Әзiретте моласы бар.  
Қай адам кемiтедi Бертiс ханды,  
Адамдық ақыл менен санасы бар.

Тәтiмбеттің мұражайының меңгерушісі Тұрысбек осы ойды өрбітіп: «Егiндiбұлаққа 1970 жылы келгенде академик Әлкей Марғұлан да Бертiстің сүйегінің Түркістандағы Әзiреті Сұлтан кесенесінде жатқанын айтқан едi», – дейдi.

Бертiс би бабамыздан бiзге жеткен кейбiр ұлағатты ойларына тоқтайық:

Алыс пенен жақынды,  
Жорытқанда бiлерсiң.  
Ащы менен тұщыны,  
Дәм татқанда бiлерсiң.  
Ер жiгiттің қадiрiн,  
Ағайын бiлмес, жат бiлер.  
Кiмнiң жақсы, жаманын,  
Жаратушы хак бiлер.

Бiр үлкен дауда Бертiс би былай деп кесiп айтыпты:

«Ел болып ақылдасып, билiктi елдiң бiрлiгiн ойлайтын биге берсең, ағайынның тiрлiгi сақталады. Ағайында бiрлiк болса, береке сонда. Береке бесiгi – ынтымақ.



*«Қаракесектің сөйлемпаз сөз тапқыштары осы Бертiс ұрпағынан болады», – деп жазған екен Көпейұлы.*

Бертiс ел басқару ісіне де араласқан, хандардың тапсырмасы бойынша көрші елдерге барған, елшілерге басшылық еткен деген мәлімет ел аузында бар. Мыс алыбы – Балқаш қаласы Балқаш көлінің Бертiс бұғазында тұрғаны көпке мәлім емес шығар. Егіндібұлақ ауданында «Найза шанышқан», «Бертiстің шаңырағы» деген атаулар бар. Көнекөз ақсақалдар оны былай деп түсіндіреді. Бір жорықтан қайтқан Бертiс найзасын жерге қадапты. Салмағынан ба, әлде иесінің тегеуірінен бе, әйтеуір найза жерге біраз еніп кетіпті. Бертiс қыс айында қайтыс болады. Күн жылына Түркістанға апармақ болып, мүрдесін жақпар тастарға қойып, үстіне шаңырақ орнатқан екен.

Бертiстің алғашқы балаларының төртеуінің ғана есімі бізге жетті (№ 51). Олар: Балабатыр, Өмірзақ, Қоқан, Еспенбет.

Өмірзақ Бертiсұлынан (№ 52) Сары, Ермек, одан Бапи, Шәпи. Бапидан Жұмабай, одан Төлеу (-Майден, одан Қанат, Болат, Марат, Айгүл), Әлім, Зикен. Шәпиден Жолдыбай (-Мәшірөпек, одан Нағима), Алпысбек, Рахым.

Сары Өмірзақұлынан (№ 53) Жанпейіс, Бектас, Тезекбай. Жанпейістен Серік, одан Қайырбек, Мәзқайша, Мұңлық, Қайыржан, одан Қайдар, Айдос, Елдос, Олжас, Баян, Аян, Айсұңқар, Тоты. Бектастан Жақып, одан Әбіл, одан Болат, Марияш, Қинаят, Манарбек, Шолпан. Тезекбайдан Сүлеймен, одан Орынбике, Зейтін, одан Зейнолла, Кәмсәмет.

Өмірзақ Бертiсұлынан мәлімет берген медицина ғылымының кандидаты Марияш Әбілқызы.

Қоқан Бертiсұлынан (№ 54) Қайдауыл, Дүйсен, Сыздық, Үкі, Әлікей. Дүйсеннен Токтасын, одан Сембай, Бұланбай. Сембайдан Бағира, Сағира, Думан (-Қанат, Асыл, Әзен, Кәмен, Көштан, Гүлсая, Жанар, Анар), Майра, Гүлнар. Әлікейден Арила, Биға.

Ариладан Төлеуғайша, Кенжеш, Үміт, Серікбай (-Тоқжан, Айжан), Төкен (-Жұлдыз, Құралай, Тоты, Жасұлан, Марғұлан, Руслан, Ержан, одан Аяулым, Еркебұлан).

Сыздық Қоқанұлынан (№ 55) Тұрсын, одан Қайныш, Орынжан, Дәметкен, Ынтық (-Назгүл, Қызғалдақ, Сәуле, Сандуғаш, Серік, одан Марғұлан, Темірлан), Токмади, Дәмелі.

Үкі Қоқанұлынан (№ 56) Түсіп, Оспан. Түсіптен Кенжебай, одан Бейсен (-Құралай, Қорлан, Марал, Еркебұлан), Ерболат.

Оспаннан Ахметжан, одан Жолдыбек, одан Айман, Данагүл, Жанагүл, Ержан, Біржан, Аманжол, Аманкелді.

Еспенбет Бертісұлынан (№ 57) Жарқынбай, Жайық, Байбура, Токбұра (-Аманкүшік, одан Ысқақ, Мұқыжан), Байжігіт. Жарқынбайдан Әбіл, Алыбай, одан Сейсекей (-Маутай, Жәлел), Байсымақ (-Жұмабек), Кәрім (-Түсіп, Яша, Тұяқ), Нұрділдә, Әбділдә (-Құсайын, Әукен, Айтжан), Әшіп (Біләл), Алдоңғар (-Мұқан, одан Мақсұт, Мағзұм), Токқара (-Тошжан, Қашжан).

Әбіл Жарқынбайұлынан (№ 58) Дуанбай, Қуанбай. Дуанбайдан Жұмкей, Жұмабай, (-Рахымжан, Сәкен, одан Самат), Бейсекей. Жұмкейден Омар (Ғинаятолла, Рахметтола), Төкеш, Қойсоймас, Махмуд. Төкештен Манарбек, Нығметолла (-Саяхат, одан Динара; Саясат, одан Айжан; Маржан). Бейсекейден Ысқақ (-Қабзолла, одан Ораз, одан Темірлан), Тақауи, Нұрмағанбет (-Сәрсенбек).

Еспенбет ұрпағының есімдерін берген Нығметолла Төкешұлы (1926) жылы Қарағанды облысының бұрынғы Қу ауданындағы Мыржық ауылында дүниеге келген. Ол белгілі журналист, шежіреші, партия-совет қайраткері, Қазыбек пен Бертіс бабаларымыздың есімдерін мәңгілік есте қалтыруға ат салысып жүрген азаматтың бірі. Нықан соғыс және еңбек ардагері, Егіндібұлақ ауданының құрметті азаматы.

Қуанбай Әбілұлынан (№ 59) Алпыс, одан Бейсенсейіт (-Дулат, Ойрат), Сейітбек (-Болат), Жақан (-Ғалым, Мұрат, Амангелді).

Байбура Еспенбетұлынан (№ 60) Жантай, Құлтай, Болтай, Жантегі, Байтегі, Жалек. Жантайдан Тұтқыш (-Жакып, одан Қалиолла), Көшкімбай (-Оразқали, Мұхаметқали, одан Төлеухан, одан Асхат, одан Асқар, Тимур, Бақтияр).

Құлтай Байбұраұлынан (№ 61) Мәмбет, Бітебай, Бұқыш, Марқатай. Мәмбеттен Жанғабыл, Бейсенбі, Мұхаметқали (-Серікбек, одан Ермек). Марқатайдан Мұхаметжан (-Ержан, Жакен), Жұмаш (-Ғосман, одан Мұрат, Қайрат, Маурат, Жомарт).

Бұқыш Қалтайұлынан (№ 62) Қыдырқожа (-Сейсенбі, одан Бәтилән), Сәрсен (-Мейрамбек, одан Серік, Аман, Балтабек), Айдарбек (-Ерлан, Сержан, Ержан, Болатбек), Жұмабек (-Тілеубек, одан Амангелді, Амантай).

Болтай Байбұраұлынан (№ 63) Өмір, Теңіз. Өмірден Шонты, одан Қабкей (-Төлеубек, одан Темірбек, Рымбек, Қайырбек), Мұхамади (-Қорабек). Теңізден Жанқошқар, одан Жолдасбай, Досай (-Балтабек, одан Темірбек, Амангелді, Тілеубек, Мейірбек), Жолдасбек (-Сапарғали, одан Қанат, Жанат).

Жантегі Байбұраұлынан (№ 64) Алпай, Мерейбай, Байжұман (-Төлеубай). Алпайдан Бержімбай (-Оразке), Көрсембай (-Әріп, Бәйтiк, одан Серікбек), Кәржімбай (-Темірғали, Рабиға, Рәзке). Мерейбайдан Азнабай (-Сыздық, одан Тұмарбай, одан Тайтөлеу), Молдаш (-Медеу), Молдабай (-Рахымбек, Иманбек, одан Темірболат, Серік, Роза).

Байжігіт Еспенбетұлынан (№ 65) Байсал (-Семей, Дәуітбай, Тоқабай, Шәкібай), Жаңбырбай (-Балак, одан Түсіпбай, Түсіп, одан Сейсенбай; Мейірман, одан Байдүйсен; Байдалы; Сайдалы), Жандарал(-Өтебай, одан Ыдырыс, Есжан, Нұржан, Садуақас, Дүйсенбай, Темірбек, Шағанбай, одан Қайыр, Дайыр, Әбіл), Түгел (-Дәуітбай, одан Всебой), Тоқабай, Таштан. Семей Байсалұлынан (№ 66) Берлі, Шынкей, Қожантай, Омар, Тыныштық, Құдыш, Үсен. Берліден Қожақан (-Бейсенбай, одан Айтқазы), Қарақан (-Ғалиақпар), Төреқан (-Олжагүл). Шынкейден Көшкінбай, Бейсенбай, Базылбай, Сәлімбай (-Сүлеймен, Рымбай, одан Рысбек). Қожантайдан Байзолла, Қабзолла, Қайролла, одан Жұмабек.

## Бергістің соңғы әйелінен өрбіген ұрпақтары

**Бергіс Шаншарұлынан** (№ 67) Бектемір (-Мөшеке, Бая, Дәулет, Битен, Шитен, Мамыр), Қызылғұрт (-Елкелді, Сенкібай, Ақкісі, Жанкісі), Әуез (-Қосақұл, Тілеміс, Найзалы, Жанкүшік, Мәнкүшік).

### Мөшеке Бектемірұлы

**Бектемірдің Мөшекесінің** (№ 68) бәйбішесі Қырымнан Қуандық, Сазандық, Жайлау, Табылды, Қазанғап, Сүйіндік; тоқалы Дәркеннен Қойлыбай, Жәуетай, Құттыбай, Тайшыбай, Қондыкер; тағы бір әйелінен Құлатай, Қошқарбай.

**Қазанғап** (1775-1845) **Мөшекеұлынан** (№ 69) Ырысымбет, Құттымбет, Тәттімбет, Жақсымбет, Әлімбет, Дүйсембет.

Ырысымбеттен Байзақ, Жанұзақ (-Сымағұл, одан Рымбек; Мұқыш, одан Қанат, Сәкен, одан Мақсат), Ысқақ, Айзақ (-Бәшір, Қасен, Қоқан, Жақып). Жакыптан Айтқали, Рақмет, Біләл (-Қабдолла), Нүрке (-Мақсат), Қақыш, Қожакмет (-Сембай; Рымтай, одан Болат, одан Жомарт; Қоңыртай). Қоңыртайдан Серікбек (-Тимур, Бақытжан, Жасұлан), Кәмшат, Болатбек (-Жомарт, Күлшат).

**Құттымбет Қазанғапұлынан** (№ 70) Ыбырай, Оспан. Ыбырайдан Мақан (-Фазыл), Дәуен (-Армия), Тәжи (-Ерғали; Мұкатай, одан Халел, Алпыс, одан Сүйіндік, Бақыт, Әйгерім, Самал, Ардақ; Ахмади). Ахмадидан Ғаббас (-Бауыржан, одан Халел; Марат, одан Анар, Айша), Уақас (-Ержан), Сәдуақас (-Ертөстік), Қанаш (-Түнғат, Сұңғат, Самат).

Ғаббас Ахмадиұлы әскер қатарында дәрігерлік қызмет атқарған, полковник. Кеңес одағында ерен еңбегімен көзге түскен азамат. Бұрынғы еңбектерде (1,2) Ыбырай мен Оспанды Ырсымбеттің баласы деп көрсетілген еді. Ырсымбеттің, Құттымбеттің, Тәттімбеттің, Жақсымбеттің ұрпақтарын таратуға Ғабекен үлкен көмек көрсетті.

**Оспаннан** (№ 71) Тасмағамбет, одан Қорабай, Кәкібай (-Мағауия), Дәрібай, Махмет (-Мәскен, Мәстай, одан Сүлеймен,

Хамит, София), Ғабдолла. Дәрібайдан Максұт (-Нұрлан, одан Максат; Ерлан, одан Дайыр), Мұқан, Жәкен (-Исатай, Марат, Болат).

Тәттімбет (1815-1868) Қазанғапұлынан (№ 72) Мұсатай, Қысатай (1838-1921), Исатай (1840-1860). Мұсатайдан Жағыпар (-Шахмұрат, Рауанда, Хамит, одан Қабиден), Әкпар (-Қыйсым, Қажыкәрім, одан Нұриддин), Шайқы (-Кәдір, Самат, одан Клара, Эрнест, Аманкелді, Сәбит, Орынкүл). Қысатайдан Зейнел (-Зекен, Салахиддин), Кәбіш (1880-1934) (-Өзбек, (1921-1981) одан Алтынбек).

Шахмұрат Жағыпарұлынан (№ 73) Иманғаземеддин, Мұратбек, Иманғали. Иманғаземеддиннен Насреддин (-Әлия, Ғайни), Зияда (-Ерғали, Батыр), Зында (-Азамат, одан Нұриддин; Қамалиддин), Рахметолла, Рахымберлі, Рауза, Мәлике.

Мұратбектен (№ 74) Нәзір (-Темірлан, одан Қамал; Ерлан, одан Нарқыз; Ескендір), Қыдырбек (-Бауыржан, Динара), Максұт, Қалибек, Әкімбек (-Рустем, Дастан), Иманзада (-Әсел, Әділ), Қисатбек (-Әлқуат), Қанапия (-Нариман, Сұлтан), Марат.

Иманғалидан (№ 75) Қаллиолла (-Ильяс, Азамат, Меруерт), Мүсілім (-Дамир), Бауыржан, Күләнда, Раушан, Райхан, Ләйла, Гүлнар, Гүләйім.

Күйші Қазанғапұлы Тәттімбет бүкіл қазақ елінде, сондай-ақ Омбы, Петербургте жұртты тамсандырып, қошеметке бөленген. Оның атакты күйлері «Саржайлау», «Сылқылдақ», «Көкейтесті», «Былқылдақ», тағы басқа күйлері әлемді тандандырды. Ол ел билеу ісіне де араласқан, әділ де тыңғылықты болған. Шаншар-Нұрбике болысын 1841 жылдан 1857 жылға дейін басқарды, содан соң кен орындарымен айналысуына байланысты Баймұрын Қойсоймасқа болыстыққа жол береді.

Тәттімбеттің сазгерлікпен қатар ұйымдастырушылық қабілетімен қоса инженерлігі де болған. Бірнеше жыл сұраныстан кейін Ресей үкіметінен рұқсат алып, қазақ жерлерін барлау ісімен айналысады. Дегелең, Мыржық таулары мен Берікқара бойынан

жер бетінен алыс емес, алуы оңай алтын, күміс, мыс кен орындарын ашып, зауыттар салады.

Тәттімбеттің Түндік бойындағы ашқан заводы төрт жылдай жұмыс істеді. Тәттімбет қайтыс болған соң бір жарым жыл шамасында заводтың жұмысы тоқтайды.

Жазушы Сапарғали Ләмбеков «Тәттімбет» атты шығармасында ұлы күйшінің өмір жолын баяндаған.

Тәттекең жайында М.Ж. Көпейев те былай деп жазған еді: Тәттімбет Мұса, Секербай заманында Қаракесекте үштің бірі болып, атағы шыққан. Өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, айыр көмей, темір жақ домбыра тартып, ән қосқанда алдына адам түспеген. Күні бүгінге шейін Тәттімбеттің «Сылқылдағы» десіп тартады...

Мұсатай Тәттімбетұлы (1836-1911) екі рет Қарқаралы оязы бойынша қазылыққа сайланыпты.

Жаксымбет Қазанғапұлынан (№ 76) Исағұл, Бүркітбай, Ыдырыс, Жүніс, (-Айткен, одан Сания, Саламатбек), Уайс (-Кәрім, одан Серік), Закария (-Құсбек, одан Елубай, Алпысбай; Көкен), Жақия (-Жайкен, одан Амантай, Төлеш, Нұрғазы; Байкен, одан Камел, Халел, Жалел).

Жаксымбеттің Исағұлынан (№ 77) Ақымет, Қасымжан, Тоқымет. Ақыметтен Аманжол (-Ерлан, Мағи, Қасен), Молдақасым (-Сәбит, Ғабит, Қайрат, Әубәкір). Қасымжаннан Болат (-Төлеген, Анат, Сәрсембек, одан Жандос), Үйсінбек (-Марат, одан Жан; Серік, одан Дос). Тоқыметтен Сейіт (-Жұмабай), Уали, (-Қали).

Әлімбет Қазанғапұлынан (№ 78) Құлмағамбет, Жамақ, Мақаш, Қаймолда, Баймолда, Молдақаш, Қойбағар. Жамақтан Жалпыш, одан Рымбек, Қайырбек. Рымбектен Манарбек (-Алтынбек, Қуаныш, Арғынбек, Сандуғаш), Алкеш (-Нұрсұлтан, Рауан), Төлеш (-Әльзира, Лариса, Елдос, Алтай), Боранбек (-Диана, Индира, Дастан). Қайырбектен (№ 79) Дулат (-Нұрдәулет, Акіүл), Нұрғалым (-Нұрлыбек, Нұрайлым), Гулмира, Нұрғиса (-Күлісай, Алтынай).



Әлімбеттің Мақашынан (№ 80) Қайса (-Қайныл, Қайыңқұл, Мадина), Қабыш, Жамал. Молдақаштан Зәкіш. Әлімбеттің Қаймолдасынан (№ 81) Зейнулла, одан Қамит, Қабиден, Райа, Сәйпиден. Қамиттен Талғат (-Алтын, Өмірбек, Бақытжан), Мақсат, Рамазан (Жаннұр, Нұрбек, Рүстем, Райхан, Қуаныш), Нұрлан (-Назнұр, Балнұр, Мерей, Арай), Әлия, Сәния, Зейнегүл (-Темірлан, Ақтоты, Данияр), Дариға, Алмаз (-Нұрболсын), Абайбек (-Ақнұр, Бекнұр).

Хамит Зейнуллаұлы Егіндібұлақ ауданының Абай атындағы совхозында тұрады. Хамит ақсақал ауыл шаруашылығында қажырлы еңбек еткен азамат, жасы жетпістен асты. Бертіс Шаншарұлының біраз ұрпағының есімдерін жинаған екен. Оны бізге Сәния Хамитқызы жолдады.

Қабиден Зейноллаұлынан (№ 82) Орден (-Теміржан, Бекжан), Бауыржан (-Айдос, Досжан), Ержан (-Мағжан, Бекасыл, одан Бексұлтан), Гүлзира, Гүлмира.

Сайпиден Зейнуллаұлынан (№ 83) Сақан, Нұржан (-Әди), Біржан (Мадина, Әкежан), Айжан, Гүлжан.

Әлімбеттің Қойбағарынан (№ 84) Исалы, Уәли, Жығатай. Исалыдан Әмірзада, Әмірхамза (-Мұқтар), Илиаш, Сағит (-Қасымхан, Бекен). Қасымханнан Талғат (-Нұртас, Нариман), Алмагүл, Мөлдір, Сұңқар, Саягүл. Бекеннен Ақмарал, Еркебұлан, Еркін, Берік, Серік, Бауыржан, Бақытжан. Уәли Қойбағарұлынан Мақу, Айту, Қошмұқанбет, одан Байрон (-Ердос, Жандос), Тілеуғабыл (-Досбол, Нұрбол), Минура.

Жайлау Мөшекеұлынан (№ 85) Итқұсты, Итаяк, Танырық. Итқұстының бәбішесінен Шынтемір, одан Үйсінбай (-Уайкен, Үрістембек, Жамет, Маймак), Нұртай (-Омарбек), Сыздық (-Жыымбай; Мұсабек; Арыстанбек, одан Ақан, Үмбетбай; Аджарғали, одан Елболсын, одан Елназар; Алиасқар; Әдік, Нүрке. Нүркеден Майда, Ахметбек, Түсіпбек. Ахметбектен Жұмағали, Болат, Гүлбану, Гүлжан. Түсіпбектен Қамаш, одан Төлеуғазы (-Назгүл, Бауыржан, одан Әміржан), Ерғазы (-Асқар, Біржан), Қайриден (-Динара), Слямиден (-Маржан, Мағжан, Бекжан), Роза, Гүльзия, Алия, Ғалия.



Әдік Шынтемірұлынан (№ 86) Исабек, Шәріп (-Өмірбек, одан Ернұр, Гүлнұр), Сапарғали (-Кәрім, Сулеймен). Кәрімнен Серік (-Нұрым, Нұрсұлтан, Қуаныш, Сырым, Гүлім, Нұрасыл), Бейбіт, Мұрат, Сабыр (-Назгүл, Ақсат), Жақсылық, Сиазбек). Сүлейменнен Перизат, Дәулетбек (-Ербол), Төлеу (-Бақтияр), Дулат, Еркегүл, Әмина, Нұрдаулет, Нұрғазы.

Итқұсты Жайлауұлының (№ 87) екінші әйелінен Бабжан, Бабақбай, Шабакбай, Абақ (-Жармағамбет, Ыбырай, одан Шәріп, Сақыш, одан Мырзамбет, Мақсұтбек). Бабжаннан (№ 88) Мыңбай, Шәкі, Қышқашбай (№ 90) (-Шайбазар, Мұқай, одан Рымжан), Момбай (№ 90) (-Қошқай, Тоқымет, Балжігіт, Ақымет, Рымкеш), Шынбай ((№ 88) (-Бекіш, одан Зекен; Әбілғазы, одан Ләпірз, Рымбек; Ораз). Рымбек Әбілғазыұлынан Еркінбек (-Расул, Рауан), Ермағамбет (-Ақтоты, Айгерім), Нұрмағамбет (-Гүлжан, Гүлден, Гүлжақан). Ораз Шынбайұлынан Мухтар (-Жанат, Серік, Жасұлан), Шәкен (-Рүстем, Сандуғаш, Құралай, Ғамиш, Қуаныш, одан Абылай), Сәкен (№ 89) (-Рымжан, Сержан, Күнімжан, Қуандық, Ержан, Нұржан, Қайыржан), Рымбай (№ 89) (-Айнагүл, Панагүл, Саягүл, Саят, одан Бертісхан).

Оқырманның есіне: Бабжанның ұрпағын тарату бір кестеге сиғыза алмай 88, 89, 90-шы кестелерге орналастырдық (кешірім).

Итаяқ Жайлауұлының бірінші әйелінен (№ 91) Наубет, Дүзжан, Әбилан. Наубеттен Әбділда, одан Мұсайын (-Айту, одан Серік, одан Айжан, Жанка, Ербол; Берік, одан Бажан, Мейірлан, Сырым, Жұлдыз, Талғат, Нұрбол), Құсайын, Қайролла, Маслин (-Амантай, одан Ерболат, Әлмира; Жеңіс, одан Гүлбакыт, Құралай, Гүлсім, Лариса, Жанна, Жанболат).

Дүзжан Итаяқұлынан (№ 92) Садық (-Мүсілім, одан Нақтай, Төлеген, одан Серік), Садуақас, Садыр, Қасен, Үсен. Әбилан Итаяқұлынан Жанділдә, Аубәкір, Мәуиа. Жанділдадан Орынбек, Әбілмәжін, Айыпбек, Нұрымбек, Нығымет. Нұрымбектен Қайыржан (-Зарина, Ника, Маді), Меруерт. Нығыметтен Қанат (-Ескендір, Темірлан,) Қайрат. Әубәкірден Бибизия, Қамзе, (-Ника, Серік, Сайлау).

Нұрымбет пен Нығымет Жанділдіндер жәйінде жоғарыда айтқанбыз.

Итаяқ Жайлауұлының екінші әйелінен (№ 93) Шығысбай, Тұңғышбай, Кенжетай, Қонатай, Мыңжан, одан Сәбен (-Көке, одан Сақан, Сағира, Зарықбек), Әбен, Тақтан. Зарықбектен Есіл (-Ажар), Еселей (-Ерхат, Нұрқат, Күлзер), Еділ (-Гүлдана, Бегалы, Сейдолла), Ертіс (-Санжар, Гүлсана, Сардар), Мадина, Ақзер, Мапура, Айгүл.

Тақтан Мыңжанұлынан (№ 94) Шәрбек (-Омархан), Оразбек, Бәкір, Шәкірт, Балбек, одан Қыдыраш (-Гүлдана, Гүлжайна, Қайрат, Жайдарбек, Серікбол, Гүлсана), Әділбек (94а) (-Бақарыс, Диана, Айбек, Айнагүл, Айжан, Ақылбек, Айнұр, Айгүл), Адамбек (94б) (-Төлеубек, Гүлсім, Жандос, Гүлім, Дастан, Жансая, Әсел), Тұрсынбек (-Бекзат), Мұрат (-Үрістембек, Гүлден, Мұратбек), Тілеукең, Мәкен.

Таңырық Жайлауұлынан (№ 95) Шағатай, Арғынтай, одан Кожамет (-Оспан, Молдабек, Айбақал), Ақберген (-Ибағұл, Мауқай, Жұмаш, одан Сұлтанбек, одан Сейтбек; Иманбек, одан Рысбек).

Құттыбай Мөшекеұлынан (№ 96) Серікбай, одан Әлі (-Ажар, Жақау, Сақым, Қали, одан Біләл, Ербол, Қалел, Рымхан, Төлеш), Әбіш (-Кәзен, Күмісжан, Нұғриден, одан Тарғын, одан Ержан, Бекзат, Нұржан, Асқар, Ербол, Ермек).

Сазандық Мөшекенұлының (№ 97) бірінші әйелінен Догаль, Мугаль; екінші әйелінен – Есенаман, Елеусіз, Күмісбай (-Қажыбек), Жетпісбай (-Еркімбай).

Догальдан Жаппар (-Кәжиәкпар), Баяділ. Соңғыдан Құрман (-Бейсен, одан Дамир; Айтқазы, одан Жарқын және Еркін, одан Берікжан, Ержан), Шаймардан (-Төкен, одан Азат, Талғат), Мәшірат (-Жазит, одан Қайрат, Шоқан), Асанбай, Мағауия (-Болат, одан Ұлан, Ерлан, Қайрат, Марат).

Мугальдан (№ 98) Шалдыбай, Серікбай. Шалдыбайдан Әсталпа (-Болат), Ғаббас (-Тілеуберлі), Хамза (-Слямбек). Слям-

бектен Серік, Мұрат, Нұрлан (-Әділжан), Ермек (-Мұрат), Ержан. Серікбайдан Елубай, одан Жәлел, Мағзум, Мәшен (-Серік, одан Азамат).

Сазандықтың (№ 99) Есенаманы мен Елеусізі. Есенаманнан Дүйсембі (-Мағат, одан Серікбек, Оралбек, Дүйсенбек; Эмель, одан Әділ, Бағдат), Абдыш, одан Бекен (-Ғалым), Ырысбек (-Бауыржан, Дәурен), Тұрысбек (-Асқар, Данияр). Елеусізден Түсіп, одан Ержан.

Сазандық Мөшекенұлының ұрпағын таратып берген Слямбек Хамзаұлы Шалдыбаев 1929 жылы желтоқсан айының 6 жұлдызында Ақбота болысында Майлығарада туған. Ақсақал Мөшекенің басқа ұрпақтарынан да мағлұмат берді. Слямбек Хамзаұлы өмір бойы әр салада бухгалтерлік қызмет атқарып, халқына қажырлы еңбек еткен адам.

Сүйіндік Мөшекеұлынан (№ 100) Жанғұтты, Ізғұтты, Ізбасты, Балғұтты, Байғұтты. Жанғұттыдан Жеңісбай, одан Кәрім; Таңсықбай; Мәмбетқұл, одан Ақымет, Дүйсенбай, одан Құрман, одан Айту (-Ермек), Төкен. Ізғұттыдан Сүлеймен, одан Көпбай, Өмірбай. Байғұттыдан Былшын, Уызбай, одан Әбіл. Былшыннан Сайдуали, одан Шәкәрім, Бекіш. Шәкәрімнен Төлеуқайша, Ерлан (-Ерғанат, Динара, Гүлім). Бекіштен Қажыкәрім (-Жанар, Жанат, Ержан), Қабыкен (-Динара, Айзада, Ардак, Айдана), Төлеу (-Назым, Арман), Қанат (-Әйгерім, Іңкәр), Қайрат (-Сабина, Эльмира), Қайырбек (-Мадина, Мадина), Саят, Қарашаш, Қарлығаш, Сандуғаш, Бақытгүл.

Сүйіндіктің Ізбастысынан (№ 101) Баймағанбет, Аймағанбет, Тәйтiкей, Жұмағанбет, Есмағанбет, Ермағанбет. Баймағанбеттен Әбілхасен, одан Сағат, Ахметқали (-Төкен), Айткен (-Манарбек). Есмағанбеттен Құсайын, одан Әбілмәжін. Ермағанбеттен Мұсайын (-Сағынбай), Омар, Әмір (-Елубай).

Аймағанбеттен (№ 102) Түсіпбек, одан Өмірбай, Қашаубай, одан Оразғали. Тәйтiкейден Жұмабек, одан Қамзе, одан Қайырбек. Жұмағанбеттен Исайын (-Лаззат, одан Еркін, Ерден, Гуля, Қазыкен, Майя, Роза), Исабай (-Ермек, одан Ерсін, Медет).

Сүйіндіктің Балғұттысынан (№ 103) Байжұман (-Әлімхан, одан Жақан, Мапура, Мақан, Ақан, Рысбек, Кенжебек, Рысбике, Кәркен), Садуақас, Біләл (-Мәді). Жақаннан Болат (-Айбат, Айдарбек, Айбек, Айдын), Күлпәш, Рымбике, Рымкүл, Шынар, Мұрат (-Назгүл), Аманжол (-Данияр, Қазыбек), Дулат (-Алтынбек, Гаухар, Назым). Кәркеннен Ақерке, Жанерке, Марал, Баян, Жанат, Асқар, Қанаш, Қинат. Мақаннан (№ 104) Думан (-Мал, Салтанат, Бекзат, Ерқанат, Алмас), Аманкелді, Талғат, Нурлан, Орал, Маржан, Күлдерай, Мерует, Құралай, Төлеубике. Ақаннан (№ 105) Еркін, Метхан, Медет, Төлеуғайша, Күлжан, Бибіжамал, Перизат. Рысбектен Еркебұлан, Медет, Қайрат, Нұржан, Гүлжайна, Гүлзада, Ырысты. Кенжебектен Мұрат, Гүлназ, Бибігүл, Жанар.

Табылды Мөшекеұлынан (№ 106) Алшағыр, Байшағыр, Өтебай. Алшағырдан Мұса, Мешел, Мыржықбай. Мұсадан Дахар (-Нұрғазы), Қасым (-Дүйсенбек, одан Сағынбай, одан Марат, Гүлшар, Гүлсім, Күлбан, Манарбек, одан Ерболат). Мешелден Қорабай (-Бекен, одан Мысыр, Рымбек, Аршын, Ғалым, Қапыз, Кәкім, Кәрім), Сакия, Шәкен (-Елеукен, одан Марат, Болат). Байшағырдан (№ 107) Сүлеймен, Шәріп, Рақым, Олжабай. Сүлейменнен Әрпей, одан Дүйсенбек, Аманкелді, Ысқақ, одан Қайрат, Салтанат, Майра, Сандуғаш, Қарлығаш, Серік, Төлепберген, Мейрам (-Айжан), Дүйсенғазы (-Гауһар, Еркін). Олжабайдан Кенжір, Ескендір, Дәстүр (-Данияр), Сәйпір (-Қадыр). Шәріптен (№ 108) Толқын, Рабиға, Қайшкен, Шахман, одан Абзал (-Меруерт, Мерей), Ерболат (-Жангүл, Бекболат), Алмагүл, Төлеген (-Жанар, Нұрболат), Нұргүл, Нұрлан (-Қуаныш), Бақытгүл, Нұржан, Талғат (-Нұрлыбек). Рақымнан Жақып (-Қалел, Қазиз, одан Айбек).

Табылдының Өтебайынан (№ 109) Матер (-Қали, Айтқазы), Түсіп (-Төлеухан, Дәмеш), Иманкүл (-Оразқали, одан Серік, Бекен), Шабанкүл, Аманкүл, Машрап (-Кенжеш), Шөргел. Қалидан Бейсенбай, Рымкеш, Қуан, одан Әсем, Марғұлан, Баян, Сәуле, Ерлан (-Арман, Дастан, Жанар), Ержан (Дархан), Ержан, Изат, Мая. Айтқазыдан Төкіш, Төлеу (-Ұлан, Рауан).

**Қондыкер Мөшекеұлынан** (№ 110) Құлшыбай, одан Тайәділ, Бекәділ, Жанәділ, Тәтіш, Ағаділ, одан Әубәкір. Әубәкірдің бірінші әйелінен Тілеукен, Дәметкен, Рымкеш, Рымқұл, Қайныш. Екінші әйелінен Қайдар, Рамазан, Зейнолла, Қайролла, Қайырбек.

**Жәуетай Мөшекеұлынан** (№ 111) Шонтыбай, Шұғылбай, Іңірбай. Шонтыбайдан Үмбедім, Нұралы. Үмбедімнен Рақмет (-Қапбас, Рауза, Алтынай), Қапсамбет (-Зоя, Забира, Бағира, Нұрлан). Нұрланнан Гүлжаһан, Гауһар, Алтын, Еркебұлан (-Әбілқайыр, Нұргүл), Бекей (-Елдос).

Нұралы Шонтыбайұлынан Сүлеймен (-Бірімжан, одан Төкеш), Тақу (-Тілеукеш, одан Шаншар, Тілеуберді).

Шұғылбай Жәуетайұлынан (№ 112) Дәукей, Арынпенде (-Нәби, одан Рымғаш). Дәукейден Жүсіпбек (-Ғұмарбек, одан Тимур; Серікбек, одан Данияр, одан Айя, Алсу, Карина, Лола), Ыдырыс (-Айтын, одан Бақытбек), Жүнісбек (-Тілеубек, Төлеубек, Жұмабек, одан Санат, Саят, одан Марат), Кенжебек (-Диас, одан Дәурен).

Дәукей Жәуетайұлының ұрпақтары еліне қажырлы еңбектері арқасында танылды. Жүсіпбек пен Кенжебек оқу-ағарту ісінің мамандары, олардың балалары жоғары дәрежелі білім алып, ел басқару ісіне араласты. Ғұмарбек ғылыми институтты, Серікбек геология және экология министрліктерін, облыстық әкімшілікті, республиканың ғылыми академиясын басқарды.

Сонау бір жылдары орталық газетте «Ұстаз аға» деген мақалада Кенжебек Дәукейұлының ұстаздыққа қалай келгені жәйында айтылған еді:

«Менің оқытушылық мамандығына бейімделуімнің өзіндік сыры, қиырлы-шиырлы жолдары дейді Кенжекен», - деп басталған екен мақала.

«Күндердің бір күнінде, – делінген әрі қарай мақалада, – ауылға Дәукейдің Керекуде тұратын жақын ағайыны Әбілқайыр Ыбраев келеді. Тұрмыс жүдеушілігіне әрі тетелес өсіп қалған балалардың білімнен мақрұм жүргеніне жаны ашиды. Бұл кезде Кенжебектің өзі он бір – он екі жасар болатын.

Әбілқайыр Дәукей балаларының ішінен Кенжебекті ұнатып, оны мемлекет қаражатымен оқытатын балалар үйіне түсіруге қолқа салады.

Кенжебек (1919-1974) жоғарғы білім алып, облыстық оқу бөлімін ұзақ жылдар басқарады. Сонан соң оқу министірлігінде басшылық қызметте болады.

Дәукеннің үлкен ұлы Жүсіпбек (1908-1990) аудандық, қалалық партия ұйымдарының хатшысы, облыстық атқару комитетінің басшысының орынбасары қызметін атқарған лауазымды адам, оқу-ағарту ісінде де жемісті еңбек етті.

Іңірбай Жәуетайұлынан (№ 113) Әлібек, Файзолла, Әлібектен Дүйсенбек, одан Нұрилла, Нәзипа, Тілеукеш (-Дулат, Жомарт, Сұңқар, Қымбат, Мағат, Гауһар). Файзолладан Семейбай (-Таңсық, Мәдина, Толқын, Бұлбұл, Жәнібек, Тоты, Асылбек, одан Жанарыс, Дина, Мирас), Темірғали, одан Қаден (-Айнұр, Нұргүл, Елнұр, Бағлан, одан Әділет, Бекнұр), Ермек (-Батырхан, Еркебұлан, Жанна, Марал, Қымбат).

Құлатай Мөшекеұлынан (№ 114) Тілеубек, Мырзабек, Молдабек. Тілеубектен Райымқұл (-Қамбар, одан Зупен, одан Тәкен), Әлиман (-Әкімқұл). Әкімқұлдан (№ 115) Әқпарбек (-Болат), Құлжанбек (-Балтабек, одан Меруерт, Ардақ, Гауһар; Орынжан; Кенже; Қылышбек, одан Рустем, Айжан; Кенжебек, одан Олжас, Ұміт), Есембек (-Ғарифолла, одан Арман; Айтбек; Жанат; Қанабек, одан Мәди; Қарлығаш; Майра), Қабден, Нәби, Рымжан.

Балтабек Құлжанбекұлы Әкімқұлов қазақтың тау-кен металлургия институтын тәмамдаған соң Павлодардың алюминий зауытында жұмысшы орнынан бастап, еңбек етіп, партия ұйымының хатшысына дейін өсті. Одан соң зауыттың бас инженері, директоры болып көп жыл қажырлы еңбек етті.

Егемендікке қол жеткізген кезде зауыт шетелдік азаматтарға сатылып, Болатбек жұмыссыз қалды.

Мырзабек Құлатайұлынан (№ 114) Бодық, Сейітбек, одан



(№ 116) Шайқыбек (-Алтыатар), Мүбәш, Сланбек, Әнуарбек, Максұтбек (-Солдат, Нарымбек, одан Серік). Солдаттан Рымбек (-Азамат, Дархан), Әрімбек (-Серік).

Молдабек Құлаттайұлының (№ 114, № 117) Рустембек, Дәуренбек, Абділда, Зайтен, Махмет. Рустембектен Кабшукур, Қабий, Мұхамеджан (-Қобай). Дауренбектен Омарбек, Қайырбек, одан Асымхат (-Мұрат), Ахат, одан Владимир (-Александр, Анастасия), Андрей (-Карина), Валерий (-Артем, Анна).

Абілда Молдабек ұлынан Қастолеш, одан Ризабек. Зайтеннен Аукен (-Едіге, Ерлан), Амирбек. Махметтен Төребек.

Қайырбек Дәуренбекұлы екінші дүние соғысының алдында Қарқаралы ауданын басқарған. Оның ұлы Ахат Дәуренбеков Текелі қорғасын-мырыш комбинатының директоры болып еңбек етіп, Қазақ ССР-ның түсті металлургия Министірлігінде құрылыс басқармасының бастығының орынбасары қызметін зейнетке шыққанша орындады. Министірліктегі нешеме жиындарда Балтабек Әкімқұлов пен қатар отырса да екеуі жақын туыс екенін білмеді (заман солай болды ғой).

Тайшыбай Мөшекеұлынан (№ 118) Әпдірасыл, Ысқақ, Әпдірасылдан Айткен, одан Талғат (-Данияр, Бақтияр), Марат (-Айдос), Мысыр (-Ернұр, Елжан), Болат (-Нұрбек, Айбек), Қатай (-Талап). Ысқақтан Зайткеш, одан Мурат (-Ансар, Баян, Саян, Әсем, Әсел, Ғалия, Әлия), Мансур (-Меруерт, Динара, Асқар), Төлеген(-Аяна, Назгүл, Азамат).

Қуандық Мөшекеұлынан (№ 119) Уақбай, одан Ақымет, одан Айдархан, одан Нығмет.

Қойшыбай Мөшекеұлынан (№ 119) Ырсақан, одан Әубәкір, одан Төкен, одан Сайлау, Қайрат.

Қошқарбай Мөшекеұлынан (№ 119) Жұмабай, Исқақ, Шәмбет (-Қабен), Бақшәйіш (-Қасен).

### **Бая Бектемірұлы**

Бая Бектемірұлынан (№ 120) Аблай, Атығай, Бедікұл, Байқозы, Жабы.



**Абылай Баяұлынан** (№ 121) Бекқожа, одан Ыбрай (-Омархан, одан Құсбек; Әйкен одан Айткен, Иембек, Тұрсынбек), Сопы, Жұмаділ (-Қәмган, одан Ғабдолла, Қабдығали, Бейсен); Алдонғар (-Мәді, Темірбек, Қалымбек).

**Атығай Баяұлынан** (№ 122) Дүйсен (-Адыған, одан Шайзат, Төкен), Уғар (-Жөкіш, одан Қытай, Рымбек).

**Бедіқұл Баяұлынан** (№ 120) Бошай, Соқбай, Бокпай, Кемпірбай, Баубек (-Бибұл, Атамберген, одан Исмақан). Байғазыдан Жылқыбай (-Босман, Бодан, Әбіл), Кәрімбай, Нұрәлі, Нұрбай, Ордабай. Жабыдан Қуаныш, Дадабай, Ұрысбай, Ырысбай.

### **Дәулет Бектемірұлы**

**Дәулет Бектемірұлының** (№ 123) бәйбішесінен Дондық, Бақал, Аманбай, Аманкелді, тоқалынан Өтеулі, Баясы.

**Дондықтан Құдайберген** (-Райымқұл, Райымбек), Көздеу (-Иса; Смайыл, одан Әубәкір, Жабағы; Жұмабай, одан Қырықбай; Өкімбай). Иса Көздеуұлынан Балтабай (-Ағыбай), Құсайын (-Қайырбек, Шолпан, Айман), Бітімбай (-Битан, Оразбек, одан Айтказы, Серік, Бейбіт, Ерғазы, одан Айзере, Ұлпан, Нәркеш, Ақерке, Айзада).

**Бақалдан** (№ 124) Атақозы, Ерке. Атақозыдан Көпей, Көбей, Бейсекей, Жарқынбай. Көпейдің бәйбішесінен Омарқұл (-Нүкей, Әбдірахман, одан Хасен, Құсайын), Мұсылманқұл, Иса. Көпейдін тоқалынан Айсабек, Ысқақбай (-Қайырбек), Ісілямбек, Ысқақ, Әлі, Кенжебай. Көбей Атақозыұлынан Сүлейменбек (-Ахметжан, одан Қамидолла, Құмарбек, Оразбек), Дәуренбек (-Нұрсейіт, одан Нөкетай, Төкенай).

**Бейсекей Атақозыұлынан** (№ 125) Әнәпия, Адамбай (-Садық), Әбеу (-Ахметбек, Кәкіш, одан Сәрсен, Мәуітбек), Сейітбаттал (-Жұмабек, одан Бағдат, Ғалия, Ермек, Нұрбек; Мейірбек, одан Төкен, Токан, Сайлаубек), Самұрат (-Жәнібек, Сыздықбек), Шәкмұрат, Шәймерден (-Ақшамбек, Әмірбек). **Ақшамбектен** (№ 126) Әлібек (-Мақсұт, одан Серікбек; Асқар, одан Нарымбек),

Темірбек (-Айбек, Аманбек), Алеша, Сәлімбек (-Жеңісбек, одан Мәди, Елубек, Манарбек; Төлеубек; Рысбек; Қонысбек, одан Жәнібек; Жарасбек, одан Назарбек, Сұлтанбек; Ниязбек, одан Әділет; Бақытбек, одан Қазыбек; Қуанышбек.

Атақозының Бейсекейі де, оның ұлы Сейітбаттал да ерең күші иесі болған, сан күресте жүлде алған балуан болған азаматтар.

Ерке Бақалұлынан (№ 127) Имам, Бәлтік, Шонтыбай, Ботбай, Шақай. Имамнан Көдек (-Ыдыбай, одан Жамазар, Құрмаш), Шәкімбай (-Мұхаммәди, Әлібек), Тәуекел (-Құсайын, Жазыбек, одан Сағидолла), Дүйсенбі (-Бүркітбай, одан Сағат), Сембі, Сәрсен. Сәрсеннен Жұмәділ (-Қамзабек), Жұмағұл (-Құлмақ, одан Жарасбай, Жанабай, Көкен, Тұрсын, Зайтай, одан Төлеш, Серік, Болат, Кенжебек, Жанат). Шонтыбайдан Тыныс (-Төлеухан, Бейсенбек, Кәрім), Топарбай (-Ібілісбек, Сәрсенбек, Алтынбек, Түсіпбек), Әмірбай (-Ораз).

Аманкелді Дәулетұлынан (№ 128) Ақбұзау, Шөкен, Ілікбай, Шонтыбай, Бопай, Олжабай, Жидебай. Ақбұзаудан (№ 129) Базарбай (-Үмітбай, одан Қасен), Бәсібай (-Тәуірбай, одан Рахметолла, Нығыметолла, Мұқан; Тоғызбай, одан Әміржан, Әділжан, одан Қырықбай), Жақсыбай, Күзенбай (-Әлкей). Шөкеннен (№ 128) Шүңкі, одан Мұқажан, Смақ, Дәуқара, Айқара. Ілікбайдан Әлібай, Молдабай, Молдатай, Молдақан, Сыздықан.

Әлібайдан Омар (-Әлем), Ысқықак (-Шәмәм). Молдабайдан Темірғали (-Қақол), Ақан (-Ермек). Бопай Аманкелдіұлынан Мұстафа, Әріп (-Дүйсен, одан Сағындық).

Аманбай Дәулетұлынан (№ 130) Сайдалы, Пайдалы, одан Қопабай (-Әлкей, Омарәлі, одан Құсайын, Қасен, Ораз), Исайын, Нұрғалый (-Темірбек).

Өтеулі Дәулетұлынан (№ 131) Досымбек, Қасымбек. Досымбектен Қиубай (-Райымқұл, Шақамбай, Өмірбай), Мекебай, Әліпбай, Маусынбай, Сәтбай (-Мәшпи, Жұмабек, Жүсіп). Мәшпиден Нұртаза (-Мұхтар), Қырықбай (-Мұқатай), Оспан (-Мұрат). Жұмабектен (№ 132) Бакриден, Өкен, Шаймарден,

Шолпан, Ратай, Кенжебек. Бакриденнен Айман, Болат, Рымқұл, Баймұрат, одан Бақберген. Өкеннен Айдар, Асқат, Асқар. Шаймарданнан Арман, Еркін, Ержан, Нұржан, Алтынгүл, Айкыз, Алмагүл, Қарлығаш. Ратайдан Ермұрат (-Нұрасыл, Жұлдыз), Ербол (-Қазыбек), Гүлбану. Кенжебектен Алмас, Асыл, Ардақ. Жарқынбай Атақозыұлынан (№ 133) Бекей, Уайс. Бекейден Айттан, Сұлтанбек (-Дулат, одан Арман; Оразбек, одан Талғат; Оразали; Ниязбек, одан Ерлан, Ержан, Манарбек, Рустем, Бауыржан; Айтқали одан Азамат; Болат, одан Асхат; Құрманбек; Кенжебек; Марат; Зекен; Мәкен), Нығмет (-Қайролла, Нурділдә, Төлеубек, Рымбек, Сайлаубек, Марат).

Уайс Жарқынбайұлынан (№ 133а) Әділбек, Сағат (-Қабдрашит, одан Бәшарбек, Мұратбек, Қизат; Мұжит, одан Боранбек, Мұратбек; Мұсәт; Жұмабек, одан Нұрбек, Ермек, Бағдат, одан Жанарбек).

### **Битен Бектемірұлы**

Бертістің Бектемірінің тағы бір баласы Битен. Ол егіздің сыңары.

Битен Бектемірұлы (№ 134) бірінші әйелінен Отар; екінші әйелінен Тұрпан, Тонтай, Қантай, Жантай, Аққозы; Үшінші әйелінен Кенжеқозы, Избасар, Малай, Баба.

Отардан Жандербек, Елеусіз, одан Сыздықан, Мейірқан. Тұрпаннан Ұлбазар, Бибазар, Ұлжан, Жағал, Молқара.

Ұлжан Тұрпанқызы (1810-87) Құнанбай қажының екінші әйелі, қазақ халқының ұлы кемеңгері Абайдың анасы. Ұлжан өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған.

М.Ж. Көпейев өзінің «Қазақ шежіресі» – атты еңбегінде Бертіс ұрпақтарын атай келіп: Құлатай, Қожатай, Қантай, Тонтай олар да осы Бектемірден шыққан. Байлық та бірінен-біріне өтеді. Соның ішінде Тонтайдың сөйлемпаздықпен аты шыққан.

Тонтекең ауырып хәл үстінде жатады. Ағайын-туысқандары

бірінен кейін бірі келіп, сәлем беріп, көңілін сұрайды. Бір кезде Тонтекең басын көтере алмай жатса да езу тартып туыстарына: «Е, ауыра-ауыра елдің де мазасын кетірдім білем, енді о дүниеге аттанбаса болмас, кожа-молдалардан да ұят болды-ау, шаршаттым-ау оларды» – деген екен.

Ибрагим (Абай) Семейде семинарда оқып жүріп, ауылға каникулға келгенде әкесі Құнанбайдан: «Көке, нағашыларыма барып келсем қайтеді» депті. Құнекең рұқсатын беріп тұрып: «Балам аузыңа ие бол» – депті. Ибрагим нағашыларында бір айдай болып, қайтып келген соң әкесі мән-жайды сұрайды. Ибрагим нағашыларының ауылында көңілді болғанын, жақсы дем алғанын баяндап болып: «Көке, бір жағдайды мен түсіне алмадым. Нағашым намазды асығып оқығандай болды. Осыны айтқанымда маған күле қарап тұрып: «Қарағым, біздің елдің намазы, сіздің елдікіндей аттың жалында, түйенің қомында, найзаның ұшында емес» – деп, аяндап таспығын тартып жүріп кетті». Осыны естіген Құнекең санын соғып қалды да: «Қап, балам, аузыңа ие бол деп едім ғой» – деп бұл жұмбақтың сырын Тобықты еліндегі жайларды нұсқағанын айтып берді.

Жұрт осы әңгімені Тонтекеңмен байланыстырады да, Абайдың анасы Ұлжанды Тонтайдың қызы дейді. Расында да жоғарыда айтқандай, Ұлжан анамыз Тұрпанның қызы екенін осы әулеттің ұрпағы Қабден Әрінбекұлы айтқан еді.

Әрінбектің әкесі Ыбырай, оның әкесі Тұрпан.

Молдабек Жанболатұлының (22) «Тобықты-Шыңғыстау шежіресі» – атты кітабының екінші томының 115-бетінде: «Ұлжан» деген мақалада: «Тұрпанның апалы-сіңлілі Ұлжан, Молқара есімді қыздары дүниеге келеді» – делінген.

Тұрпанның Ұлбазарынан (№ 135) бірінші әйелінен Сәбит, екінші әйелінен Жекеш, Қарағазы, Балық, ал үшінші әйелінен Жанбазар, Құлбазарлар туған.

Сәбиттің бірінші әйелінен Рапық, Тақыр, Сләм, одан Үндемсе, Бейсембай (-Сержан, Серік, одан Ержан, Ерлан, Нұрлан), екінші әйелінен Биби, Уапи, Қасғай.

Балық Ұлбазарұлынан (№ 136) Жүніс, Байман, Жақыпбай. Жүністен Түсіп (-Кәкембай; Мүзікен, одан Ырымғалым, Төлеуғазы, одан Нұржан, Сәбит, Құрман; Айғаным; Мәрден; Ұнжан), Қасымжан (-Төлеуқан), Ошан, Елеусіз (-Қалыш, Нәсіп).

Байман Балықұлының бірінші әйелінен Бекен, екінші әйелінен Қанел, одан Қажыбек (-Ырымғылым, Кәдірбек), Айша, Біша, Ақыметбек (-Мұсағали, Ырысқали, Қайрат). Мұсағалидан Айса (-Болат), Мұрат (-Рүстем), Болат (-Ақметбек, Болат).

Балықтың Жақыпбайынан (№ 138) Қабыйжан, бірінші әйелінен – Қапура, Рахима, екінші әйелінен Данияр, Мүйтіш. Қапура Тоқыштың Төлеубайының Ахметінің бәйбішесі, Роза, Сайлау, Зүкеш, Раушан, Баяндардың шешесі.

Ұлбазар Тұрпанұлының Жанбазарынан (№ 139) Сүлеймен, (-Кәрібжан, Керімжан, Аманжан, Әкімжан, Жамал), Сабдырақман (-Жақсылық, одан Талғат), Шотжан. Кәріпжаннан Өмірбек, одан Болат, Мұрат (-Руслан), Самат (-Қайрат).

Аманжаннан (№ 140) Темірбек (-Нығымет, Нұржан), Темірғали (-Серік), Семейғалым (-Мұрат, одан Алишер; Ермек, одан Алемгер, Райымбек, Азизбек; Қайрат), Кенжеғазы (-Ернар, Қуандық, Марат).

Ұлбазар Тұрпанұлының Құлбазарынан (№ 141) Жаңабай, Аязбай, Досмағамбет, одан Іңірбай, Аязбай.

Тұрпан Битенұлының Бибазарынан (№ 142) Ыбырай (-Арын, Арынбек, Ақпан, Әлімжан, Жәмила, Күлсім), Шектібай (-Шәкен, Құрманбек, одан Нұрпаш), Әміре (-Оразбек, Бердібек, Оспан, одан Жұмабек, Балжан, Нұртаза, одан Мәтту). Арынбек Ыбырайұлынан Қабден, одан Берік, Серік, Бейсенғали, одан Салтанат, Сандуғаш, Әлия.

Қабден Арынбекұлы 1920 жылы қаңтар айында Павлодар облысының Май ауданының Майлықара атты нөмірі үшінші ауылында туған. Отан соғысының ардагері, партия – кеңес қызметіне араласқан. Отыз жеті жасынан бастап зейнетке шыққанша қаржы саласында қажырлы еңбек еткен. Көптеген мемлекеттік орден-

дермен, медальдармен марапатталған, республикаға еңбегі сіңген зейнеткер.

Бектемірдің Битенінің ұрпағы жайында бұрынғы басылымдарда көп мағлұмат жоқ еді (Битеннің төрт-ақ баласы аталған еді). Қабден аға Битеннің ұрпағының есімдерін толықтырып, біраз мәлімет беріп, бірнеше күн-түн әңгіме құрған едік.

Битеннің (№ 143) **Жантайынан Әділбек, Асыл, Мұстафа, Базыл; Қантайынан Омар, Иса; Бабасынан Мақылбек; Малайынан Үніс, Жүніс; Кенжеқозысынан Айбасар, Байбазар, Тоқтаболат; Аққозысынан Атақозы, Ерке; Избасарынан Молдақ, Ахмет.**

Битеннің Кенжеқозысының Тоқтаболатынан (№ 144) **Дүйсенбай (-Белгібай, одан Айткен, Жанат, Сайлау, Қанат, Нұрилла, Фарида), Солтанбек, Ырғайбек (-Нафиса, Мафруза, Үмітжан, Марат), Фатима, Сәтима, Шынбала. Ырғайбектің Маратынан Мейрат (-Мадина, Рүстем), Сайрат (- Асқар, Асділ, Анель), Қайрат (-Әділ, Аделя), Айгүл. Солтанбек Тоқтаболатұлынан (№ 145) Қайырбек, одан Төлеген, Еркін (-Жібек, Аслан), Гастелло (-Әлия, Әнуар, одан Алхай), Жеңіс (-Раушан, Ерлан), Төлеу.**

Битеннің Кенжеқозысының Тоқтаболаты Меккеге барып, қажылық құрған. Сол жерде ауырып қалады, хал үстінде жатып, жолдастарына: «Мен елге жете алмаспын. Түс көрдім. Түсімде ырғай ағашын көрдім. Бәйбішемнің аяғы ауыр еді. Сәлем айтыңдар – ұл тапса атын Ырғайбек қойсын» – деген екен. Расында да, ұл туып, есімін Ырғайбек атаған. Ол кісіні біз көрдік. Жолаушы тасыйтын поездың бастығы болып көп жыл еңбек етті. Аягөз–Семей, Аягөз–Ақтоғай бағытында жүруші еді. Ескі әңгімені көп білетін, жарқын жүзді, бауырмал еді.

**Тонтай Битенұлынан (№ 146) Баубек, Бәтеке, Баймағамбет, Құсайын. Баубектен Исайын (-Мұқым, одан Өмірзақ), Ысқақ (-Қабен, одан Мағау, одан Қанафия, Хамит, Күлкен және Қабдулғаппар, одан Садық, Дархан), Дүйсен (-Қорабай, одан Кәкен, Жақан), Бота.**



Бәтекеден (№ 147) Жасмағамбет, Тасмағамбет, одан Ахметқан, Мақан. Баймағамбеттен Құрманқұл (-Дүйсембі, Әбдіғали), Бейсен (-Төкен), Оразқұл (-Аманжол, Есенжол, одан Токан).

Құсайыннан (№ 148) Түсіп, Ақпар, одан Қайшыбай, Бөлекбай (-Қабден, Қалкен, Зекен, Керімбек, Ырымбек, Жомарт). Қайшыбайдан Смағұл, Совет (-Ерлан, Есен, Ермек, Сәкен, одан Тимур). Смағұлдан Нұрлан (-Саян, одан Нұрдәулет; Данияр; Әлкен), Гүлназ.

Смағұл Қайшыбайұлы (1935-2007) медицина саласында көп жыл еңбек еткен, жүйке ауруларын емдеуге белгілі жаңалықтар енгізген, ғалым, профессор, медицина ғылымының докторы. Балалары Нұрлан да, Гүлназ да осы саланың белгілі мамандары. Олар медицина ғылымының докторлары.

### Шитен Бектемірұлы

Битен мен Шитен Бектемірдің егіз туған ұлдары, дәулетті болған адамдар. М. Көпейевтің (Мөшекеннің) «байлықта бірінен-бірі өтеді» – деген сөзі содан қалған болар. Тілге байлық жағынан да, қалжың сөзге де шебер адамдар болған. Жас күнімізде үлкендерден бабаларымыздың неше түрлі қалжыңдарын, күлкілі сөздерін естіген едік. Жазып алмаған соң, ойда қалмапты. Кейбір әңгімелер жас буынды тәрбиелеуге, салт-сананы ұғындыруға бағытталады еді. Мысалы: аталарымыздың бірі жастай үйленіп, еншісін алып, Мыржықтың бір қойнауында отау тігіп отырыпты. Аң аулап жүрген бес-алты ағасы үйіне келіп түседі. Інісі үйде болмай шығады. Бірақ жас келін аталарын күтіп, қымызын, шайын беріп, ет асып, табақ тартады. Тамақ ішіп болған соң, аталар рахмет айтып, аттанып кетеді. Олар қырға шыға бергенде інілеріне жолығады. Сәлемдескеннен кейін: «Біздің үйде болдыңыздар ма? Мен Түкеннің ауылына барған едім. Келіндеріңіз күтті ме? – дейді ағаларына еркелей қарап. Ағаларының бірі: – Күтті – дейді. Екіншісі де солай дейді. Ал енді бірі: «Күтті-ау, күткенін қайтейін, бар да, қатын ал» – дейді.



Мына сөзден сескеніп қалған жас жігіт желе жортып үйіне келіп, келіншегінен мән-жайды сұрайды. Келіншек аталардың риза болып кеткенін айтады: «Қымызын, шәйін бердім. Ет те асып бердім. Тоя жегендері сонша табақта біраз ет қалып қойды», – дейді. – «Әкелші табақты» – дейді күйеуі. Келіншек табақты әкелсе, табақта екі жамбас, екі ортан жілік, тағы да сондай мүшелер жатыр екен. Жігіт мән-жайды енді түсінеді. Ағалары келіншектің қазақтың ата-салтынан мақұрым екенін сілтеген екен...

Тіл өнері текпен тарайтын болар. Бұл әулеттің ұрпағы ұлағатты ата сөзін көңілге түйіп, әзіл қалжың аралас сөйлеуге жас күнінен бейім болар.

Ойға түскен тағы бір әңгіме. Кеңес үкіметінің алғашқы кезінде Маяжонның етегіндегі бір ауылға жұлқынған белсенді кедіп, әкіренге басып: «Мына үйде кім бар, шығындар?» – деп айғайға салады. Ешкім шыға қоймайды. Ашуға басқан белсенді кигіз үйді қамшылай бастайды. Әлден уақытта бес-алты жастағы бала шығады, ол үн-түнсіз белсендіге қарап қалыпты. Соңынан шыққан кішкентай күшік шәуілдеп, белсендінің атын айналып, қоймастан үреді. Қой десе, қоймайды. Бала үнсіз... Ашуланған белсенді күшікті қамшымен тартып-тартып жібереді. Таяқ жеген күшік үргенін қойып, баланың жанына келіп, қыңсылай береді. Бала сонда ғана: «Жылама күшігім, жылама, ағалар ұрар болар, кішілер жылар болар... жылама күшігім, жылама» – депті. Мына сөзге қайран қалған белсенді басқа үйге бет бұрыпты.

Бұл әулет Шаншар абыздың ұрпақтарына дарыған өнерден де кенде болмаған – екісінің бірі ән салып, күй шерткен. Ұлы композитор Тәттімбет жайындағы профессор Б. Ысқақовтың «Сарыарқа саздары» кітабында Тәттекеңнің күй тартуды ағалары Жәйләу мен Әлиден үйренгенін айта келіп, былай делінген: «Әуелгіде күйшілік бағыт-бағдарына шамшырақ етіп алғаны Бертіс атасынан бері қарай жалғасып келе жатқан Битен, Шитен, Маныбай, т.б күйшілігі еді. Солардың күй тарту өнеріне қанығып, оған ерекше ден қойды».

Шитеннен (№ 149) Үкібай, Түкібай, Кейкібай, Боранқұл.

Үкібайдан Жұртыбай, Сасықбай, Жұматай. Үкібай старшина болған, Қарқаралының сыртқы округының ұсынысы бойынша 1826 жылдың қазан айында Үкібай мен қатар Шаншар әулетінің төмендегі аталған азаматтары старшин болып сайланған (21).

Әйбикеден – Анай, Алшынбай, Өгізбай, Айпишин (Ақкісіұлы), Аманбай Байтеміров, Қонапай Сенкебаев; Бектонай Қаракұлаков, Нұрбикеден-Тұрлыбектен – Балша Бабусов, Қазанқаптан Тұрпан, Шитеннен Үкібай, Қызылқұрттан Бинет Қабаев, Марал Ақкісіұлы, Қылыбай Сенкібайұлы, Әуезден – Қыпшақбай Қосағанов (Қосақұл болар), Тұрды Тілемісов. Қызданбикеден – Алысайдан Ақжігіт Қуатов (архивтегі құжаттарда есімдер осылай жазылған).

Үкібайдың Жұртыбайынан Данабек, Балабек (-Ескендір, Құрмаш), Әлімбек (-Аухади, одан Мұқаметжан; Байжан; Мақан, одан Қасымбек). Қасымбек ел арасында Аққабак аталды, ескі әңгімені көп білетін қадырлы ақсақал еді. Қасымбектен, Ибатолла, Қабжаппар (-Мұрат, Эльмира), Қабылғазы (-Гүлнар, Нұрлан), Аманжол (-Ерлан, Айман). Ибатолладан Айгүл Бейбітғазы (-Индира, Данияр, Жалел, Қасымбек), Аманғазы, Болатғазы (-Әсия), Жанна.

Бейбітғазы Ибатоллаұлы жаңа заманда өрнегін тапқан азамат.

Үкібайдың Сасықбайынан (№ 150) Қожамберлі, Алдаберлі (-Еске, Рахманқұл), Алдажұман, Нұрпейіс, Жанпейіс (-Смак, Қарамолда, одан Шәріп, одан Зекен, Көшербек, одан Әлібек, Жәнібек, Атымтай, Бауыржан),

Рай (-Ілдебай, одан Жылқыбай), Смағұл (-Қайырбай), Дүйсенбі.

Сасықбайдың Қожанберлісінің, Алдажұманының, Нұрпейісінің ұрпақтарының санына байланысты жеке беріп отырмыз.

Қожамберлі Сасықбайұлынан (№ 151) Ахметшәріп (-Кенжекей, Рабиға, Рәш), Қожахмет, Нұртаза (-Сыздықбай, Рақыш), Дүйсенбі (-Жарылғасын, Тастанқұл), Талыб. Жарылғасыннан Жақан (-Құмарбек), Төлеубек (-Қуаныш, Серік). Тастанқұлдан Мәдікен (-Рамазан), Төлеуғалы (-Оразғали, Асхат, Оралбай, Айтқали, Болат).

Алдажұман Сасықбайұлынан (№ 152) Тасмағамбет (Тасжан), одан Қыдырғалы (-Мейрамхан, Қабылқайыр, Қуан), Нұрғалы (-Қайырғалы, Қасен), Өмірғалы (-Шәкен, Рахымжан), Иманғалы (-Әмірғалы, Секен, Ерғалы, Көшербай, Бекен, Қалкен), Әбілқасым, Қасымбек (Берікбай, одан Дәулет, Бейсенғали, Сейсенғали; Жұлдызбай, одан Арман, одан Нұрислам). Тасжанның балаларының ұрпағын Жұлдызбайдан алдық.

Нұрпейіс Сасықбайұлынан (№ 153) Ноқат (-Қайыркен, одан Қабыкен, Төлеубек), Оразбек, Оразбай, Қалақбас (-Жұмабай, одан Нұрлан), Балғабай (-Қайырбай), Төлеужан.

Жұматай Үкібайұлынан (№ 154) Абықай, Мінәсіп, Ысқақ. Абықайдан Дұғыл (-Әбдіғали, Тоқатан), Талжан (-Әбдірахман, одан Бекен; Біләл, одан Ғазез; Қабділ), Құлмағамбет (-Асқар, одан Қуанышбек, Әбдіғали, Боқан; Әлиакпар; Қажажмет), Нұрділда, Әбжаппар, Жакып. Қажажмет Құлмағамбетұлынан Түсіп (-Серік, одан Төлеген), Дүйсенбай (-Серікқали, Әділ, одан Данияр), Әбетай (-Ахмет, одан Асқар), Әнуар.

Асқар Құлмағамбетұлы ұзын бойлы, ақсары, әдемі өңді, сөзін салмақтап сөйлейтін ақсақал еді. Ұлы Боқанмен мектептің алғашқы сатысында оқыған едік.

Мінәсіп Жұматайұлынан (№ 155) Бакшәйіш (-Қасен), Қабыш (-Қаден, Қабден). Ысқақ Жұматайұлынан Шәмбет (-Қамен, одан Ырзабек, Қабден), Әбіл (-Темірғали).

Түкібай Шитенұлынан (№ 156) Жанбөбек (-Бейсекей, Баймен), Исабек, Сүлеймен, Игісін, Ежебике. Жанбөбектің Байменінен Сиязбай (-Көшен), Жылқыш (-Мұқан), Аманбай, Дүйсенбай (-Бейбіт, Зейнолла, Зақи), Қисан, Құлжаш, Қаймолда (-Төкен, одан Бауыржан, одан Ербол, Нияз).

Исабек Түкібайұлынан (№ 157) Қыстаубай (-Шайқыбек, Мұхаметжан, Әнуарбек, Құлжанбек), Әли (-Құлжан, Кәкен), Жайлаубай (-Алтынбек, Қасен, Құсайын, Тағанбек), Сма-тай. Қыстаубайдың Мұхаметжанынан Рысқали, Жүнісқали, Мұхаметбек, Тоқтағазы (-Айгүл, Әлия, Дина, Исабек), Рымғали (-Күләш, Қарлығаш, Серік). Қыстаубайдың Құлжанбегінен Нұрпан, Сарқыт, Мұхаметқали (-Серікқали одан Талғат, Жанат; Бекен; Қайса одан Амангелді).

Сүлеймен Түкібайұлынан (№ 158) Ысмағамбет (-Құрман, Қамбет, Шәмші, Әрін), Оспанбай (-Жұмабек), Алтынбай (-Ай-тай, Дәуітбек, Шөкен), Асқар, Қажыбек, Күміспай (-Талмағамбет, Рымбек, Үмітжан).

Игісін Түкібайұлынан Ижаш (-Ақберген), Бекіш, Кеншімбай, Кенжебай, Әзімбай.

**Кейкібай Шитенұлының** екі әйелінен он бес ұлы болған (№ 159, 160). Бірінші әйелінен Кешубай (-Жұмаш, Қасым, Маса, Аманжол, одан Қабден), Ағанас (-Қали, Нұрғали), Ыбырай (-Шай-хы, одан Тұрар; Дыбыс, одан Рахмет), Мұсабек, Алик (-Имаш, одан Қани, Қабкен; Мырзаш), Ырғызбай, Көкен (-Бейсекей, одан Жұлдызбай, Жұмабек, Жиенбай, одан Қабдыл), Мәзірбек.

**Мұсабек Кейкібайұлынан** (№ 161) Мұса, одан Ермек, одан Қаужан (-Нұрлан, Арыстан, Айткен, одан Ертарғын, Ерсайын, Ергуған, Ерлан), Төлеухан, Қыстаубай (-Төлеген, одан Қайрат, Данияр; Сансызбай, одан Қуандық; Абылай; Бекежан; Бауыржан, одан Руслан, Ринат, Темірлан; Алтай; Ержан; Имаш).

**Ырғызбай Кейкібайұлынан** (№ 162) Ержан, Қасен, Әділ. Ержаннан Құсайын, Сәруар, Мұқаш, Сейфолла (-Төлеубек), Үрістембек-Сарықыз(-Елуқайша), Шәріп. Құсайын Ержанұлынан Қаткен, Қайролла (-Қайдар, Қабидолла, Сайлаубай, одан Қанат, Мұрат, Саят).

Кейкібай Шитенұлының екінші әйелінен (№ 159) Бұрқұрман, Баубек, Ақыш, Ағыбай, Бәйел, Кегенбай, Жандарбек.

**Бұрқұрман Кейкібайұлынан** (№ 163) Ахмет, Ахметжан (-Тәу-

ірбек, Қайдар, Шәкәрім, одан Белгібай, одан Берік (-Елнұр), Ерік (Гауһар), Серік). Шәкәрім Ахметжанұлы жиырма екі жасында Семей облысының Аягөз ауданының «Жаңа ауыл» газетінің редакторы болып, одан соң аудандық партия комитетінің хатшылық қызметін атқарды. Амал не, 1950 жылы отыз жасында дүниеден озған еді.

Баубек Кейкібайұлынан (№ 164) Смайыл, оның бірінші әйелінен Нұрбек (-Күліш, Қабзолла, одан Жақия), Қазі, Бәтима, Керімжан, Нұрсейіт (-Шайқы). Смайылдың екінші әйелінен Айтмағамбет, Рабиға, Бекмағамбет, Кенже, Нұрмағанбет. Айтмағамбеттен Ғалымжан, одан Төлеутай (-Шахбан, одан Ақмарал; Зәуреш; Зейне). Бекмағамбеттен Рәш, Шәріпжан, Жолдасбек (-Еркін; Серік, одан Айжан, Жанар; Гүлнар; Айгүл).

Рабиғаның келіні Күлән Смайылды көрген екен. «Сексен жасында атқа жайдақ мініп шабатын еді ол атамыз. Ортадан жоғары бойы бар, тығыршықтай кісі еді», – деуші еді Күлән жеңешеміз. Смайыл Баубектен неге жалғыз? – деп әкемізден сұрамаппыз ғой...

Смайылдың балалары орташа дәулетті болған азаматтар. Елімізге келген (1929-30) нәубет жылдары малдан айырылып, аштыққа ұрынатын болған соң Айтмағамбет Семей арқылы Түркістан – Сібір темір жолы құрылысына араласқан. Сол жылдары Лепсі станциясының маңында қайтыс болып жерленген. Ал, менің әкем Бекмағамбет (1884-1961) пен шешем Жұмабике Әбділдәқызы (1898-1962) Семейдегі қайын жұртына келіп паналап, одан соң Новосібір қаласына бет бұрған. Самолет құрастыратын «Чкалов» атындағы заводта еңбек еткен.

Нұрмағамбетке он төрт жасында емшілік қасиет қонған, көріпкел болған. Кеңес үкіметі келіп «бақсысың» деп емшілігін тоқтатуды талап еткен соң 1927 жылы отыз жасында қайтыс болған. Нұрмағамбеттің емшілік қасиеті жайында үлкендерден көп естідік. Бірақ пионер, комсомол болғандықтан сенбейтін едік. Әкем 1953 жылы оқуда жүрген мені іздеп, Алматыға келді. Белгілі жазушы Сапарғали Бегалинмен жолықты.

Елден кеткелі көріспеген екі қарт Сапекеңнің үйінде дастархан басында өткен күндерін еске алып, мәз-майрам болып отырды. Сапекең біздің аталарымыздың ауылында судья болып істеген, Нұрмағамбетпен жақын жолдас болған екен. Бір уақытта Нұрмағамбетті ойларына түсірді.

– Балдызым тұрмысқа шығатын болып, жұбайының ауылына ұзатып апармақ болдық. Ол кезде Нұрым емшілігін қойған кез еді, мен бірге барайық деп қолқа салдым, – деп бастады әңгімесін Сапекең.

– Алыстағы ауылға бардық, той қызықты, жақсы өтті. Таңға жақын дем алуға кірісіп, Нұрым екеуміз ұйқыға кеттік. Әлден уақытта біз жатқан киіз үйдің есігі ашылып, атам кіріп келді де:

– Нұрым, тұр, менің күміс үзеңгімді ұрлап кетіпті бұлар, – деп байбалам салғаны бар емес пе.

– Мен оны қойдым емес пе, үзеңгілерді іздей алмаспын деді Нұрым, басын көтеріп.

Ақсақал есікті сарт жауып, далаға шығып кетті. Бір бәленің боларын сезгендей мен Нұрымға жалындым:

– Бір жолға көмектесші, мен судьямын ғой, өзім арашалармын. Әлгі ақсақалдың мінезін білесің ғой... үзеңгісі табылмаса, бұл ауылда бір түнеген қызын еліне алып қайтудан тайынбас.

Нұрым азырақ ойланып жатты да, менің өңімнің өзгергенін байқады-ау деймін, басын көтеріп, малдасын құрып, біраз уақыт өзімен өзі сөйлесіп отырды да: ауылдың адамдары түгел жиналсын деді.

Әлден уақытта біреулер – түгел жиналды деді.

Нұрым: «Ауылдың күн батысындағы бұлақ басындағы үйдің иелері шақырылсын», – деді.

Біраздан соң жас жігіт пен жас келіншек келді.

– Сол үйдің маңындағы жар астындағы құлаған қораның терезесінің астында үзеңгілер жатыр деді Нұрмағамбет.

– Мен әкелейін деп кенет бұрылған жас жігітті Нұрым тоқтатып:

– Сен барма, басқа біреу әкелсін деді.



Осылай Нұрымның көріпкелдігі арқасында ұшығайын деп тұрған өрт-дау тоқталып, атамыз сабырға түсті, – дей берді Сапекен.

Бағанадан бері екі қарияның сөзін бөлмей отырған мен:

– Аға, Кенже ағам өзі тығып қойған жоқ па екен? – деппін Сапекенге бұрылып. Осы сұрақты қалай қойғаным осы күнге дейін аң-таңмын.

Сапекен сабырлықпен маған қарай бұрылып, оң қолының алақанын төбеме қойып, басымды сипап:

– Жоқ, қалқам, – деді даусын созыңқырап, барған ауылымыз жаққа Нұрымның бірінші рет келгені еді. Одан соң екеуміз жұбымызды жазбай бірге жүрдік, қатар жатып ұйықтадық. Осы өңірде Нұрымның таныс-тамыры жоқ еді. Бұл – Нұрымның көріпкелдік қасиетінің барлығының айғағы еді.

Осыдан кейін Кенже ағам жайында үлкендерден естігеніме сенетін болдым.

Ақыш Кейкібайұлынан (№ 165) Сахит, Молдабай. Сахиттан Махмет (-Дәуітбек, одан Серік; Қабай). Молдабайдан Сәрсенби (-Нұғыман; Қайырбек одан Төлеуғайша; Әбдірахман, одан Совет, Гуля, Нұғман, Рая, Орал, Мырза, Ақыл).

Ағыбай Кейкібайұлынан (№ 166) Жүніс; Абыша; Үйсін, одан Хайролла, Мұқажан; Токмұхамбет (Тоқыш), одан Төлеубай (-Тойбек, Ғалымжан, Ахметқали, одан Роза, Зүкеш, Раушан, Баян, Сайлаубек, одан Қайрат, одан Ахмет, Айбек, Алия).

Токмұхамбеттің ұлы Төлеубай жиырмасыншы ғасырдың басында саудамен қатты айналысқан адам – осы заманның тілімен айтсақ, ірі кәсіпкер.

Баласы Ахметқали партия-кеңес қайраткері – көп жылдар Шығыс Қазақстан облысының атқару комитетінің хатшысы болып, табысты еңбек еткен азамат. Бірақ, «саудагердің баласы» – деп еңбек жолына тосқауыл қойылып отырған кездер болды.

Бәйел Кейкібайұлынан (№ 167) Ыбыш, одан Сәлімжан, одан Сыздықан (-Думан, Жанат, Нұргүл, Үмітай), Әнуарбек;



Дүйсембек, одан Кәріпбай (-Қажыбек, Ақылбек, Амангелді, Раушан, Райхан), Ғазез, Сембай (-Асқар, одан Тимур, Виктория, Талина; Марат); Жексембек, одан Кәрімбай, Сейітқали; Сембек.

Кітаптың бірінші тарауында айтқандай Кәріпбай Дүйсембекұлы (1924 ж.) Барнауыл қаласында тұрып қалып, 2007 жылдың тамыз айының 15 жұлдызында дүние салып, сол қалада жерленді. Інісі Сембай (1929-1999) еңбек жолын қаржы саласында бастап, зейнетке шыққанша қалған өмірін әскер қатарында өткізді.

Боранқұл Шитенұлынан (№ 168) Әбілпейіз (-Әбілпан, Оразбек, Қозыбай), Қожахмет (-Сиырбай, одан Нұрхамит, одан Мұрат; Қыйырбай, одан Айдархан), Әбілқожа, Омаш (-Олжабай).

Әбілпан Әбілпейізұлынан Әкімбек (-Түсіпбек, одан Рымбек, Рымғали, одан Мұрат, Бекен, Болат; Серікбай), Өмірхан (1900-1942) (-Қабдолла, одан Гүлмира, Сәбира, Мадина), Иманқұл (-Аяз), Құрманқұл. Оразбек Әбілпейізұлынан Қабидолла (-Амангелді, Аманғазы, Марат, Талғат). Қозыбай Әлпейізұлынан Әлімхан (-Қайырбек, Қадырбек, Қадыр).

Өмірхан 1928-31 жж. Семей уезінің Қызылтаң болысының үшінші ауылында ауыл кеңесінің төрағасы болған, Ұлы Отан соғысында құрбан болды.

Қабдолла Өмірханұлы (1932 ж.т.) көп жылдар бойы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет атқарып, полковник шенінде зейнетке шықты, Семей қаласында тұрады. Рымғали Түсіпбекұлы (1928 ж.т.) көз жанарының төмендігіне қарамастан Семей облысының бірнеше ауданының прокуратурасын басқарып, еліне аянбай еңбек етті.

Қызылғұрт Бектемірұлы Қызылғұрттың (№ 169) Елгелді, Сенкібай, Ақкісі, Жанкісі, Есен, Көбек атты ұлдары болған.

Елгелдіден (№ 169) Самай, Аман, Қабай, Қабанбай, Бекпан. Самайдан (№ 172) Күшік (-Мұста, Жаманбала, Шүйіншалы, Бек, Бектас), Түрке, Айдабол, Күлік (-Тұрғанбай, Жұмағали). Күшіктің

Шүйіншалысынан Шамар (-Елубай), Мұхамеджан (-Мұқан). Жаманбаласынан Шайқы (-Төкіш), Сағындық (-Теміржол, Елдебай, одан Қабыз). Күшіктің Бегінен Мұстафа, одан Машрап, Нығмет (-Мақтай, одан Марат, Тоқат, Дулат, Қайрат; Нұрахмет; Болат), Махамбет (-Тілеу, Мұратбек).

Елгелдінің Аманынан (№ 173) Мұқыр (-Жаксылық, Жетпіспай, Сүйгенбай, Шығамбай), Соқыр (Мыржықбай), Қараша, Байташ, Боттай (-Жылқыбай, одан Ауған), Шағатай (-Қабзолла), Бокбас (-Скак, Сүлеймен, одан Қарата). Соқырдың Мыржықбайынан Ыбырай (-Елубай), Тұрсынбек (-Есқали, Рақымғали, Кенжеғали). Мұқырдың Шығамбайынан Саду (-Өмірзақ), Жаксыман (-Сәтбай, Қыдырбек, Қалиман, Шынқожа).

Елгелдінің Қабанбайынан (№ 169) Мұрынбай мен Ұзақ. Мұрынбайдан Ақша (-Көшжан, одан Жайлаубай, Шикібай, Смақ, Нұрқайдар, Мұқажан, Шөміт), Жандос, Сарбас, Тумат (-Иемберген, одан Шәку, Жұмабай, Өсібай, Аязбай), Өтеш. Көшжанның Жайлаубайынан Алмагүл, Мұрат (-Дәурен, Нұржан, Динара), Қарлығаш.

Жайлаубай Көшжанұлы Сарсенбеков менің анам Жұмабикенің сіңлісі Айтжанның ұлы. Еңбек жолын қаржы саласында бастап, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет атқарды, зейнеткер қызылғұрт ұрпағынан біраз мәлімет берді.

Иембергеннің Жұмабайынан Әбілғазы, одан Қалияс (-Ержан, Нұрболат, Бауыржан, одан Жандос, Елдос), Әлиас (-Қуаныш), Айтуған (-Мақсат), Ерболат. Иембергеннің Аязбайынан Касен (-Жұмағали), Қапбас (-Сабыржан, Ерқанат). Қабанбайдың Ұзағынан (№ 170) Бұқа, одан Нұрпейіс (-Құрманбай, Нұрхайдар, Төлеутай, Ғазез, Байғабыл), Жұқа, Наймантай, Мәшен (-Көке, одан Балғабай, одан Мұқаш, одан Матай), Көркімбай. Нұрпейістің Құрманбайынан Шәріп, Әйткен (-Әділбек, Батырбек, Борамбек, Сәулет, Айткүл, Кенжегүл), Кабима, Байтөлеу (-Бақытбек, Нұрбек, Тілеубек, Баян, Назгүл, Майра), Мейрамгүл. Нұрпейістің Нұрхайдарынан Шәқар (-Мұрат, Майра), Жаммария, Нәдір

(-Асет, Нұрлан, Нұржан, Ержан, Леонид), Сәбит, Аман, Тілеукен (-Қазболат, Жанболат, Тілек, Асыл). Нұрпейістің Ғазезінен (№ 171) Зында, Баттал (-Ердаулет, одан Орлан, Руслан; Седәулет, одан Әсем, Меруерт, Әсет, одан Ерәділ; Талғат одан Әдлет, Болат; Ләйлә; Әннасыр, одан Марат, Альмира; Әбділнасыр, одан Айым, Асен, Алима), Нәзір, Әсия, Қуат (-Динара, Айжан, Маржан, Нұржан, Бауыржан), Қанат (-Ерлан, Ербол, одан Арсен), Жұмат.

**Бекпан Елгелдіұлы (№ 174)** (Хамит ақсақалдан алған мәлімет бойынша), Тінәлі, Батпақбай (-Ермағанбет, Уалихан, Мырзахан), Мендеке (-Ербол), Асылбек (-Әділет), Мұратқан (-Айбек, Жұмабек, Азамат, Оралхан), Жанабай (-Ерік, Берік, Серік, Жәнібек), Мырзабек (-Берік, Сұлтан, Оразбек, одан Айтбек), Таукүдірет (-Қуанышбек, Әділбек, Төлеуғали).

Осылай Бекпанның ұрпағын кестеге түсіріп қойған соң Семейден Қалияс Әбілғазыұлынан Бекпанның басқа балалары жайында мәлімет алдық та, Төлеу Тоқымбайұлын тауып, телефон арқылы хабарластық. Ол ақсақалдың жасы жетпісте, Бекпанның ұрпағы екеніне көзіміз жеткендіктен екінші кестені жаздық.

**Бекпаннан (№ 175)** Манабай, Меңібай, Дүйсембай. Манабайдан Бұқар (-Әміржан), Дәуітбай (-Нұрлыбай, одан Төлеу), Шошакпас (-Теміржан, одан Абрахман, Қожабек), Үсембай, Былшық. Нұрлыбайдың Төлеуінен Мұратбек (-Төлеген), Рымбек (-Ермек), Рамазан (-Елдос). Меңібайдан Піштай, Инелік, Жылтыр, Жаншолақ. Бекпанның Дүйсембайынан Жұман, Әлмағамбет, Әлжан, одан Асылбек, Тоқымбай, одан Аман, Төлеу (-Төлеуқайша; Рамазан, одан Асхат, одан Айдын; Сапар, одан Лейла).

### **Сенкібай Қызылғұртұлы**

**Сенкібай Қызылғұртұлынан (№ 176)** Тінібай, Қалибай, Сары, Дәндікұл, Келтеқара, Жанмырза, Тасбақ, Қылыбай, Қаратай (-Тілеубек, Орақ). Сарыдан Қонтай, одан Сәрсенбек, одан Сейсенбек, одан Амантай (-Гүлнар, Қайрат, одан Абай), Жексенбай

(-Нұржан), Орынбасар (-Аблай, Қазбек). Амантай Қарағанды мен Алматыда жеңіл өнеркәсіп фабрикаларын басқарған азамат. Ол 2008 жылдың ақпан айында жетпіс жастың асуынан асты. Еліне еңбегі сіңген зейнеткер.

**Қылыбай Сенкібайұлынан** Күлік, одан Сүлеймен, одан Сыздық, одан Рақымжан (-Төкен, Дәулет, Темеш, Серікқали, одан Төлеген), Қамит (-Әдебиет, одан Іңкәрім; Мәдениет; Сүният, одан Сағын, Балғын, Мұқит; Қинаят, одан Әлия, Асқар, Асылжан; Сәуле; Рымжан; Үмітжан), Оразбек (-Өкіт, Ризабек, Мұрат).

**Тасбақ Сенкібайұлынан** (№ 177) Құжық, Ақай, Мұжық. Құжықтан Әбділдақажы, одан Тоқмет (-Қамит, Роза), Мақмет (-Нәркен). Ақайдан Бекбау, одан Сымағұл, Ысқақ, Нығымет. Сымағұлдан Жайлан (-Мұрат), Қаби (-Қарлығаш), Нәби (-Нұржан, Нүкен), Қину (-Нұрғазы, Қандал). Ысқақтан Қорабай (-Қайрат, Думан, Сымбат, Сұңғат). Нығыметтен Айдархан (-Талғат, Сымбат), Төлеухан (-Бейбіт, Қанат, Құндыз), Қанипа.

**Мұжық Тасбақұлынан** (№ 178) Қонысбай, Шәкі, Жәдігер, Шаған, Қарғабай, Қойлыбай. Қарғабайдан Шәріп, одан Рахметолла, Қалкен. Рахметолладан Айтақан (-Арман, Айман), Амантай (-Рауан, Нұрсұлтан), Санақ (-Мереке, Назым), Мұратбек (-Асқар), Мұрат (-Асқар, Мәди, Марал, Айнұр, Ернұр, Орал, одан Арғын, Айғаным). Қалкеннен Тілеубек (-Тимур), Тілеуғазы (-Алмаз).

**Мұжықтың Қойлыбайынан** (№ 179) Түсіп, одан Әлімжан, Жұмағұл. Әлімжаннан Әнтай (-Серік, Гуля, Гүлжан, Гүлмира), Тайбай, Мағау (-Бекарыс), Мейрам (-Әсел, Әсем, Баян, Қуаныш), Алма, Тілеубике. Жұмағұлдан Рымбек (-Қайрат, Төлеген, Айгүл, Алмагүл, Айнұр, Айгерім), Айтбек (-Жадыра, Қаламқас), Асылбек (-Азамат), Аман (-Жангүл, Ботакөз), Бағира, Қарлығаш, Қалқа, Алтынбек.

Тінібай Сенкібайұлы бай адам болған екен. Жылқысын түгелдегенде санамайды екен, – «Мыржықтың екі тауының арнасы толса болды» – дейді екен. Алты әйел алыпты. Бірінші әйелінен Құрман, Топшақ, Кәдірбай, екінші әйелінен Әңгіме,

Темешбай, Алтайбай, үшінші әйелінен Қаржасбай, Кеңесбай, Бүркітбай, төртінші әйелінен Алпысбай, Мәмбетбай, бесінші әйелінен Күзеубай атты ұлдары туған.

Құрманнан (№ 180) Қақан (-Жолдыбай, Жақсыбай, Сәуе), Сапақ (-Дүйсекей, одан Рахымжан), Сопақ (-Балапан, одан Темірғалы, Темірболат, Болатбек). Қақанның Жолдыбайынан Сүлеймен (-Көпжасар, Қабдышүкір, Хамит, одан Сабыр Жомарт, Амантай), Бәкір (-Көкен), Әмірғали (-Балқаш). Қақанның Сәуесінен Балағаз, Қанапия, Түсіп.

Топшак Тінібайұлынан (№ 181) Бапақ (-Оразбай, одан Уәп; Әбділда, одан Мұхамадияр), Қораш (-Есебай, одан Қамал), Шыңғысбай (-Ермекбай, Сақып, Қадыр, Торғай), Сәрсенбай (-Жұмаділ, Сағындық, Маутай).

Әңгіме Тінібайұлынан (182) Жауынбай (-Рысбай, Дүйсенбай, Ақтөкен), Әлібай (-Қамарбек, одан Орынбек, одан Руслан), Көшкінбай, Ақпанбай, Тоқпанбай.

Темешбай Тінібайұлынан (№ 182) Мұсайын (-Ғалым, одан Қабылтай, Ақылбек, Әсет, Нұрбек).

Кәдірбай Тінібайұлынан (№ 183) Тұңғышбай, одан Ахтай, Әбдіғалы, Әбдікәрім, Кенжекей. Тұңғышбайдың Ақтайының Мақашынан Жасұлан (-Серік, Дүйсембек, одан Әділ), Совет (-Марат, Жанар). Әбдіғалыдан Төлеутай (-Әбілбек, одан Мұхитбек, Қайырбек, Нұрбек, Сайлаубек, одан Ернар), Несіпбай (-Мәлс, одан Асқар, одан Алдияр; Дулат, одан Әбілхан), Рахымбай (-Жарабек, одан Төлеубек), Шәкірт (-Рымбек), Рысбек, Рымбай.

Тұңғышбайдың Әбдікәрімінен (№ 184) Мұса, Иса, Шәкем, Қыран, Төлеу. Исадан Темірбек (-Ерлан, Дастан, Ерзат), Болатбек (-Жандос, Олжас). Қыраннан Рақым-Ақмаш, одан Мейізбек (-Қайрат), Қазбек, Ризабек, Қайырбек. Төлеуден Арғынбек (-Бүркіт, Ерсін, Нұржан), Серікбек (-Данабек, одан Ернұр), Жұмабек, Нұрлан, Еркін (-Біржан).

Қызылғұрттың Ақкісісінен (№ 185) Арал (-Тоқтыбай, Қашқынбай, Ораз, Кәдері), Марал, Жабық (-Батпақбай, Тінәлі),





**ТӘТТІМБЕТ  
ҚАЗАНҒАПҰЛЫ**



**НҰРМАҒАМБЕТ  
СМАЙЫЛҰЛЫ**



**НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ**



**НҰРЫМБЕК ЖАНДИЛДИН**



**ӘБІЛХАЙЫР ИБРАЕВ**



**ТОҚЫШТЫҢ ТӨЛЕУБАЙЫ**



**ҚАСЫМБЕК МАҚАНҰЛЫ**



**ӨМІРХАН ӘБІЛПАНОВ**





**ЖҮСИПБЕК ДӘУКЕЕВ**



**КЕНЖЕБЕК ДӘУКЕЕВ**



**АЙДАРАТ НҮРЕКЕЛҰЛЫ (1927-2003)**



**СЕМБАЙ ДҮЙСЕМБЕКҰЛЫ**

АҚҚОЯН, НАТАША, НАҒИМА, ЖҰМАБИКЕ, ҚАЙША,  
АҒЫН, РАБИҒА, ЖОЛДАСБЕК, ... , ... , ҒАЛЫМЖАН, ТӨЛЕУТАЙ 1942 Ж.

АЯКӨЗ ҚАЛАСЫ





**РЫСБЕК, ҚАНАЙ**



**РЫМҒАЛИ ТҮСІПБЕКОВ**



**ҚАМАШ ТҮСІПБЕКҰЛЫ**



**РЫМБЕК ИЛЬЯШЕВ**





**ШӘКӘРІМ АХМЕТЖАНҰЛЫ  
БҰРҚҰРМАНОВ  
(1920-1950)**



**ЖАЙЛАУБАЙ СӘРСЕМБЕНОВ**



**РЫМБЕК ИСАИНОВ**



**ҚАЙЫР РАХМЕТЖАНҰЛЫ**



**ТҮРКІСТАНДА**



**АЙТЖАМАЛ ҚАМЗАҚЫЗЫ**



**ЕЛУҒАЙША  
РҮСТЕМБЕК-САРҒЫЗҚЫЗЫ**



ИГОРЬ МЫРЗА



КҮМІС ДАРСАЛҒАМОВА





Шарап. Аралдың Кәдерінен Ержан, Қожан, Матақ, Малғаш. Қожаннан Мақамбет, одан Дүйсенбек, Матақ, одан Рақымбек (-Жұмабай, Малғаш, одан Жұмабек, Әбділдә, Игісін, Моңғұл), Рақымберлі, Қалашбек. Маралдан Көнтақа (-Тоқтамыс, Жабық), Битақа, Түйте, Дарын, Тегеш. Жабықтың Батпақпайынан (№ 186) Бермағанбет, одан Уәлихан, одан Мырзахан (-Болат, Асқар), Мендеке (-Ербол), Асылбек (- Әділет), Жұмабек (-Оралхан, Жаннабай, одан Әсет), Мұратхан (-Айбек, Азамат).

Жабықтың Тінәлісінен (№ 187) Ахмет, одан Төлеуқадыр, Төлеусағи. Төлеуқадырдан Жанұзақ (-Ерік, Серік, Ерсін, Берік), Жәнібек, Мырзабек (-Берік, Сұлтан), Таукүдірет (-Қуанышбек, Әділбек), Оразбек (-Айбек).

Қызылғұрттың Жанкісісінен (№ 188) Күлке, Көсеміс, Ереймен, Мұздыбай. Күлкеден Мырзатай, Мендеке, одан Бажақай, Нұрпейіс (-Әділқан, одан Нығмет).

Қызылғұрттың ұрпақтарын біз Хамит Зейноллаұлынан және Әбілғазы Жұматайұлынан алдық.

### Әуез Бертісұлы

Әуезден (№ 189) Қосақұл, Тілеміс, Найзалы, Толеген, Жанкүшік, Мәнгүшік.

Қосақұлдан Қыпшақбай, Тұяқбай, одан Айдархан, одан Сәрсенбі, одан Әбділдә (-Төлеу, Жұмабике, Төлеухан, Айтжан, Оразбай).

Жұмабике (Жұмаш) Әбділдәқызы 1898 жылы туған, менің анам, он үш ұл кұрсақ, үш қыз бала көтерген, 1962 жылы Өскемен қаласында жерленді.

Тілеміс Әуезұлынан Турду, Шабанбай, одан Тоқай, одан Мұқажан, Әубәкір, Жүніс, Ыдырыс, Кенжехан. Мұқажаннан Хамза, одан Айтжамал, Тайтөлеу-Орай (-Гүлмира, Гүлнар, Алмагүл, Мақсұт, Эльвира, Мақсат одан Эльвира). Әубәкірден Ғаббас (-Мылтық, Халел, Берікбол). Кенжеханнан Тілеуқабыл, одан Байкен, Серік. Тоқайдың Жүнісінен (№ 190) Аязбай (-Ерғабыл,

Мұрат, Қайрат, Марат, Ержігіт), Тілеуғабыл (-Білімбек, Әлібек). Тоқайдың Ыдырысынан Рақымбек, одан Рымбек.

**Төлеген Әуезұлы (№ 191)** қарқаралы өңіріндегі байлардың бірі – 17 мың қойы болған, үш әйел алған. Бәйбішесінен Тыңырық, Жаманбай, екінші әйелінен Сақай, Найманбай, Құлбай, Боранбай, үшінші әйелінен Сексен, Сүттібай, Сәттібай, Көкебас, Таштан атты ұлдары болған.

Тыңырықтан Тәттібай, Тышқанбай, Олжабай. Тәттібайдан Тәшкен, одан Смағұл, одан Тілеужан (1918-1967), одан Альмэрик (-Жанна, Лариса), Тамара, Елена. Тышқанбайдан Адамбай, одан Оразғали (-Біркеш), Қасым (-Ғалымжан). Олжабайдан Нұржан, Досмағұл (-Қабылеш, одан Қабден).

**Төлегеннің Сәттібайынан (№ 192)** Смайыл, Жүзбай. Смайылдан Ыбрай (-Әбілхайыр; Хасен, одан Сара, Қалия; Хамит), Мәшірап, Рахымбаба, Рахима, Злиқа, Әділбек (-Майкен, Бикен). Әбілхайыр Ыбрайұлынан Майра, Хабиба, Хамия, Клара, Рысбек, Құралай. Рысбектен Талғат (-Алтынай, Зәуре, Жәнібек), Қарлығаш, Төлеген (Нұрболат, Алихан, Абай), Сәуле.

Сәттібай батыр болған азамат, жонғарларға қарсы соғыста ерен еңбек көрсеткен батыр тұлға. Сан рет жекпе-жекте жеңіске ие болған. Сол шайқастардың бірінде 25 жасында қаза тапқан. Ұрпағы да ер тұлғалы азаматтар. Әбілхайыр Ыбрайұлы (1898-1962) Ресей шонжарларының зорлығына қарсылық жасап, ит-жеккенге айдалған. Бодайбо алтын кенінде 1910 жылы құлдық жұмысында, одан соң Енісей өзенінде кемеші болған. Абақтыдан босатылып, елге қайтқан соң Алашорданың зиялыларымен таныс болғандықтан жер аударылып, Жамбыл облысында оқу-ағарту жұмысында көп жыл еңбек етті. Қызы Майра екеуі оқу ағарту жұмысындағы ерен еңбектері үшін Еңбек Қызыл Ту ордендерімен бір күнде марапатталды. Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының басты кейіпкері осы Майра еді, Майраның туғанына сексен жыл толғанда республиканың орталық газетінде Әзекең көлемді мақала жазып, толғанғаны бар.

Мәшірап Смайылұлынан (№ 193) Қанай, Құсайын (-Болат, Мұрат, Марат, Асқар, Сәуле), Ғалымжан (-Балташ). Қанайдан Нұржан (-Жұлдыз), Ержан (-Гүлмира, Зере, Эльмира, Айнұр), Мұхтар (-Айман, Пану, Шолпан), Марлен (-Ақсұлу, Кәмшат, Бексұлтан).

Сәттібайдың Жүзбайынан (№ 192) Бөкен (-Қайролла, Рахметолла, одан Нығмет), Шәйке (-Қабыкен, Жұмағали).

Төлегеннің Таштанынан (№ 194) Бейсекей, Жүкіжан. Бейсекейден Қамали (-Әнуар, Кәдірбек, Сайлау, одан Біржан), Сапар (-Алмагүл, Көкенай, Қасымжан, Рақымжан, Рымхан), Кәміш (-Сайлау). Жүкіжаннан Мұқан (-Тасболат, одан Арман), Ықаш (-Нағима, Қали). Қалидан Қуан (-Айман, Айжан, Манарбек, Бауыржан, Балжан), Жұман, Думан, Сағира, Мейрам (-Дәурен, Нұрилла, Қызғалдақ, Дәулет), Нұрлан (Мейірман).

Таштан ақын болған азамат дейді туыстары.

Төлегеннің Жаманбайынан (№ 195) Бейсекей, Сейсекей. Бейсекейден Әбеуғали, Қамаш (-Сайлау, Кәдірбек, Әнуар). Әбеуғалидан Күлшәріп (-Алимұхан, одан Шәріп; Тоқтар, одан Қылыш, Күлшихан; Кенжехан; Гүлшахан), Мұқан (-Марат, Гүлжаһан, Сәния, Әлия), Тоқан. Төлегеннің Найманбайынан Күзеубай, одан Ыбыжан (-Әбуғали, Ақмет, Әкпар), Әли (-Әбдрахман), Садуақас, Ақан (-Қайдар), Скақ. Құлбайынан Мыңжасар (-Әріп, одан Әкпар). Төлегеннің Боранбайынан Таласбай (-Нұрмақ).

Күлшәріп Әбеуғалиұлы – партия, совет қайраткері, Зайсан ауданының басшысы болып, көп жыл еңбек етті.

Әуездің Жанкүшігінен (№ 196) Жаныбай, Маныбай, Ақай. Жаныбайдан Айдабол, Тынымбай, Жолдасбай, Оспан, Шалқарбай, Бабай, Айдаған. Тынымбайдан Иембек (-Мәкіш, Сәмет, одан Жәлел, Ғазиз, Қалел, одан Қайырбек), Адамбай (-Қасым, одан Қалымжан, одан Мұрат, Рая, Рашида, Аман, Жанат). Оспаннан Ақымет, Исағұл, Молдағазы, Айтжан. Бабайдан Ақыжан, одан Қабылда (-Жақып, Әкімбек). Айдағаннан Қарабала (-Баймол-

да). Жаныбайдың Жолдаспайынан (№ 197) Құрман (-Күмісбек, Мәдіріп), Тұрғанбай, Әпдіраман, Рақым (-Мұхамеджан). Шалқарбайдан Тоқтаған, одан Жанак және Сенжан, соңғыдан Бапи, одан Ақыжан, одан Ғабдолла (-Мәжит, Мапруза, Нығымет, одан Сайран, Санақ, Серік, Мұрат).

Манубай Жанкүшікұлы (№ 198) көп әйел алған, бай болған адам. Бірінші әйелінен Қараке, Кемпір, Дүйсен. Қаракеден Асаубай (-Ыдырыс, Әрін), Көшімбай (-Түсіпбай, Тұрсынбай), Сәрсенбай (-Мәндер, Сүлеймен, одан Қынаш), Бесінбай (-Ысқақ), Абықай (-Ақымет, Мұқыш, Смағұл, одан Төлеуқадыр, Төкен). Асаубайдың Ыдырысынан Армия (-Орал, Жетпіс, Қалымжан). Әрінінен Қапзола (-Иман).

Манубайдың Кемпірінен (№ 199) Бегалы, Жәнәлі, Омарбек. Бегалыдан Сағидолла (-Қален, одан Ермек, Серік, Айбек, Мейрам), Сыздық. Соңғыдан Төкен (-Ержан), Қабиден (-Гүлназия, Қаныбек, Ати, Алмаз, Алмазия), Көмек (Мадияр, одан Меруерт, Метхат, одан Асхат, Қайрат, Қанат, Меруерт), Рымкен (-Келбек, Нұрбек, Келдібек, Нұржан).

Айбек Қаленұлы заманымыздың ірі тұлғалы суретшісі болуға лайық азамат. Бабалары Қаздауысты Қазыбек пен Қарқаралы хан Бертістің бейнелерін сомдау үстінде. Айбек Қазақстан Республикасының Сәулет академиясының корреспондент-мүшесі, республиканың мәдениетіне еңбек сіңірген қайраткер, қытайдың шығыстану көркемөнер институтының құрметті профессоры.

Манубайдың Дүйсенінен (№ 200) Жұмаділ, Жазыбай, одан Рахманқұл, одан Сапар (-Қайрат), Қоңыр, Ризабек, одан он бала: Анар, Нағима, Мейрамгүл, Айнұр, Бауыржан, Ержан (-Аманжол, Айдана, Ақжол), Нұржан (-Айдын, Алтыншаш), Мақпал, Жанар, Сәуле.

Манубайдың екінші әйелінен (№ 201) Бейсембай, Жекенбай, Есімбай, Сәрсенбай (-Сүлеймен).

Манубайдың үшінші әйелі Тойбикеден (№ 202) Бірәлі,

Сыздық, Кенжетай. Бірәліден Бекен, одан Замаш, Сайлау (-Майра, Мейрамбек, Алмагүл, Айбек, Ербол, Балғын, Бейсетай, одан Жаркын, Жайық, Саягүл, Балауса), Жеңіс (-Айдын, одан Нұрдана, Айгүл, Айқын), Әбен (-Салтанат, Анар, Қуаныш, Сымбат, Меруерт, Мөлдір, Кәмшат, Қымбат, Дәурен), Тиіштік, Заира. Замаштан (№ 203) Рымқұл, Рымбек (-Айман, Айдана, Мақпал, Нұртілек), Сайранбек (-Мерей, Арай Абылай), Алтынбек (-Іңкәр, Ерасыл, Айназ), Мейірбек (-Тарқан, Тастан, Нұралы), Бақыткүл, Ақылбек (-Азамат, Нұрболат, Нұрхат), Мырзатай (-Жансая), Бақытбек, Мейрамкүл.

Тиіштік Бекенұлы (№ 204) Айдос, Жандос, Айбол, Нурик, Алтын.

Маньбайдың Сыздығынан Нұрғали, Қайырбек. Маньбайдың Кенжетайынан Ахметбек, Түсіпбек, одан Мақсұт, Кенжебек, Рысбек, Тұрысбек, одан Марғұлан (-Абылай, Әділ, Әлібек), Сандуғаш, Есімгүл, Арайлым, Алтынқұс. Ахметбектен Клара, Ғалиасқар, Роза.

Тұрысбек Түсіпбекұлы Егіндібұлақ ауданындағы Тәттімбет Қазанғалұлының мұражайының директоры. Тұрысбекпен бір мерейтойда сұхбаттасқанда: «Тәттекеннің 40 күйі болған. Соның 20-сын жинадым» – деді ол.

Соның біразын мен Егіндібұлаққа осы шежіренің мәселесімен барып, ақсақалдармен жолыққанымда Арун тегі Бейсенұлы Ешманның үйінде ойнаған еді. Әуені құлағымда әлі тұр.

Жанкүшіктің Ақайынан (№ 205) Нұр, Ыбырай, Сыздық, Ережеп, Садық, Рақымжан, Ыдырыс. Нұрдан Әлібай (-Асак, одан Әбдіғазы, Жүнісбай), Қаби, Мақсұт. Ыбырайдан (№ 206) Сүлеймен, одан Ақан (-Айтбек), Төтеу, Қауыш; Әжібек; Молдағали; Жоламан; Мұқаметжан, одан Дәметкен, Нәзипа. Сыздықтан (№ 205) Иса, Сағи (-Рымбек, Малтай), Мүкіш (-Балғабек, Құмарбек). Сағидың Рымбегінен Жанар, Ұлпан, Қанағат, Ақбидай, Сандуғаш, Айжан, Жадыра. Сағидың Малтайынан Бақытгүл, Мейрамгүл, Мейрамбек, Ермек (-Ұлмира, Жасұлан, Гүлмира, Ақ-



ку, Жоламан, Бауыржан), Бейбіт, Танат, Қанат. Мүкіштің Балғабегінен Кеңесбек, Нұржан. Құмарбегінен Алтынбек, Ақылбек, Мұратбек, Манарбек. Ақайдың Ережепінен Айдархан, Қанапия, Жакуда, Зейнеш (-Орынтай, Сарқан, Тілеуке). Садық Ақайұлынан (№ 206) Құсайын (-Рамазан), Әбден, Омарғали, Дәрібай, Хасен (-Бекен, одан Ибадолла, Бақыт). Рақымжаннан Мақсұт, Қаби, Әлібай (-Асак, одан Жүнісбай, Әбдіғали), Әбдіғалы.

Әуез Бертісұлының ұрпағының көпшілігінің есімдерін Хамит Зейноллаұлынан алсақ, Төлеген Әуезұлын талдап берген Қанай Мәшірапұлының жазғандары еді.

### **Тілеубек (Тілеуке) Шаншарұлы**

Тілеуке батыр болған адам. Үш ұлынан он үш немере көрген. Мүрдесі Түркістанда жерленген деген сөз бар.

Тілеукенің ұлдары (№ 207) Ерне, Жарылғап, Шақабай.

Ернеден Мәмбет, Үмбет, Азнабай, Көрпе.

Мәмбет Ернеұлынан (№ 208) Құттыгелді, Тұрпан, Өмір, Мәтен, Тәтен. Құттыгелдіден Байтанат (-Қайып, Білмән, Айдабол), Жантанат (-Садық), Шақшабай, Алғара (-Алтайбек, Мақылбек, Іргебек, одан Қараоспан). Тұрпаннан Жанабай, одан Әбен (-Әбділда, одан Мұстапа), Түсіппай (-Ақмет, Қолбак), Қаратай (-Айдарқан). Өмірден Әлди, одан Мақтабай (-Бұзаусары, Тергеубай). Мәтеннен Нұрқожа (-Аксак), Қанжабек (Құлмен, Қалмен, одан Құрман). Тәтеннен Қылышбек, Атымтай, Тәңірберген (-Саршолақ, Солтабай, Найманбай), Томар (-Игембай, Түймебай).

Ерненің Үмбетінен (№ 209) Малай (-Есенгелді, одан Тайжан; Бокбала, одан Манаспек, Мәді), Мамай (-Тұрғамбай, Қисық), Оянбай (-Шатырбай, Аққұлы), Қанай (-Сандықбай, Сүмбебай, Кілтпай, одан Мағыпырат, Даурықпай, одан Тиыштықбай, Мағруп, Құрманбай), Жанай, Белдембай.

Ерненің Азнабайынан (№ 210) Елемес, Тындамас, Аңдамас. Елеместен Тілеген, Бейсен. Тілегеннен Сүлеймен (-Теміржан). Бейсеннен Омар, Оспан, Сыздық (-Смағұл, Мизамбай, Қышқаш,



Ақбура), Ақмет, Әркөн (-Ыбырай, Берекел), Төкен (Әбдікәрім, Рақымжан, Зейкен). Тындамас Азнабайұлынан Тышқанбай (-Момбай, одан Айтпай). Аңдамастан Еділбай (-Лақай), Боқы (-Мұсабай, одан Дүйсен; Исабай, одан Жүніс, Жүнісбек).

Ерненің Көрпесінен (№ 211) Мүсіреп, Елікбай, Жансары, Бәшек, Жұмықай. Мүсірептен Тойбосын, Байбосын (-Закария), Жайбосын (-Майжер). Елікбайдан Набиян (-Әбеш, одан Серік), Жарық (-Қабыш, Рымжан, Жеңіс).

Жансарыдан Рыспай (-Түсіппай, Күшікпай), Жетібай (-Матайбай, Қыздарбай, одан Жүніспек, Сәбу). Бәшектен Тойғамбай (-Тәуекел, Кішкентай, Берекел, одан Темірғалы, Көбежан). Жұмықайдан Токболат, Байтұрсын (-Төлеубай, Садық, Әбдіғалық), Ақылбай, Қонақбай (-Сәби, Сағытай).

### **Жарылғап Тілеукеұлы**

Жарылғап Тілеукеұлы М. Ж. Көпеевтің еңбегінің (7) 30-бетінде төмендегідей мәлімет берілген:

Жарылғап – ұры Жарылғап атанған. Бектігі жұрт үстінен жарлық жүргізіп бек болған емес, өз үйінде өзі хандарша салтанатпен отырады екен.

Жарылғаптың бәйбішесінің аты Маңқан бәйбіше – төрт ұлы бар, Жоламан, Тастемір, Атыбай, Кенжебай.

Жоламан – он алты ұлды Жоламан атанған.

«Ұры» деген сөздің мағнасы 17 ғасыр мен бүгінгі күннің әдет-ғұрпына ұқсамайды-ау деп ойлаймыз. Егер Жарылғап бүгінгі күннің мағнасындағы ұры болса оның мүрдесін Түркістандағы Ахмет Яссауидің кесенесінің маңына жолаттырар ма еді (бұл жерде өлген адамды жерлеу хандардың рұқсатымен ғана мүмкін болған сияқты). Өткен заманда «барымта» деген ұғым қазақтың салт-санасына сіңген әдет-ғұрыптың бірі болар.

### **Жоламан Жарылғапұлы**

Жоламаннан (№ 212) Тасыбай, Тоғызбай (-Омар), Кетебай (-Исақан, Мұсақан), Боқаш (-Шомбал), Токтамыс, Қойсоймас,

Тайгелді, Қойгелді, Көбдік, Құл, Монтақай, Сансызбай, Көбей, Демікпе, Мұсылман, Баубек. Боқаштың Шомбалынан Есім, Жәутік (-Шонтыбай, Саланбай, Мешел), Бозан, Досан (-Әбділдә, Оразбай, одан Ахмет, Тәңірберген).

**Тасыбай Жоламанұлынан (№ 213)** Құлшығаш, Қаблан, Ақтамберлі, Сак, Шағалақ, Доғалақ, Балта (-Әділ). Құлшығаштан Байбала, Қышан (-Қожағұл, одан Сатпак), Датқабай (-Омар), Бек (-Табықай). Қабланнан Малай, одан Ашубай, Дауылбай, Шүленбай (-Ыслан, одан Оразбек; Әбу, одан Мақсұт, Оразғали, одан Әбілқайыр; Хасен, одан Ахметжан, Рахметжан, Әбілмәжін), Жаңбырбай (-Исайын, Жақсылық), Көпен (-Тұманбай), Бәтекей, Байжұман. Жаңбырбайдың Исайынынан Нұрғали, Сәдуақас. Жақсылығынан Рамазан, Әбілқасым (-Әлібек, одан Арыслан), Әбділәшім (-Мұрат), Әбдікәрім (Аманкелді, Әлімжан), Құснитден (-Әділбек, Қайырбек).

**Ақтамберлі Тасыбайұлынан (№ 214)** Мергенбай (-Кемел, Ыбырайым, одан Мұқатай, одан Ақмер), Сәтібай (-Омарқан, Рақия, Рақыш, Салқан), Өскенбай, Тұңғат (-Сүлеймен), Әділ (-Жақып, Рақым), Қорғанбай (-Әріпжан, Уақас, Түсіп, одан Исембай, одан Нықыш, Аман, Бекен, Бақыш, Шайқы, Әйткен, Шәку, одан Ғабиден, Нұржан), Әбділда.

**Ақтамберлінің Өскенбайынан (№ 215)** Ісләмқан, Бадырақ, Жүсіп, Керімхан, Әлі. Бадырақтан Асан (-Шамрат, одан Бекен), Жүніс (-Қорабай, Райхан), Ысмайылхан, Райымхан, Нығмет, Сабырхан, Жетпісбай.

Жүсіптен Шайқы, Әйткіш, Зікрія (-Мансұр), Ахмет.

**Жоламанның Тоқтамысынан (№ 216)** Бике, Шәлекей, Жұрын. Бикеден Шартық (-Қаңтарбай, одан Әубәкір, Рахмет; Желдібай, одан Садық), Биеке (-Боранбай), Тәмен.

**Тоқтамыстың Шәлекейінен (№ 217)** Малғозы, Малгелді. Малғозыдан Смағұл, одан Дүйсембі, Жаяуқара. Малгелдіден Омар (-Әліш, Әліпби, Әліппай, одан Орынбек), Шағыр (-Зейнұр), Қошан (-Мұздыбай), Кәдір.

Тоқтамыстың Жұрынынан (№ 218) Күшік, Айтуған, Баспақ. Күшіктен Ысмағұл (-Тәуекел). Айтуғаннан Әбіке, Орысбай, Сүлеймен (-Қайырбек, одан Үмбетбай; Мүбәрәк, одан Қарифолла, Серік, Берік). Баспақтан Жамансары (-Қорабай, Әркен, Ахмет, Тоқмет), Жаманбала, Шөмек (-Баянды, одан Қаспақ), Айтпай.

Жоламанның Қойсоймасынан (№ 219) Толыбай, Кішкіл, Шо-най, Шомақ, Баймұрын, Жамбай.

Толыбайдан Табылбек, Қабылбек, Дәуітбек. Табылбектен Болат (-Орынбай, одан Нығмет, одан Тұрсын, Әмен, Ботыш), Құлназар (-Амантай), Ережеп. Қабылбектен Тоқбала, одан Әнәпия, одан Қали, Қрамқұл (-Айтмағамбет), Рамазан.

Дәуітбектен (№ 220) Қордабай, Кеншімбай, Борамбай, Сқақ. Қордабайдан Әбеу, одан Уайт, Рымбай, Рымкеш, Мұқай, Райымқұл, Уәли (-Мүбәрәк, Шәкәрім, Шәкім). Кеншімбайдан Әбділдә, одан Біләш, (-Совет) Ақшал (-Нұрлан). Борамбайдан Садық (-Аманқұл), Рымжан (-Омарқан). Сқақтан Мейрімқұл (-Адамжан, Қали), Оспан, Мақмұт.

Қойсоймастың Кішкілінен (№ 221) Менеш, Кененбай, Дөненбай, Құнанбай. Менештен Қабақбай, Қабанбай, Тәукебай, Жетпісбай. Тәукебайдан Жуман, Баймен, Құлмағамбет, Нұрмақ, одан Құрманғалы (-Кемел, Айша, Тамара), Нығмет (-Ноян), Жәмел (№ 221а), одан Аман (-Дәурен, одан Мәді, Алтынай; Әбілжан), Рабиға, Майша, Зейнур (-Маулен, Қазыбек, Ернур, Сайран, Жанагуль), Мұқан (-Нұрлан, Сауле, Шолпан), Болат (-Ақбота, Айжан), Рая, Роза.

Осы әулеттен шыққан Нығмет Нұрмақов (1895-1937жж.) – аса көрнекті мемлекет қайраткері. Ол 1924-1929 жж. Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы, 1930 жылдан Бүкілодақтық атқару комитетінің төрағасының орынбасары және аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Мәскеудегі пәтерінде 1937 жылдың маусым айының 3 жұлдызында тұтқындалды.

Менештің Қабақбайынан (№ 222) Ахмет (-Білял), Мұқай (-Жақия, Исайын, одан Темір), Түсіпбек, Жүніс (-Мұсатай,

Мұса), Аккесе, Зікрия. Жүністің Мұсатайынан Нариман, одан Қайырбек (-Райымбек), Қадірбек (-Оралбек), Ғабдолла, Ризабек (-Нияз), Мырзабек. Менештің Қабанбайынан (№ 223) Ақылбек (-Ғабдолла, Таусоғар, одан Өміржан), Рақымжан, Ыбрай (-Мақсұт, одан Серік, Сергей, Серғазы), Қыстаубай, Әлиппай (-Мағыпар, Дәкен).

Кішкілдің Кененбайынан (№ 224) Күрдебай, одан Омар (-Рақманберген, Аллажар, Тәңірберген, Иемберген), Бейсенбай (-Түсіп, одан Сағынбек), Ахмет (-Хамит), Әбілдә, Асылбек. Омардың Иембергенінен Төлеген (-Шәміл, Қали), Сансызбай, Әмірқан (-Жанар), Мәнен (-Ғани).

Иемберген Омаров 1991 жылы Жарылғап Тілеукеұлының шежіресін алғашқы рет баспадан шығарып таратқан адам. Жарылғап әулетінен шыққандықтан болар кітапшасында бұл ұрпақ біршама толығырақ қамтылған сияқты.

Күрдебайдың Асылбегінен Қайырбек (-Құсбек, одан Асқар), Сқақ, Әлкен (-Асхат), Дәуітбай (-Төлеухан, Әлихан, Толя, Амантай, Олжатай, Нұрлан).

Күрдебайдың Әбілдасынан (№ 225) Төлеубай (-Марат, Болат, Бағдат, Алмаз, Мұрат), Ақберген, Темір, Несібелді (-Ермек, Манарбек, Дастан, Талғат, Мереке, Нұртас, Нұртай, Нұрқан).

**Қойсоймастың Шонайынан (№ 226) Балықбай (-Бекіш, Қоқымбай, Шалабай, Тәуекел, Берекел), Алыпқара (-Саланқай, Сембай, Бейсенбай). Балықбайдың Бекішінен Азимбек (-Берлібек), Амантай (-Дүйсебек), Мақыш (-Жорабек, Жұмабек, Нүриден, Қали). Қоқымбайдан Шәкар, Жүніс (-Иген), Жұмаділ. Шалабайдан Мұкатай (-Қаратай, Аман), Дүке. Тәуекелден Нүрекел, Ибади, Рымбек, Уәли, Зікір. Нүрекелден Қаракбай, Гулнар, Айдарат (-Сауле, Ляиля), Ренат (-Ирлан, одан Артем, Роман). Ибадидан Саида, Сауле. Рымбектен Қуат, Марат.**

Біз Қойсоймас әулетінің шежіресін Айдараттың әкесі Нүрекелден жазып алған нұсқасын пайдаланып толықтырдық. Айдарат Нүрекелұлы заң қызметкері, ғалым еді.

Балықбайдың Берекелінен Дәукен, Саулөкен.

Шонайдың Алыпқарасынан Саланқай (-Рымбек), Сембай (-Мүсіп, одан Баткен), Бейсенбай, одан Хасен (-Садуақас, Әбілқас, Шайзада), Исайын (-Ризада), Исатай.

Қойсоймастыңұлы Баймұрын (№ 227) төрт әйел алған адам: бірінші әйелінен Шотақ, Матақ, Ақай, екінші әйелінен Қоржынбай, Жаманбай, үшінші әйелінен Әбіш, Жұбаныш, төртінші әйелінен Дүйсек, Бейсек, Бейсембай.

Жұбаныштан Мұхамеджан, Ыбырай, Қалтақ, Қайырбек. Мұхамеджаннан Смағұл (-Уатқан, одан Асқар), Мұса, Сәулегелді, Жақсылық (-Ерік, Серік). Ыбырайдан Оспан (-Төкен), Аубай, Қамбар.

Баймұрынның Шотағынан (№ 228) Сқақ, Ермек, Еркінбай, Салқынбай, Балқынбай, Мәди, Смақ. Сқақтан Рәтәй (-Данияр, Анаукеш, Қанияр, Тілеубек), Рақым (-Ыбырай, Әнуар, одан Садық). Ермектен Исатай (-Сәден, Есен), Исайын (-Шәкімән, Аман, Зәркеш), Әбілмәжін (-Саду, Али, Сәлім). Еркінбайдан Әкімбек (-Бақ, Ғабдолла, Байділдә, Біләл). Салқынбайдан Табалдырық (-Нұрғали, Тілеубек), Рымбай, Бұзау (-Қожакелді), Кәріпбай. Балқынбайдан Шөпен, Баттақ. Мәдиден Әбілдә, Боқас (-Құдайберген, Мақсұт, Рымбек, Жеңіс), Әбілқас. Шотақтың Смағынан Жәнділдә, Жақып.

Баймұрынның Матағынан (№ 229) Ербекей (-Рымбай, Әшкен), Қоқай (-Бәзікей, одан Құсайын; Қапаш, одан Шәкәрім; Ақан).

Баймұрынның Ақайынан (№ 230) Мағат, Қасым, Қасен. Мағаттан Мұхамеджан (-Сәуле), Төкен (-Бауыржан), Кәкітай. Қасеннен Қазі, Львов, Әли (-Серік, Еркін, одан Тимур), Сәлім, Саид, Ангел.

Ақайдың Қасені білікті, еліне қызмет атқарған адам. Ол 16 жыл бойы болыс болған. Қу болысының правителі болып тұрғанда 1902 жылы Санкт-Петербургте өткен халықаралық этнографиялық көрмеге, аса сәнді көптеген киімдер, киіз



үйлер жіберіп, көрермендерді қызықтырған. Қасен патшаның қабылдауында болыпты. Қоянды жәрменкесі Қасен үйін тіккенде ашылып, жыққанда-жабылады екен. Ол дәулетіне сәулеті сай, шығыс даналығына қоса Еуропа мәдениетімен де сусындаған азамат еді, туған халқының мұң-мұқтажын жақтаған ойлары үшін Семейдің түрмесіне түскен Ахмет Байтұрсынұлын кепіл ақша төлеп босатып алған екен.

Баймұрынның Қоржынбайынан (№ 231) Ахмет, одан Қайырбек (-Ертүрік, Хабиб, одан Әлихан, Нұрлан), Әкмал, Капиет, Әсен.

Әбдішінен (№ 232) Әбдірахман (-Темір, Әбеш), Әбдірәсіл, Мәскей (-Рахмет, одан Тила; Рауп; Мүбәрәк, одан Риза, Қуаныш, Тақан, Ғинаят, Ұлан, Тарғыл, Гиуаз), Қобай. Бейсектен (№ 233) Нәби, одан Хамит, Мәжит, Мұқсын, Айтқұл (-Тайжан, Төлеген, Ысқақ, Еркін, Берік, Мұрат, Асхат). Енді Баймұрынның Бейсенбайынан (№ 234) айтайық, одан Байжан (-Әділжан, Әбдікәрім, Қабдуақит, Қабдыжаппар, Табель, Аманжол, Сембі, одан Бектұр), Ережеп, Кәрім, Бәшен, Бәкуа(-Қали), Қазкен (-Мансур, Ғабиден), Кауиа (-Нел, Кәмен).

Қойсоймастың Жамбайынан (№ 235-№ 236) Ауғанбай (-Жабағы, Шошай), Сақау (-Шолан, Бөпебай, Бұқа), Бөкебай (-Мұсалып, Сыздық), Бақа (-Шәкі, Жексенбай, Кәріп, Бөпен, Исайын). Ауғабайдың Жабағысынан Құсайын, одан Омар, Шәйза. Шошайының Несіпбайынан Жұмаш (-Аманжол, Мендеш), Жұмша, Бәтқан, Аманкелді. Мәуиясынан Мержан (-Әнуарбек, Мақсат, Қуатбек, Құрмаш, Қазыкен), Бәтқұл, Есен, Мерғалы (-Жолдасбек, Боған, Тұрағұл, Мәжікен, Ақшуақ).

Бақаның Шәкісінен Балтай, Ырысбек. Кәрібінен Ашықпай (-Серікбай, одан Балтабек, Қанат).

Сақаудың Шоланынан (№ 234) Рахманберген, Бөпебайынан Мақым, Бұқасынан Мұқыш, одан Нарынбек (-Айбек), Сағынбек (-Алтынбек, Аманкелді), Нақан, Төлеу, Сапар (-Сұнғат, Талғат), Дәми. Бөкебайдың Мұсалыбынан Ертай, Олжатай, Сыздығынан Темір (-Қали, Төлепберген, одан Қазыбек).



**Жоламанның Тайгелдісінен (№ 237) Жарықшақ, Қасқарау, Күржібай, Мәлікбай. Жарықшақтан Сейтқазы (-Исабай, Мұсабай, Усабай), Оңғарбай, Бұлдырақ. Исабайдан Мақажан, Әбдірахман, Апаш (-Тәуекел, одан Иманаш; Ахмет), Жүніс (-Шәкіман, Рақымберді, Талдыбай, одан Сұният), Жуас (-Ермағанбет, одан Болат, Совет, Жұпар, Мағат), Нүкіжан (-Дулат, Мағат, Жанат), Көкорай.**

**Сейтқазының Мұсабайынан (№ 238) Ыбрай (-Мүшелбай, Мақыш, Тоқсанбай, Шөкей), Усабайынан Мұхаметше (-Қадамжан, Ішпан), Құсайын, Исайын (-Мағымжан).**

**Жарықшақтың Оңғарбайынан (№ 239) Көркембай, Шапанбай (-Төлеуқан), Сасықбай (-Қожакмет), Досқан (-Сыздық, Әбжікен, Төлеубай).**

**Тайгелдінің Қасқарауынан (№ 240) Аманбай (-Момын, Баймұхамет), Қонқабай (-Жағыпар, Ғабдолла), Қуандық (№ 241) (-Жақып, Сыздық, Ыбырай, Түсіп), Мылтықбай, Арқарбай. Аманбайдың Момынынан Солтанғазы, Махмет, Қабжан. Баймұхаметінен Тәуекел (-Қазыбек), Берекел, Қажыбай (-Әлихан, Секен, Төкен). Қонқабайдың Жағыпарынан Рақымжан (-Қоңырат, Қоңыр, Серік, Әндірей).**

**Қасқараудың (№ 241) Жақыбынан Аймағамбет, Ескен (-Қуат, Тұрлыбек, Мейрам, Айтбай). Сыздығынан Қабыш, Насыр (-Мақсұт, одан Ұрыслан). Ыбырайынан Ақботай, Қайырбек (-Самат, Марат). Ақботайдан Жәмел (-Рашит, Данияр), Қамал (-Мұрат), Марат (-Римма), Жүніс (-Темір), Шәрел (Льяс). Қасқараудың Түсібінен Рәшит (-Аман, Қайролла, Қайрат), Хамит (-Болат, Қанат, Талғат, Марат, Жанат, Бейбіт).**

**Тайгелдінің Күржібайынан (№ 242) Күрішбай (-Бектемір, одан Қапиет), Қылышбай, Қоскел (-Мұхамеджан, одан Нәумет), Тиішбай (-Дәулетбай, Наурызбай, Әуезбай, Уызбай), Нәдірбай (-Тырым, Иісбай).**

**Тайгелдінің Мәлікбайынан (№ 243) Омар (-Әсжан, Ақкалық, Рахметжан, Әбдікәрім), Оспан, Шәкер. Әсжаннан Қауал (-Рәшит,**

Рамазан, Қамал, Серік), Жалел (-Айдар, Асқар). Аққалықтан Қадыр (-Қуаныш, Мақсат), Нәдір, Рымбек (-Айдос, Ердос). Рахметжаннан Қайыр (-Айдос, Айдын), Хайдар, Рамазан, Бәкір (-Төлеу), Қамал. Қайыр Рахметжанұлы (1933ж туған) жас күнінен партия – совет жұмысына араласып көптеген шет елдерде елшілік қызмет атқарды, зейнеткер. Омардың Әбдікәрімінен Қайыржан (-Данияр), Бекежан (-Аман, Бауыржан), Ержан (-Қанат), Жұмақан (-Хайдар).

**Жоламанның Қойгелдісінен** (№ 244-№ 245) Боқан (-Байболды, Қарқымбай, Бітімбай), Қарамен (-Итбай, одан Шөкпай), Мәнжік (-Жарқынбай), Бұғыбай (-Есенгелді, Тоқсанбай), Елубай. Боқанның Байболдысынан Дүйсенбай (-Құсайын), Сәрсенбай (-Хасен), Боранбай. Қарқымбайынан Күшік (-Балтабай).

**Қойгелдінің** (№ 245) Мәнжігінің Жарқынбайынан Мақыш, одан Рымтай (-Қайырбек), Бекен (-Төлеуқан). Бұғыбайдың Есенгелдісінен Жаксыбай (-Қапаш), Құрман (-Ырысбек).

**Жоламанның Көбдігінен** (№ 246-№ 247) Үкібай, Қашаған. Үкібайдан Ағынбай (-Рақым, Ахмет), Қарсақбай, Танқы (-Үсен, Ысқақ, Жақып, Пұшпақ), Дуана (-Нұржан), Есім. Ағынбайдың Рақымынан Мәжит (-Сапар), Әушан (Ырымқұл, Әртел), Қадыр (-Мәркен, Аман, Есен). Ахметінен Хасен (-Шәкен), Ысмағұл, Тәшен. Танқының Үсенінен Әбіжан, Аманбай (-Нығмет), Әміркен (-Айтбай). Дуананың Нұржанынан Ысмағұл (-Ғабдолла, Байзолла), Жұмағұл (-Мұхтар), Әбдікерім (-Бейсенбек, Дүйсенбек), Мырзағұл, Олжа (-Ғазиз, Талғат).

**Көбдіктің Қашағанынан** (№ 248-№ 249) Түкі (-Кентпай, Мекей), Байсағын (-Уызбай, Бәжен, Иса, Исабай), Жансағын (-Жұматай, Төлекей, Ыбырай), Берсағын (-Дүйсекей, Ахмет, одан Манат, Болат, Жанат). Түкінің Кентпайынан Күмісбай, одан Шылышбай, Қылышбай, одан Бекзар. Мекейінен Әлібек, Қалыбек (-Қанатай). Жансағынның Жұматайынан Мұкатай, Рақытай (-Асқар, Нұридент), Төлекейінен Кәріпжан (-Молдаш, одан Қуат), Әріпжан, Шәйма (-Әкіжан, Қайыржан), Ыбырайынан Рахметжан (-Қабыш, Қажыкен)

Байсағынның (№ 249-№ 250) Уызбайынан Бішке, одан Әшім (-Төлеу), Неғайбыл (-Ілкен). Бәженінен Баяділ, Жұмаділ, одан Балабек, Ырысбек (-Ораз), Молдабек (-Қайрат, Қайыркен, Марат, Мираш), Әлдебек (-Қайыржан). Исасынан Жүніс, Ілияс (-Асқар, Кіріс, Қаржас), Ыдырыс (-Ермек). Исабайынан Жаппар, одан Әбдіғали (-Қайыржан, Бақытжан, Дәукен), Мұқанғали (-Сәтжан, Ержан), Жәкітай (-Нұрғалы, одан Мұрат), Жанатай (-Олжатай), Жақыш.

Жоламанның Құлынан (№ 251) Дорбак (-Жұман, Шуанбай), Әлжан (-Қоғамбай, Тоғанбай, одан Елекей), Мәмек (-Сәрсенбі, Сейтен, одан Ынтықбай, Түсіпбек), Кәзікей (-Нәнкей, Шәнкілдек). Дорбақтың Жұманынан Ордақай (-Бәкір, Манай), Кәрібай (-Батан, Айтбай).

Жоламанның Монтақайынан (№ 252 – № 254) Саркөт (-Қиымбай, Боржықай, Ноғайбек, Ақбас, Шуашбай, Жалдыбай, Малдыбай, Бұқа), Қожабек (-Шағанбай, Жанысбай, Жылқыбай, Ерке, Жылкелді, Мейірман), Қорабай (-Дауылбай, Баша), Сайдалы (-Әшке, Тақыр, Бақтыбай, Ұнтақбай), Бәкібай (-Шалбай, Дадабай).

Саркөттің Қиымбайынан Шалғынбай, Шалабай (-Үмітбек, одан Қайыржан). Боржықайынан Теміржан, Сыздық (-Күлдібай), Жанғали, Желдібай (-Күзембай, одан Кәрім) Ысмағұл. Ноғайбегінен Бодық (-Шідербай, Әкітай, Оспан), Қатен (-Жалбағай, одан Алпысбай, одан Амантай), Тәйкебек (-Ырымтай, Тәуекел, Бейсекей (-Тайтөлеу). Бодықтың Оспанынан Балғабай (-Бектұр, Қайыр), Сейсекей (-Әлкен, Қалкен), Әнтай. Саркөттің Ақбасынан Түсіп, одан Түсіпбек, Жұмабек (-Шәкен), Әзінбек (-Қали), Шәкітай, Омар (-Токтар, одан Мәкен, Есентай). Саркөттің Шуашбайынан Бәшір, Кәт. Жалдыбайынан Иса (-Сапи), Әтей (-Қинаят), Әубәкір, Әбдікәрім (-Сапаш, Нығмет). Малдыбайынан Ахмет (-Күлшәріп, одан Бықия), Омар, Жікен (-Шаймүлік).

Монтақайдың Қожабегінін (№ 254) Жанысбайынан Шалабай, Төлекей. Еркесінен Ысқак (-Ахметбек, одан Мұрат).

Жылкелдісінен Көшкінбай, одан Шайқы, Төлеубай (-Шәкер, одан Аманай, Теміржан). Монтақайдың Қорабайының Дауылбайынан Ермекбай (-Темірбек, Қонқай), Башасынан Сағындық (-Әуесбек). Монтақайдың Сайдалысынан Әшке, Тақыр, Ұнтақбай, Бақтыбай, одан Базарбай, одан Көкеш (-Ерден), Мұқыжан (-Танат, Болат), Әбілда. Бәкібайдың Шалбайынан Қасым (-Әжібай, Құсайын), Хасен (-Ысқақ, Қапан).

**Жоламанның Сансызбайынан** (№ 255) Науан (-Кешубай, Алпысбай, одан Мұнайып, одан Жакыпбек, Түсіпбек), Оразбек (-Өкеш), Орал. Кешубайдан Мұсабек, Исабек (-Молдабек; Рамазан, одан Серік; Рымтай, одан Бауыржан), Қонқаш, Қожакелді, Кентай (-Рысбек, одан Қасен), Мұқаметжан, одан Құрмантай, одан Кәкен (-Бауыржан), Қабыш, Көлбай (-Алмас), Көкен (-Ержан), Зекен (Нұртас).

**Жоламанның Демікпесінен** (№ 256) Пүшке (-Айтбай, Серікбай, одан Көрікбай), Есжан (-Кесікбай, Шиішбай, одан Жұмабай), Досжан (-Еркеш, Жұртыбай), Қалжан (-Жүкебай, одан Әбу), Көлбай (-Соқыр, Ардабай, одан Жылқыбай). Пүшкенің Айтбайынан Усайын, Қабас(-Садақ, Рәуіш, Рәуіп), Тоққара (-Ғазиз), Қадыс (-Уақас), Мұқан (-Әбсағат, Әбдірашит). Досжанның Еркешінен Алпысбай, Рақымбай, Жұртыбайынан Әшірбек (-Ықсан), Түсіпбай (-Төкен), Сыздықбай, Адам (-Рымбай, Қалимат).

**Жоламанның Мұсылманынан** (№ 257) Жарқоштан (-Майырбай, одан Рақым), Танқара, Арқат. Танқарадан Қуанышбай, Шүйішбай (-Әбіл), Алпысбай (-Сүтемген, Әлім, Әбілда), Мүсәпір (-Қорабай), Елеусіз (-Байұзақ, Өмірзақ, Төлекей). Қуанышпайдан Жақсыбай, Тасырақ (-Рақымжан, Олжабай, Ақынжан, Сүлеймен), Балабатыр (-Рымжан), Қойсанғой (-Қадыр, Нәдір), Төкеш. Мұсылманның Арқатынан Тиыштықбай (-Өрікбай, Серікбай, Атығай), Қатекей, Бозшабай (-Солтанбек, одан Әліппай).

**Жоламанның Баубегінен** (№ 258) Майлыбай, Арық (-Диқамбай), Тәту (-Жұмандық, одан Тауыпалды), Атутан

(-Көшербай, Соқыр, Сәрсембай), Күренше (-Балғабай), Естемес (-Дүйсембай). Арықтың Диқамбайынан Жабағы (-Тәнірберген), Шодыр (-Бейсенқұл, Секен, Рымкеш). Атутанның Соқырынан Шалабай, Дәндібай (-Жантемір, одан Бостандық, Жұмағұл). Күреншенің Балғабайынан Медембай, Ерубай, одан Аухади, Ұзақ. Естеместің Дүйсембайынан Иманбай, Бұзаубай (-Төлеубай, Шүлембай), Сиырбай (-Шоқалақ, Ыбырай).

**Жарылғаптың Тастемірінен** (№ 259) Сатай, Атай, Барақ, Дәріпсалы, Моңым, Шолак, Боранбай, Жаубасар, Баянбай. Сатайдан Бозай, Мәкет, одан Боздақ (-Жиенбай, Шөкен, одан Мұқатай, Ахмет).

**Жарылғаптың Атыбайынан** (№ 260) Байгелді, Бостан, Әжі. Байгелдіден Тоқан, Шоқан, Боқан, Бекше, Акша, Байтөре, Қалдан. Тоқаннан Түлкібай (-Мамыт, одан Қоқай, Қонжабай), Қарсақ (Күйік; Сәмілтір, одан Тай; Бағай, одан Жакып, Ақынжан), Шомыт (-Ақмет, Терлікбай), Ордабай (-Ыбрай), Нәкей, Арап.

**Шоқаннан** (№ 261) Тышқамбай (-Мандай, Жеке, Кенжеке, одан Шаймерден, одан Максұт), Қошқарбай, Асқарбай (-Рақымбаба), Бірелке (-Мәшрап), Тыржықай, Омарбек, одан Бақтыбай (-Мырзатай, Әбікен, Жұматай), Кәдірсіз, Қасен, Кенжебала (-Орынбасар, Рымбала).

**Боқаннан** (№ 262) Баймен, Итпай, одан Бүркітпай, Егізбек, Тоқыш (-Ақмет, Ынырбай, одан Мұқан). Акшадан Аралбай (-Төкен), Шідербай (-Исабай, Бейсекен), Теңеш (-Әукебай, одан Көкен), Егінші (-Оспантай, Жанғали), Төкі (-Көшербай, Бұзаубай, Жабағы, одан Сыздық).

**Атыбайдың Бекшесінен** (№ 260) Көшен (-Мұсатай, Исабай, Құсайын, Жұматай, Төлетай), Кеден, Аяш (-Дүйсебай, одан Исайын).

**Байгелдінің Байтөресінен** (№ 263) Қыныр, Кене (-Ақшолақ), Бисекен (-Жакып, Жексенбай). Қынырдан Смағұл (-Макышпай), Қаракан, Кербұқан (-Түсіппай), Есімқан (-Бәкірбай, Қайырбай, Шәкірбай, Тәуірбай, Рымтай).



**Атыбайдың Бостанынан** (№ 264) Шеге, Бектен, Бекмырза, Тұңғатар. Шегеден Адам, Топарбай, Жәкеш (-Қабыш), Боқтыбай, одан Төлеубай және Мәуке, одан Бөбекбай (-Есжан, Жұмабай), Күзембай (-Смағұл), Бейсембай (-Мағзұм), Қамбарбай, Борамбай (-Қабен). Тұңғатардан Шөжікен, Наурызбай (-Торғай, Тақыр, Мақыш, Рақыш, Саржөкей).

**Бектеннен** (№ 265-№ 266) Елубай, Бұлан, Жаманбай, Қойшыбай, Құлбай. Елубайдан Ордабай (-Ақмет, Рақмет, Жұмабай, одан Әбдірашит), Әшім (-Сүлеймен, Рақмет), Сқақ (-Смағұл), Қонарбай, Әбдірақман. Бұланнан Арал, Марал (-Смағұл, Сқақ, Нәжіп, Сыздық), Жаманбай (-Дәулет, одан Жолдасбек; Нәубет, одан Омар, Жағыпар), Қойшыбай (-Ниязбай, одан Тұрған, одан Тұманбай, Кәріпжан, Мұқан, Қали), Құлбай, одан Аязбай (-Кендірбай, Мұқаш, Бейілбай, одан Сәкен, одан Шәкер), Кірмандай (-Ыбырай, одан Маусымбай, Оразбай, Рымбай), Шибіт (-Мақаш), Мергембай (-Асайын, Жұмабек, Оспан, одан Төлеш).

**Бостанның Бекмырзасынан** (№ 267-268) Дүйсембай (-Шәукембай, Тәукембай), Шекшек (-Үкікөз, Тұрлыбай), Сәбен (-Лекер, Байпыш, Танат). Дүйсембайдың Шәукембайынан Жабағы, Жүніс. Тәукембайынан Сыздық, Жұмабай, Жүсіп (-Сүлеймен, Қабыкен, Әміраш, Мұқан, Ақмет). Шекшектің Үкікөзінен Ыбырай, Көрпебай, Тұрлыбайынан Білал, Бозгөз, (-Төлеу), Жакып, Әбәқан (-Молдаш, Мүсілім). Сәбеннің Лекерінен Қуан (-Нұрғали), Жүкен (-Қайролла), Әбілдә. Байпышынан Жүсіп (-Өміш, Оспан, Рамазан, Құлмағанбет), Әпай (-Жексембай, Қапаш).

**Атыбайдың Әжісінен** (№ 269) Бәбеке, одан Сүйімбай (-Жолдаяк), Күйлібай (-Тұңғышбай, одан Сағынтай; Төлеген, одан Рақыш), Өтеубай (-Темірбай, одан Елубай, Смағұл), Ауғамбай (-Шорбосын, Жағыпар), Әзібай (-Бейілбай, Ыбрай, Тәуекел, Жұмәділ, Берекел, Мезгілбай, одан Қырықпай), Төлеген.

### **Шақабай Тілеукеұлы**

Бұрынғы басылымдарда (1,2) Шақабайдың ұрпағы бір-екі атпен ғана аяқталатын. Осы әулеттің ұрпағы Рымбек Исайынұлынан



алынған мәліметтерді келтіріп отырмыз. Рақан оқу-ағарту ісінің үздігі, қазіргі күнде зейнеткер.

**Шақабайдан (№ 270)** Бөген, Бөкебай, Өтес, Телеу.

**Бөгеннен** Қарашолақ (-Торыбай, Алпыс), Шегебай, Темеш (-Қыстаубай, Қытай, Саржан). Қыстаубайдан Пыштак, Бөлтiк, одан Қоғабай, одан Абiл, Тезекбай, одан Қабдолла, Қали, Шаймарден. Қабдолладан Марат (-Қайрат, Талғат, Саят, Нұржан), Мұрат (-Ержан, Бауыржан), Қанат (-Нұрлан, Ерлан). Қалидан Серiк. Шаймарденнен Әрнест, одан Ержан (-Мақсат, Даниал).

**Темештiң Саржанынан (№ 271-272)** Нау (-Тұрарбай, Оразбай, Маусымбай), Аралбай, Үкiбас (-Жакен, Өмiрзақ, Айызақ, Байызақ, Телеу). Наудың Оразбайынан Асқар (-Тоқташ, одан Жансұлтан; Серiк, одан Нұрсұлтан, Бексұлтан, Еркебұлан; Мұрат, одан Аян, Нұрлан, Нұрбек), Тұнғат (-Қанат, Қизат, Болат), Елтай (-Шарбат). Тұрарбайдан Садуақас, одан Қабжан, Қамал, Әку, Құсайын (-Төлеген), Мұқаш. Наудың Маусымбайынан Байдаулет (-Амангелдi, Аманбай, Думан), Қосдаулет (-Қалқаман, Сабыр), Молдаулет, Бақдаулет.

**Шақабайдың Өтесiнен (№ 273-№ 274)** Байбатыр, одан Сыбанбай (-Тәуiрбай, Наурызбай, Боранбай, Ыбырай, Тойбазар), Қуанбай. Сыбанбайдың Боранбайынан Күлшақар, Мұхамедьяр (-Тәнiрберген, Сабыржан, Бақытжан, Нұрлан, Қамар, Жанар). Ыбырайынан Төлеубек, Қайынжамал, Сқақ (-Серiк, Мұратбек, Болатбек, Қанатбек, Бақыт). Сыбанбайдың Наурызбайынан Исайын, Боқатай, Белгiбай. Боқатайдан Шарбан, Ману (-Монояол, Майдан, Күлбан, Күлжан, Күләш). Белгiбайдан Қайыртай (-Жомарт), Шұған, Қайырбек (-Мейрамбек, Орынбек, Қайыргелдi, Айтбек, Нақыпбек, Қуанышбек). Исайыннан (№ 274) Нұрзия, Күлзия, Рымбек, одан Серiкбек (-Асқар, одан Әлiбек; Мадина), Гүлнар, Жаңагүл, Манарбек (-Бақытбек, Нұрлыбек, Айдана), Алмагүл, Эльмира, Маралбек (-Берiк, одан Әлиакпар; Асылбек), Бақытгүл, Жанар, Абайбек (-Әлiшер, Альбина), Гүлназ, Мұратбек (-Анара, Аяулым).

**Шақабайдың Телеуінен (№ 275) Түртібай, Мергенбай, Несіпбай, Түймебай, Тезекбай, Қайрақбай, Бөлекбай (-Кісембай). Тұрпыбайдан Байбосын (-Әбдіғалық, Абдрахман), Жанбосын, Айдарбек (-Түсіп), Жандарбек (-Сәкен), Молбосын. Байбосынның Абдрахманынан Нұржамал, Күлжамал, Әбдіғалық, Совет, одан Бақытгүл, Роза, Қанат (-Қадиша, Мадина, Рауан), Бақтылы, Бағдат (-Ильяс, Рашид), Мадина, Тоғжан, Ринат (-Алдияс).**

## ТҮЙІН

Сонымен жылдар бойы там-тұмдап жинаған арғынның Қаракесек руынан шыққан Бұлбұлұлы Шаншар абыздың ұрпақтарының есімдерін жазып, қағазға түсірдік, бұл әулеттен жеті жарым мыңдай адам аттары жазылды. Әлі де болса ата-бабалардың аттары бұл жинаққа толық түсті деуден аулақпыз, әулетінің тарихын білгісі келген азамат толықтыра жатар. Кейінгі кездің өзінде, кестелер жазылып, компьютерде теріліп қойған соң бірнеше азамат біздің жазбаларымыздан өз бабаларының есімін іздестіріп, оны тауып, әулетті толықтыруды өтінді. Мысалы Қаздауысты Қазыбектің ұлдары Қазымбеттен тараған Қабыл мен Арунның, Бекболаттан тараған Бұзаудың, Қызылғұрттың ұлы Сеңкібайдың Сарысының, т.б. ұрпақтарының есімдері бұл жинаққа енгізілді.

Шамамыз келгенше, тікелей ұрпақтарымен байланыса отырып, бұрынғы басылымдарда кездескен кемшіліктер мен жіберілген қателерді түзеген болдық. Құттымбет пен Ырысымбеттің балалары жайында жоғарыда айтылды.

Бертісұлы Бектемірдің Дәулетінің бір баласы Шұғылбай деп келген едік. Шынында да Шұғылбай Мөшекенің Жәуетайының ұлы екен. Оны растаған Хамит Зейнолла ұлы Слямбек Хамза ұлы және Шұғылбайдың шөпшегі Данияр Дәукеев.

Шығарманың басында айтқанымыздай, кейбір есімдер қате жазылуы да мүмкін (әркімнің төлқұжатын қарау мүмкін емес қой). Кейбір адам аттары ата-анасы еркелетіп қойған, немесе жолдас-жоралары қалжыңмен атаған – ел арасына тараған есімдер болар. Автор әр әулет жайындағы мағлұматты қолына түскен қолжазбалардан сұрыптап алғанды жөн көрді. Жинаққа замандастарын біліп жүрсін деген ниетпен қыз балалардың да есімі кіргізілді.

Бұл еңбектің жарыққа шығуына жоғарыдағы аты аталған қолындағы барын берген азаматтармен қатар, Алматы қала-

сындағы Гүлбаршын Балгожина басқарған мемлекеттік зағиптар кітапханасының және күйеу баламыз Бақыт Қалаубекұлының компаниясының ұжымдарының қызметкерлері көмек көрсетті. Олар Күміс Дарсаламова, Бану Абижанова, Жаннат Талдыбаева, Мақсұт Жұмабеков, Салтанат Тлеукенова, Бизура Есенманова, Руськин Валерий ұлы Игорь мырза. Бану кестелерді компьютерде терсе, ал Игорь мырза олардың қателерін, кемшіліктерін түзеп, өңдеді.

Күміс Дарсаламова туралы ерекше айтқымыз келеді. Ол кейінгі екі жыл бойы біздегі қолжазбаларды оқып, реттеп, кестелер жасауға, оларды тексеруге және кітаптың түп-нұсқасын дайындауға көмектесті.

Осы кітаптың түп-нұсқасымен таныстыруға бізге қолжазбаларын сыйлаған азаматтармен кездесуге Егіндібұлаққа балдызым Роза Өтен қызы бастап барды. Бұрын таныс болмасақ та Ешман Бейсенұлы құшағын жая қарсы алып, үйінде Хамит Зейнолла ұлымен және Тұрысбек Түсіпбек ұлымен сұқбаттастырды.

Жұбайым қыпшақ руынан шыққан Рақымжан қажының немересі Қамария Ғаппарқызы жиналған мәліметтерді оқуға, басылған құжаттарды өңдеуге белсене араласты.

Жоғарыда аты аталған бұл еңбектің кітап болып шығуына қол ұшын берген адамдарға шын ықыласымызды білдіріп, рахметімізді айтамыз.

Қанында қазақтың тектілігі бар ұрпаққа бабалар аруағы жар болсын!

Осымен бұл еңбегімді аяқтамақ болып едім, бірақ, бойыма батпандай ауыр жүк болған бір ой мазалай берді, айтпаса болмас.

Елімізде 21-ғасырдың алғашқы жылдарында басталған мәдени мұра бағдарламасының аясында өз жерімізде және шет елдерде сақталған халқымыздың тарихына байланысты баға жетпес көптеген мағлұматтар бой көрсетуде.

Халқымыз «өткенінді түгендемей, болашағыңды бүтіндей алмайсың» дейді. Өткенді түгендеу үшін ізденіс керек.

Мәдени мұра бағдарламасымен еліміздің көптеген ғылыми ұжымдары айналысуда. Жекелеген азаматтар да өткенін білу үшін ізденіс үстінде.

Біздің әулеттің де тарихын зерттеушілер баршылық. Б. Нәсенов бірнеше жылдан бері еліміздің және Ресейдің қалаларының архивтерін ақтарса, Н. Төкішев Бертістің кейінгі ұрпаққа қалдырған даналық сөздерін жинастыруда.

Осы тұрғыдан алғанда 2007 жылы жарық көрген Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, профессор Біләл Ысқақовтың «Сарыарқа саздары», «Тәттімбет» атты еңбегін атап өткенді жөн көрдік. Бұған дейін Тәттімбеттің 25 қана күйлері белгілі болса аталған шығармада оның 47 күйі және көптеген ізбасарларының мұралары нотаға түсірілген – айтулы үлкен еңбек.

Айта кетер бір жәй осы оқу құралы есебінде пайдалануға ұсынылып отырған жинақтың жазылуына бастама беріп, дайындығын ұйымдастырып, баспадан шығарған Керней руынан шыққан Жарылғап батырдың ұрпағы әйгілі меценат, ұлттық мәдениеттің шынайы жанашыры Амангелді Ермегияев.

Қарқаралы қаласындағы Мәдидің ескерткішін жасатып, орнатуға мұрындық болған да осы азамат. Осындай жанашырлардың қатары көбейе берсе нұр үстіне нұр.

Өкінішке орай, барды-жоқты құрастырып, біреудің еңбегін пайдаланып, өзінікі есебінде санайтын жалған «ізденушілер де» кездеседі екен. Мысалы, 2006 жылы Новосібір қаласында «Аманат, немесе Арғын Қаракесек шежіресі» атты кітап басылып шыққан. Автор мұралары мен деректерін жинастырып, өңдеген журналистің мойындауы бойынша бұл еңбекте тарихи шындықтар бұрмаланып, қате пікірлер берілген, кітәптің ғылыми айналысқа түсуге құқығы жоқ.

Авторлар жіберілген қателерін тарихи шындыққа сай қайта қарап, жаңа басылым шығарғаны жөн болар еді.

Айтпауға болмайтын тағы бір жайт – «Қазақ батырлары» газетінде жарияланған менің шежіремді (кітап шығарушылардың біріне өзім апарып берген едім) көшіріп алып, авторлар менің еңбегім екенін жасырмақ ниетпен айналадағы есімдерді алып тастап, пайдаланылған еңбектердің тізімінде бұл газетке сілтеме жасамаған.

Осы жайттарды айтып авторлармен бірнеше рет хабарласқаннан кейін, қателерін мойындаған хаттар алдым.

Соңғы хат (5 қаңтар 2008 ж.) төмендегідей аяқталған:

«...Мен жіберген қателерім үшін сіздің алдыңызда үш қайтара басымды иіп тұрып, кешірім сұраймын.

Құдай куә, мен оны қасақана әдейі істеген жоқпын.

Құрметпен...»



## Өзім жайында бірер сөз

Мен Ресейдің Новосібір қаласында 1935 жылдың қаңтар айының 10 жұлдызында дүниеге келіпін, әке-шешемнің он алты нәрестесінің бірімін.

Өкінішке орай, солардың біреуін ғана – апам Рәшті көрдім. Ал бір апайым 1931 жылы Семейге тұрмысқа шығып, Зайсан жаққа кетіпті. Одан хат-хабар жоқ.

1939 жылы заман түзеле бастағаннан соң біздер Аягөз қаласына қоныстаныппыз да, мен 1942 жылы № 8-қазақ орта мектебіне оқуға барыппын.

Сонымен осы күнге дейін отбасында, туған-туыс, жолдас-жора, замандастардың арасында өзімнің еліме, халқыма еңбек етіп, бақытты өмір сүрудемін деп ойлаймын.

Әсіресе, 2005 жылы жасым 70-ке толғанда бақытты екенімді сезіндім. Балаларым, туған-туыс, дос-жолдастарымның, замандастарымның басын қосып, менің мерей тойымды атап өтті. Тойдағы құттықтаулар бір бөлек, тіпті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор – жазушы Әбілфайыз Ыдырысовтың «Алматы ақшамында», белгілі журналист Мұрат Әміреновтың Шығыс Қазақстанның бас газеті «Дида-да», республикаға еңбегі сіңген металлург Л.В. Слободкиннің «Вестник Казцинка», т.б. газеттерінде менің өмір жолыма арналған көлемді мақалалары жарық көрді.

Осы құттықтаулар жүректі тебіrentіп, көңілді толқытып, бойға күш-қуат бергендей болды. Соның бірін – Мұраттың «Өндірісте шыңдалған тұлға» атты мақаласының қысқаша мәтінін бергенді жөн көрдік.

"Өткен ғасырдың сонау алпысыншы жылдарының аяғы мен жетпісінші жылдардың басында Өскеменнің зиялы жұртының арасында Жолдасбек Смаиловтың есімі аса құрметпен аталатын. Біз оны Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының әйгілі цех бастығы ретінде ғана емес, адамгершілігі зор, жүрген жерінде

айналасына шуақ шашып жүретін зиялы азамат тұрғысынан да танып, білген едік. Ол кездері редакциямен инженер Смаилов сияқты жылы қарым-қатынас жасап тұратын өндірісшілер тым аз еді. Бұған оның ғылыми жұмыспен айналысып жүруі де себеп болған шығар деймін. Әйтеуір, Жолдасбек ағамыз журналистерге үйір болатын. Жетпісінші жылдардың басында "Коммунизм туы" (қазіргі "Дидар") газетінде:

Металл бітіп қалды ма,  
Үнсіз қалдың Жолдасбек.  
Тарихты жай алдыма,  
Сұраймын "кел, қолдас" деп

деген достық әзіл де жарияланғаны есімізде. Шамасы, сол бір тұста бір жағы өндірістің қат-қабат шаруасы, екінші жағынан жазып жүрген кандидаттық диссертациясы мұрша бермегендіктен редакциядағы журналистер қауымымен жүздеспей кеткендіктен туған әзіл болар бұл деп ойлаймын.

Бар-жоғы жиырма жеті жасында он мыңдаған жұмысшысы бар алып комбинаттың кәсіподағын басқарған жігіттен зор үміт күту заңды еді. Қазақтың тау-кен институтын бітіріп, 1957 жылы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына жолдамамен келген жас маман еңбектегі алғашқы қадамын агломерация цехының қатардағы жұмысшысы болудан бастағанды. Кейін келе комбинаттағы осы үлкен басшылардың қатарынан шығады деп жорамал айтушылар да болған. Бірақ Жолдасбек ағаның жолы Алматыға тартып тұрғанын кім білген. Комбинаттың ыстық-суығын он жеті жыл көріп, түсті металлургияның білгірі атанған цех бастығы 1974 жылы Қазақ ССР-і Түсті металлургия министрлігіне жауапты қызметке шақырылды.

1952 жылы Аягөз қаласындағы қазақ орта мектебін күміс медальға бітірген Жолдасбектің алдында сан тарау жол жатқан болатын. Ол болашағын инженерлік қызметпен байланыстыру-

ды жөн санаған-ды. Оның есімі дүйім жұртқа, оның ішінде түсті металлургияның жілік майын шағып жеген мамандарға Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында жүрген кезінде-ақ танылған болатын. Осында жүргенде рационализаторлық іспен белсенді айналысты, соның нәтижесінде жиырмаға жуық авторлық куәлікке ие болды. Сол кезде облыстық газеттер "Комбинаттың қорғасынды тазалау цехының бастығы инженер Жолдасбек Смаиловтың рационализаторлық ұсыныстары екі миллион сомның экономикалық тиімділігін әкелді" деп жамырай жазысты. Ол кезде бұл дегеніңіз зор сома болатын. Оған осы табыстары үшін "Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген рационализаторы" деген құрметті атақ берілді.

Жолдасбек аға осындай ұлан-ғайыр жұмыстың ортасында жүріп, техника ғылымдарының кандидаты атағын қорғай білді. Оның елуге тарта ғылыми және отызға жуық ғылыми-көпшілік еңбектері жарияланды. Оның бәрін тізіп шықса, бірнеше парақ болар еді.

Жолдекең жалынды жастық дәуренінде қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысты. Жас инженердің 1962 жылы Хельсинкиде өткен студенттер мен жастардың Бүкіл дүниежүзілік VIII фестиваліне Кеңес делегациясының құрамында қатысуы осының бір дәлелі болса керек. Сөз орайы келіп тұрған соң айта кету ләзім, бұл ұлы дүбір жиынға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің да қатысқаны белгілі. Кейін Жолдасбек Смаилов коммунистік еңбек екіпінділерінің Бүкілодақтық II слетіне, ВЦСПС деп аталатын құдіретті ұйымның XIII съезіне де делегат болып қатысты.

Инженер Ж. Смаилов құрметтен де кенде емес. Екі мәрте "Құрмет белгісі" орденімен, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бүгінде жетпістің желкенін көтеріп отырған зейнеткер ағаның жеке мұрағатында біз білмейтін бұдан басқа да талай грамоталардың жатқаны аян.

Біз көбінде Жолдасбек Смаиловтың Өскемендегі еңбек жолын сөз еттік. Ал, оның Алматыға барғаннан кейінгі қызмет сатылары өз алдына бір төбе дер едік. Аталмыш министрлікке техникалық басқарма бастығы – металлургия бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. Өз ісіне аса жауапты қарайтын талапты да талантты маман 1976 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне шақырылып, ауыр өнеркәсіп бөлімінің қара және түсті металлургия секторы меңгерушісі болып тағайындалды. Бұдан кейін ол ҚСР-і Халықтық бақылау комитетінің ауыр өнеркәсіп және химия бөлімінің меңгерушісі сияқты аса жауапты қызметке ауыстырылды. Осындай үлкен биліктің тізгінін ұстаған жерлесіміз республикада ауыр индустрияның, оның ішінде қара және түсті металлургияның дамуына үлес қосты.

Ол 1991 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанымен, өзі жастайынан бауыр басқан саладан қол үзіп кетпеді. 1996 жылға дейін бес кәсіпорынды біріктірген «Қазақтүстіметалдар» концерні бас директорының орынбасары, осы аттас корпорацияның вице-президенті, ал «Қазақстан түсті металдары» корпорациясы 27 кәсіпорынды біріктіре отырып, Қазақстан түсті металдары ұлттық компаниясына айналғанда оның вице-президенті қызметін атқарды. Өкінішке орай, бұл компания 1996 жылы таратылып, кәсіпорындар шетелдік алпауыттардың жемсауына түсті.

Осындай үлкен еңбек жолынан өткен Жолдасбек Смаилов сынды азаматты онымен комбинатта бірге істеген замандастары әлі күнге шекті құрметпен еске алады. Әсіресе, ол барда арқаларын кеңге салып жүретін катардағы қаракөз металлургтер оның есімін жиі ауыздарына алып отырғандарының сан мәрте куәгері болып жүрміз. Жолдасбектің адами қасиеттері оны білетін зиялы қауым өкілдері де жиі еске алады. «Ат аунаған жерде түк қалады» дегендей, қазіргі «Казцинк» ашық акционерлік қоғамы атанып отырғаны еліміздегі алып кәсіпорында инженер Ж. Смаиловтың қолтаңбасы да бүгінгі тәуелсіз елімізге қызмет көрсетіп жатқандығында дау болмаса керек.

Смаиловтардың отбасы Өскеменде тұрғанда отағасының жан серігі Қамария Гаппарқызы Жамбыл атындағы қазақ орта мектеп-интернатында жағырапия пәнінің мұғалімі болып істеді. Қамария апайдан дәріс алған шәкірттер арасынан да талай-талай білікті мамандар шықты. Ерлі-зайыпты Смаиловтар үш бала тәрбиелеп жеткізді. Гүлнәр мен Серік әке жолын қуып, инженер-металлург атанды. Серік – техника ғылымының кандидаты, Алматы облысындағы «Адал» өнеркәсіп компаниясының бас директоры. Айгүлдері – дәрігер. Өмір жолы өнегеге толы Жолдасбек аға ұзақ жылғы еңбегінің қызығын көріп, қазіргі күні бала-шағалары мен немерелерінің ортасында байқуатты жүріп жатыр.

\* \* \*

*Бабаларымыздың білектің күшімен,  
найзаның ұшымен қорғаған  
Өр Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан  
жерімізді аялап,  
төл тарихын білу, ұлттың ұлылығын ұлықтап,  
тілі мен ділін қастерлеу әр қазақтың парызы.*

**Шалқар бағдарламасы**

Шитен	Шитен	Битен	Мөшеке
Кейкібай	Үкібай	Тонтай	Қазанғап
Баубек	Жұртыбай	Құсайын	Құттымбе
Смайыл	Әлімбек	Әкбар	Ыбырай
Бекмағанбет	Мақан	Қойшыбай	Тәжи
Жолдасбек	Қасымбек	Смағұл	Ахмади
Серік	Ибатолла	Нұрлан	Ғаббас
	Бейбітғазы	Саян	Бауыржан
	Данияр	Нұрдәулет	Халел



## Ата тарату жүйесі

Қосымша 1\*

1. 1 – аке Шаншар; 2 – баға Келдібек; 3 – немере Қазыбек

4	Шөбере	Қазымбет
5	Шөпшек	Қанай
6	Немене	Бәзіл
7	Туажат	Саржан
8	Жүрежат	Есмағанбет
9	Жекжат	Әділ
10	Жұрағат	Әлбазар
11		Шапағат
12		Бауыржан
13		Әбілжан

11. 1 – Шаншар; 2 – Бертіс; 3 – Бектемір

*У. 1 – Шаншар; 2 – Тлеуке; 3 – Шақабай*

Өтес	Байбатыр	Сыбанбай	Наурызбай	Исайын	Рымбек	Серікбек	Асқар	Әлібек	
------	----------	----------	-----------	--------	--------	----------	-------	--------	--

\* Әр азамат осы кестедегідей өз әулетін тәрката алады.

III. 1 – Шаншар; 2 – Бертіс; 3 – Қызылқұрт

Елгелді	4
Қабанбай	5
Мұрынбай	6
Тұмат	7
Иемберген	8
Жұмабай	9
Әбілғазы	10
Қалияс	11
Бауыржан	12
Жандос	13

IV. 1 – Шаншар; 2 – Тлеуке; 3 – Жарылған

Жоламан	Жоламан
Қойсоймас	Қойсоймас
Кішкіл	Шонай
Кененбай	Балықбай
Күрдебай	Тәуекел
Омар	Нүрекел
Иемберген	Ренат
Төлеген	Ирлан
Шәміл	Артем

МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ  
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ КУЛЬТУРЫ  
МИНИСТЕРСТВА  
КУЛЬТУРЫ, ИНФОРМАЦИИ И  
ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ

Committee of Culture Ministry of Culture, Information and Public accord  
480091, Алматы, Гоголь көшесі, 37  
тел: 30-63-18, факс 30-85-51

480091, Алматы, ул.Гоголя, 37  
тел: 30-63-18, факс 30-85-51

№ 05/971

2000 ж \_\_\_\_\_

«18» 04 2000 г.

Ветерану войны 1941-1945гг.  
Члену Союза журналистов  
Казахстана  
Токешеву Н.Ж.

г.Караганда -55,  
ул.Абдирова, 25, кв.317

Уважаемый Ныгметолла Жумкеевич!

Комитет культуры сообщает, что научно-редакционным советом государственного историко-культурного заповедника-музея "Азрет-Султан" было рассмотрено Ваше предложение, и на основании научных данных на мемориальной доске были произведены следующие записи:

1. № 22 Каздаусты Казыбек Келдибекулы (1667-1763)
2. № 63 Каракесек Шаншар Булбулулы (XV в.)
3. № 67 Шаншар Жарылгап Тилеукеулы (XVII-XVIII вв.).

В отношении имен Каракесек Бертис Шаншарулы и Каракесек Тилеуке Шаншарулы в настоящее время научно-редакционным советом государственного историко-культурного заповедника-музея "Азрет-Султан" проводится большая научно-исследовательская работа.

О результатах сообщим дополнительно.

Заместитель председателя

Е.ОБАЕВ

## Қолданылған еңбектердің тізімі

1. *Омаров И.О.* Арғын руларының қысқаша шежіресі. – Қарағанды: Дом печати, 1991. – 42 б.
2. *Сәрсекеев М.* Тарақты және Қаракесек шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1995. – 272 б.
3. *Әбілғазы.* Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
4. *Құдайберген Шәкәрім.* Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Қазан, 1911. – 114 б.
5. *Құдайберген Шәкәрім.* Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Орынбор: Каримов, Хусаинов и Ко. – 1911. – 72 б.
6. *Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925. – 62 с.
7. *Мәшиұр Жүсіп Көпейұлы.* Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
8. *Сәдібеков З.* Қазақ шежіресі. – Ташкент, 1994. – 142 б.
9. *Ахметбек Әріпұлы.* Атаконыс – Арқадағы-шежірелі Қарқаралы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 224 б.
10. Өкпенің Кәрімтайы, «Арғын: Мейрам шежіресі». – Павлодар, 2001 (ЭКО «ТОФ»), 312 б.
11. *Шәкенов Арапбек.* Аманат немесе Арғын Қаракесек шежіресі. – Новосибирск, 2006. – 144 б.
12. «Бес ғасыр жырлайды». – Алматы: Жазушы, 1984.
13. *Муканов М.С.* Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. Алма-Ата: «Наука». Каз ССР, 1974. – 200 с.
14. *Сыздыкова Р., Қойгелдиев М.* Қадырғали би Қосымұлы және оның жарнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.
15. *Мәшиұр Жүсіп Көпеев.* Қазақ фольклоры үлгілер. 6-том. Павлодар: ЭКО. ҒӨФ, 2005. – 396 б.
16. *Рымжанов Т.* Арғынның түп атасы ақын Қотан. – Абай. – 2002. – № 2. – 70-71 б.

17. *Шанмұрат Төкішұлы*. Арғын, арғу тайпасы туралы сақталған деректер. – Жұлдыз. – 1993. – № 3. – 194-197 б.

18. *Бөкейханов Ә.* Қарқаралы уезі қазақтарының рулық құрылымы. – Орталық Қазақстан. – 1991. – 8-маусым

19. *Қойгельдиев М.* Қаздауысты Қазыбек бидің екі хаты // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 1 янв.

20. *Қуанышбаев Қ.* Шаншарлар. – Алматы, 1962. – 100 б.

21. *Насенов Б.* Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. – Новосибирск, 2002. – 756 б.

22. *Молдабек Жанболатұлы.* Тобықты – Шыңғыстау шежіресі. 2 том. – 2004.

23. Шешендік сөздер / Құраст. Адамбаев Б. – Алматы, 1990. – 165 бет

Билер сөзі / Құраст. Кәкішев Т. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.



## М А З М Ұ Н Ы

1. Алғы сөз .....	4
-------------------	---

### *Бірінші тарау*

2. Ізденіс .....	7
3. Шежіре жайында .....	13
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан .....	14
а) Қазақ шежіресі .....	14
5. Арғын тайпасы жайында .....	20
а) Орта жүз тарихы .....	21
в) Мейрам Тарауы .....	25
6. Қаракесек .....	28
7. Шаншар (абыз) әулеті .....	37
8. Түркістанда жерленген қазақ халқының ұлы тұлғаларының тізімі .....	41
9. Бірінші тарауға қорытынды ретінде .....	45

### *Екінші тарау (Шаншар абыз әулетінің шежіресінің кестелік мәтіні)*

1. Шежіренің кестемен берілген мәтініне түсініктеме .....	50
2. Қаракесек Шаншар шыққан әулет .....	51
3. Қызданбике әулеті – Алысай Шаншарұлы .....	52
4. Айбике әулеті .....	52
а) Жәнібек Шаншарұлы .....	53
б) Келдібек Шаншарұлы .....	54
Қазыбек Келдібекұлы .....	54
Қазымбет Қазыбекұлы .....	54
Бекболат Қазыбекұлы .....	68
Сырымбет пен Базаркелді Қазыбек ұлдары .....	74
Сәдібек Келдібекұлы .....	75
Асан Келдібекұлы .....	80
Үсен Келдібекұлы .....	85
Бөдене Келдібекұлы .....	87
Балапан Келдібек .....	88
в) Тыныбек Шаншарұлы .....	89
г) Әсірбек Шаншарұлы .....	91

### *Нұрбике әулеті*

1. Тұрлыбек Шаншарұлы .....	92
2. Бертіс Шаншарұлы .....	97
а) Өмірзақ Бертісұлы .....	97

б) Қоқан Бертисұлы .....	99
в) Еспенбет Бертисұлы .....	101
- Жарқынбай Еспенбетұлы .....	101
- Байбура Еспенбетұлы .....	103
- Байжігіт Еспенбетұлы .....	107
г) Бектемір Бертисұлы .....	109
- Мөшеке Бектемірұлы .....	109
- Бая Бектемірұлы .....	156
- Дәулет Бектемірұлы .....	159
- Битен Бектемірұлы .....	169
- Шитен Бектемірұлы .....	183
д) Қызылғұрт Бертисұлы .....	203
- Елгелді Қызылғұртұлы .....	203
- Сенкібай Қызылғұртұлы .....	210
- Ақкісі Қызылғұртұлы .....	218
- Жанкісі Қызылғұртұлы .....	220
е) Әуез Бертисұлы .....	221
- Қосағұл Әуезұлы .....	221
- Тілеміс Әуезұлы .....	221
- Төлеген Әуезұлы .....	223
- Жанкүшік Әуезұлы .....	228
3. Тілеубек Шаншарұлы .....	239
а) Ерне Тілеубекұлы .....	239
б) Жарылғап Тілеубекұлы .....	244
- Жоламан Жарылғапұлы .....	244
- Тастемір Жарылғапұлы .....	286
- Атыбай Жарылғапұлы .....	287
в) Шақабай Тілеубекұлы .....	296
- Бөген Шақабайұлы .....	296
- Өтес Шақабайұлы .....	299
- Телеу Шақабайұлы .....	301

### *Үшінші тарау*

Оқырманның есіне .....	304
Арғын абыз .....	305
Қаракесек әулетінің Шаншары .....	307
Қарқабат анамыз жайында .....	311
Шаншар әулеті .....	312
Қызданбике ұрпағы – Алысай .....	314
Шаншардың Айбикесінен өрбіген ұрпақ .....	314

Жәнібек Шаншарұлы .....	314
Келдібек Шаншарұлы .....	314
Қаздауысты Қазыбек – қазқтың ұлы биі .....	318
- Қазымбет Қазыбекұлы .....	326
- Бекболат Қазыбекұлы .....	329
- Сырымбет Қазыбекұлы .....	336
- Базаргелді Қазыбекұлы .....	336
- Маңқан Қазыбек қызының әкесін жоқтауы .....	337
Сәдібек Келдібекұлы .....	344
Асан Келдібекұлы .....	345
Үсен Келдібекұлы .....	345
Тыныбек Шаншарұлы .....	346
Әсірбек Шаншарұлы .....	347
Шаншардың Нұрбикеден өрбіген бұтағы .....	347
Тұрлыбек Шаншарұлы .....	349
Бертіс Шаншарұлы .....	350
Өмірзақ Бертісұлы .....	352
Қокан Бертісұлы .....	352
Еспенбет Бертісұлы .....	353
Бертістің соңғы әйелінен өрбіген ұрпақтары .....	355
Бектемір Бертісұлы .....	355
- Мөшеке Бектемірұлы .....	355
- Бая Бектемірұлы .....	365
- Дәулет Бектемірұлы .....	366
- Битен Бектемірұлы .....	368
- Шитен Бектемірұлы .....	372
Қызылғұрт Бертісұлы .....	380
- Елгелді .....	380
- Сенкібай .....	382
- Ақкісі .....	384
- Жанкісі .....	385
Әуез Бертісұлы .....	385
- Қосағұл .....	385
- Тілеміс .....	385
- Төлеген .....	386
- Жанкүшік .....	387
Тілеубек Шаншарұлы .....	390
а) Ерне Тілеубекұлы .....	390
б) Жарылғап Тілеубекұлы .....	391
Жоламан Жарылғапұлы .....	391
Тастемір Жарылғапұлы .....	401

Атыбай Жарылғапұлы .....	401
в) Шақабай Тілеубекұлы .....	402
Бөген Шақабайұлы .....	403
Өтес Шақабайұлы .....	403
Телеу Шақабайұлы .....	404
Түйін .....	405
Өзім туралы бірер сөз .....	409
Қосымша 1 .....	414
Қосымша 2 .....	416
Қолданылған еңбектердің тізімі .....	417
Мазмұны .....	419

Қаламгермен пікір алысқысы келген оқырман  
төмендегі телефондар арқылы хабарласа алады:  
8 72 727 21959, 8-701-737-16-53, 8-701-775-33-19.

**Жолдасбек Смаилов**

**ҚАРАКЕСЕК ШАНШАР АБЫЗ ӘУЛЕТІ**

Редакторы *Ж. Кенебай*

Корректоры *Ж. Рысбекова*

Компьютерде беттеген *Л. Садықова*

Басуға 08.04.2008 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ .

Көлемі 26,5 баспа табақ. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 27.

ЖШС «Жедел басу баспаханасы»,

050053, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

**Бұл басылым Қазақстан Республикасының  
авторлық құқық жайындағы заңымен қорғалады.  
Кітапты толығымен немесе кейбір бөлшектерін қайталап  
басу тек қана қаламгердің жазбаша берген рұқсаты арқылы  
ғана іске асады. Осы заңды бұзуға жасаған әрбір әрекет  
сот арқылы қудаланады.**



Кітаптағы біз байқаған кемшіліктер:

1. 71 бет (23 кесте) – «Бипау Алшынбайұлы», – деп оқылады.
2. 26 кесте мен 336 беттегі жоғарыдан төртінші абзац төмендегідей оқылуы тиіс: «Омар Бұзауұлынан Тақан, Қабсамет. Такыр. Таканнан Іриян, Ғалы, Мальгаждар. Ірияннан...»
3. 109 бет (67 кесте) – Жоғарғы нұсқаушы стрелка (↓) оқылмасын.
4. 202 бет (168 кесте) – Олжабай Омаштың баласы. Қожахметтен Сыйырбай, Қыйырбай.
5. 233 бет (201 кесте) – «Екінші әйелінен», – деп оқылу керек.







